

М. Шевченка

29.11.2018  
Post-Subrenibonus  
C. King

**ҚАЗАҚТЫҢ  
МЕМЛЕКЕТТІК  
КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ  
БАСПАСЫ  
АЛМАТЫ 1961**

# Т. Г. ШЕБЧЕНКО

ИЗБРАННЫЕ ПРОИЗВЕДЕНИЯ

ИЗДАНИЕ ТРЕТЬЕ  
ИСПРАВЛЕННОЕ  
И ДОПОЛНЕННОЕ

# Т.Г. ШЕВЧЕНКО

ТАҢДАМАЛЫ ШЫҒАРМАЛАР

ТОЛЫҚТЫРЫЛЫП,  
ЖӨНДЕЛІП  
ҮШІНШІ БАСЫЛУЫ

С (Укр)  
Ш 39

Кітапқа «Катерина», «Терек», «Гайдамактар», «Ярема мен Оксана», «Түс», «Батырақ қыз», «Қавказ», «Княжна», «Петрус» поэмалары мен әлеуметтік маңызы күшті таңдаулы лирикалары енді. Бұл кітаптың толықтырылып қазақ тілінде үшінші рет басылуы.



## ТАРАС ГРИГОРЬЕВИЧ ШЕВЧЕНКО

Революцияшыл демократтардың органы «Современник» журналы 1861 жылдың март айындағы номерінде Шевченконың қайтыс болғаны жөнінде берген өзінің некрологінде ұлы Кобзарьды «данышпан ақындық талант», «азаттық жыршысы» деп атады.

Революцияшыл демократтар өздерінің украин әдебиеті туралы жазған мақалаларында Т. Шевченконың дүниежүзі әдебиеті тарихында алатын орнын ақынның көзі тірісінде-ақ атап көрсетті. Мысалы, Добролюбов Т. Шевченко туралы рецензияларының бірінде: «Ол нағыз халық ақыны, мұндай ақынды біз өзімізден таба алмаймыз»,— деп жазды.

А. М. Горький революциядан бұрынғы жылдарда-ақ ұлы Кобзарь творчествосының жалынды насихатшысы болды. Өзінің әдебиет тарихы туралы лекцияларында Т. Шевченко творчествосының халықтығын ылғи атап, кейінірек жазған мақалаларының көбісінде оны дүниежүзі әдебиеті көрнекті өкілдерінің қатарына қойды. Бұның үлкен себебі бар.

XVIII ғасырдың аяғында XIX ғасырдың басында қалыптаса бастаған жаңа украин әдебиетінің тарихында халық өмірін өз творчествосының негізгі арқауы етіп, оның ұлылығын, құдірет-қасиетін, сарқылмас күшін Т. Шевченкодай жырлаған бір де бір ақын, я бір де бір жазушы болған емес. Тіл қалыптаспай әдебиеттің реализм жолына түсуі мүмкін емес дейтін болсақ, сол әдеби тілдің негізін қалап қалыптастырған, сөйтіп украин ұлт әдебиетін дамудың жаңа арнасына түсірген де — осы Т. Шевченко. Ұлы Кобзарьдың данышпандығы, дүниежүзі әдебиеті тарихында алатын көрнекті орны, міне, осында жатыр.

\* \* \*

Тарас Григорьевич Шевченко 1814 жылдың 10 мартында Киев губерниясына қарасты Звенигород уезіндегі Моринцы селосында тұратын крепостной шаруаның семьясында туды.

Кішкентайынан ата-анасынан айрылып жетім қалған Шевченко крепостнойлық құрылыстың бар уын татып, бар зардабын шекті. Ауыр азап қыспағында жүрсе де, Шевченко жастайынан сурет салумен әуестене бастайды. Туған жердің тамаша табиғаты, ғажап украин әндері, қараса көз тоймайтын украин ою-өрнектері болашақ суретші және ақынның жас кезінен сезімін әлдилеп, талантын үлкен нысанаға мегзеді.



Шевченко он бес жасқа келгенде П. Энгельгардт деген жас помещиктің қызметшілігіне алынып, 1829 жылы қожасымен бірге Вильно қаласына келеді. Келесі жылы болашақ ақын өзінің тұңғыш тырнақалдысы «Әйелдің басы» атты суретін салады.

1830 жылы Польшада революциялық қозғалыс бұрқ етіп, зәресі ұшқан П. Энгельгардт асығыс Петербургке жүріп кетеді. 1831 жылы солтүстіктегі астанаға Т. Шевченко да келеді. Сөйтіп, жас суретшінің өмірінде жаңа кезең басталады. Астанада оның дүниеге көзқарасы орнығып, қоғамдық-саяси пікірлері қалыптаса бастайды. Осы кездері оның ақындық, суретшілік таланты да бар бедер, көрік-қасиетімен көрінеді.

Петербургте Т. Шевченко өзінің жерлесі суретші И. Сошенкомен танысып, сол арқылы астананың белгілі суретшілері мен жазушылары — К. Брюллов, А. Венецианов, В. Жуковский, Е. Грибенко т. б. жақындасады. Осы суретшілер мен жазушылар жас талантты құлдықтан азат ету жолын қарастырып, оның қамына кірісті. 1838 жылы Брюллов салған Жуковский суретін сатудан түскен 2500 сом ақша помещикке төленін, Шевченконың басы біржолата азат етіледі. Құлдық тамұғында тұншыққан Т. Шевченконы К. Брюллов Сурет Академиясына оқуға орналастырды, оның суретшілік талантының шешек атуына барлық жағдай жасады. Сондықтан Шевченко академиялық живописьтің тараң шеңберінде қатып қалмай, жастайынан өзі көрген халық өмірінен нәр ала отырып, еңбекші бұқара өкілдерінің тұрмыс-күйін бейнелейтін суреттерін салады. Олар Т. Шевченконы көруші қауым алдында үлкен талант иесі екенін, сондай-ақ нағыз халық суретшісі екенін бірден аңғартты. Тарастың акварельдері «академиялық әдістің» рухынан алшақ жатса да, 1839—1841 жылдары академияның басшылары бұл суреттердегі шәксіз шеберлікті еріксіз мойындап, жас суретшіні үш рет күміс медальмен наградтады.

Т. Г. Шевченко ақын ретінде көп кейін қалыптасты. Оның бізге жеткен бірінші шығармасы — «Батырақ қыз» (А. Тоқмағамбетов)<sup>1</sup> атты романтикалық сарында жазылған балладасы 1837 жылы дүниеге келді.

Шевченконың барлық өмірі мен творчествосы екі бірдей қанаудың астында зар илеген украин халқының ащы тағдырымен тығыз байланысты. Ол өзіне дейінгі Котляревский, Квитко — Основьяненко, Гребенко, П. Гулак-Артемовский сияқты украин жазушыларының шығармаларымен жақсы таныс болды. Бірақ, Т. Шевченко өзінің алғашқы өлеңдерінде-ақ украин әдебиетінде жаңа арнаның сағасын бастаған данышпан ақын ретінде көрінді. Петербургте өткізген жылдарда Т. Шевченко орыстың Пушкин, Лермонтов, Гоголь, Грибоедов сияқты ұлы ақын-жазушыларының тамаша реалистік шығармаларымен терең танысып, олардың бай творчестволық тәжірибелерін өз шығармаларында кеңінен пайдаланады. Жас ақын алдыңғы қатарлы орыс әдебиетінің халықтық, реалистік, гуманистік дәстүрлерін өз жүрегіне тікелей жол тапқаны үшін қалтқысыз қабылдап, оларды творчестволық өнеріне негізгі арқау ете бастайды.

Ертеректегі романтикалық балладаларында («Бүлінген қыз», «Раина», «Суға кеткен қыз») ақын қарапайым халық өкілдерінің зар-мұңын, қайғылы халін шерде-шеменін баяндайды. Бұл баллада-

---

<sup>1</sup> Бұдан былай жақшаның ішінде аудармашының атын көрсетіп отырамыз — Қ. Н.

лардың басты кейіпкерлері – жетім, қорғансыз, таянар таянышы, сүйенер сүйеніші жоқ басы байлы шаруа қыздары. Бұлардың бәрі қатал тағдыр құрбандары, күресуге дәрмені жоқ, қарсылық етуге қыры жоқ, көзінен сорасы аққан болбыр жандар.

Бұл жылдары Т. Шевченко қаламынан реалистік шығармалар да туа бастайды. Жаңағы әлсіз жандардың орнына өзінің бостандығы үшін басын құрбан етуге даяр табанды тұлғалар келеді. Ақын 1838 жылы «Катерина» (Ә. Тәжібаев) поэмасын жазып, онысын өзін құлдықтан азат етуде белсене атсалысқан ақын Жуковскийге арнайды. Поэмада Шевченко офицердің алдауына түсіп қалып, трагедиялық халге душар болған қарапайым шаруа қызы Катеринаның үкіге түсіп қаза болуын үлкен азамен бейнелейді. Жазықсыз жанның бұл қазасы көкірегі көр, жүрегі метін құл иелеріне деген қарсылықтың тұншыға тұтанған көрінісі тәрізді.

1842 жылы ақын орыс тілінде өзінің «Соқыр қыз» атты поэмасын жазып бітіреді. Алдыңғы шығармадан бұл поэманың айырмашылығы — мұнда үстем тапқа деген наразылық, оның озбыр-ожарлығына деген қарсылық өте айқын көрсетілген. Поэманың героинясы Оксана өзін маскара еткен панның сарайын өртеп, лаулаған жалынның ортасында, қолында гайдамақ семсерін жалаңдатып өз дұшпанын күтіп тұрады. Біз бұл мотивті ақынның қазақ жерінде сүргінде жүріп жазған атақты «Марина» (1848 ж.) поэмасынан да кездестіреміз.

Бұл жылдары ақынның творчествосында батырлық тақырыбы да көрініс тапты. Мәселен «Иван Подкова» (1839), «Гамалия» (1842) атты тамаша дастандарында ақын запорождықтардың сұлтандық Түркияға қарсы қаһармандық күресін үлкен шабытпен жырласа, «Тарас түні» (1839 ж.) поэмасында украин казактарының XVI ғасырдың аяғы мен XVII ғасырдың бірінші жартысындағы поляк шляхтыларымен жүргізген кескілескен шайқастарын баяндайды. Шевченконың тарихи тақырыптарға арналған туындылары романтикалық лепке, революциялық пафосқа толы. Ақын халықтың бостандық үшін күресін тебірене жырлай отырып, самодержавие мен помещиктердің тепкісі астында азап шеккен туған елінің қазіргі мүшкіл өмірін де көрсетеді. Өткен күнге көз жіберіп, ол халықты азаттық үшін күреске шақырды, оның ұлттық сана-сезімінің оянуына көмектесті.

Ақынның әдепкі өлеңдері мен поэмалары «Кобзарь» деген атпен 1840 жылы Петербургте украин тілінде басылып шықты. Орыстың алдыңғы қатарлы адамдары «Кобзарьды» жоғары бағалады.

Осылардан кейін Шевченко өзінің күрделі туындысы «Гайдамактар» (С. Мұқанов) атты поэмасын жазды. Ол 1841 жылы Петербургте жеке кітап болып басылып шықты. Бұл поэмада ақын Польша пандарының қанаушылығында күн кешкен Днепрдің оң жақ жағалауындағы Украин шаруаларының 1768 жылғы көтерілісін көрсетеді. Қертартпа тарихшылар сан рет бұрмалап келген бұл бұқаралық көтерілісті ақын нағыз халықтық қозғалыс сипатында бейнелейді, оны басқарған халық ұлдарын украин елінің мақтаныш тұтар батырлары ретінде көрсетеді.

«Гайдамактар» дастанында реализм мен революциялық романтизмнің элементтері жұбын жазбай қатарласа, жарыса дамып отырады. Украин халқының поляк пандарына қарсы тарихи күресін көрсеткен Шевченко сонымен бірге тарихи оқиғаларды ұлтшылдық тұрғыдан көрсеткісі келгендерге де қарсы шығып, поэмасының сонында барлық славян халықтарын біріктіру керек деген ұран тастады.

Орыстың революцияшыл демократтары «Гайдамактар» поэмасын өте жоғары бағалап, сүйсінгендік сезімдерін қалтқысыз білдірді (Добролюбов және басқалар). Ал «Современник» журналы 1860 жылы поэманы түгелдей орыс оқушыларына ұсынды.

Бұл жылдары Т. Шевченко орыс тілінде де шығармалар жазды. Солардың бірі — 1842 жылы жеке басылып шыққан «Никита Гайдай» драмасының үзіндісі. Оқиға Украинаның белгілі мемлекет қайраткері және қолбасшысы Богдан Хмельницкийдің дәуірінде өтеді. Гетманның сенімді адамы Никита Гайдай оның құпия хатын алып поляк короліне аттанады. Жалынды патриот іштей поляк шляхтыларын иттің етінен жек көреді. Бірақ ол еңбекші поляк халқына жау емес. Осы бір образ арқылы ақын бұл жерде де славян халықтарының бірігуі керек деген идеяны айқын білдіреді.

1843 жылы Шевченко орыс тілінде «Назар Стодоля» атты пьесаның алғашқы вариантын жазып бітіреді. Драманың оқиғасы XVII ғасырда өтеді. Пьесада белгілі тарихи оқиғалардың ізі және тарихи тұлғалар болмаса да, дәуір әлпеті, Богдан Хмельницкийдің поляк шляхтыларын жеңгеннен кейінгі украинадағы қоғамдық қайшылықтардың шиеленісе түсуі шынайы бейнеленген. Қызы Галяны кәріде болса бай полковникке бермекші болған арқа-басы кең жүзбасы Хома Кишатый мен сопа басты хорунжий Назар Стодоля арасындағы тартыстың үлкен әлеуметтік, қоғамдық мәні бар.

«Назар Стодоля» драмасы Шевченко өлгеннен кейін ғана жарық көрді. 1877 жылы пьеса Москвадағы Кіші Театр сахнасына қойылды. Қазір «Назар Стодоля» украин және орыс театрларының репертуарларынан тұрақты орын алып отыр. Бұл драма қазақ тілінде де аударылып, бірқатар облыстық театрлардың сахналарында қойылды.

Шевченко өз творчествосының алғашқы кезеңінде халықтың мұң-мұқтажын, талап-тілегін, аңсағаны мен күткенін топшылағанмен, таптық қоғамда бітіспес күштер күресінің күрделі де қиын екенін жан-жақты түсінуден әлі де болса аулақ болатын. Бұл кезде ақынның көркем творчествосында тек реалистік принцип қалыптаса бастаған еді.

\* \* \*

Шевченконың революцияшыл демократтық көзқарастары 1843—1847 жылдар арасында негізінен қалыптасып бітеді.

1843 жылдың көктемінде Шевченко Украинаға келіп, Киев, Полтава және Чернигов губернияларының көп жерін аралайды. Осы сапарында ақын крепостной шаруалардың адам айтқысыз ауыр тұрмысын өз көзімен көріп, солтүстіктегі астанаға біржолата түңіліп, салысы суға кетіп қайтты.

Өзінің орыс достарының арқасында Т. Шевченко бұл кездері Радищев пен декабристердің идеяларымен таныса бастайды. Украинада болған кезде ақын белгілі орыс жазушысы В. Капнистің баласы декабрист А. В. Капниспен жақындасады. Соңғысы Тарасты көрнекті декабрист Сергей Волконскийдің ағасы князь Н. Репнинмен таныстырады. Князь Н. Репнин Сибирьге сүргінге жіберілген Волконский мен кейінірек өзінің атақты «Декабристкалар» дастанында А. Некрасов жырлаған әйеліне көмек көрсетіп, олардың артында қалған жалғыз ұлын өз қолында тәрбиелейтін. Осы араласудың нәтижесінде Т. Шевченко дворян революционерлерінің идеяларымен терең танысып, декабрист ақындардың творчествосын құныға оқи

бастайды. Осы жылдарда жазған бірқатар шығармаларында ақын Россиядағы революционерлердің алғашқы буынының ауыр тағдырына күрсіне қынжылады. 1843 жылы ол Украинада жүріп орыс тілінде «Талансыз» (жеке басылуында «Ас» деп аталған) деген поэма жазып бітіреді. Бұнда бас кейіпкердің көп сөздері декабристерге арналған. Ал келесі жылы жазылған «Түс» (Т. Жароков) атты поэмасында ақын Сибирь меніреуіне сүргінге айдалған декабристің образын жасайды.

Россиядағы азаттық қозғалысының былайғы дамуында декабристердің ролі туралы айта келіп, В. И. Ленин: «Декабристер Герценді оятты»,— деп жазған болатын. Декабристер оятқан алдыңғы қатарлы адамдардың қатарына Т. Шевченконы да жатқызуға болады. Белинский мен Герценнің «Отечественные записки» журналына бастырып тұрған мақалалары да ұлы Кобзарь үшін ізсіз кеткен жоқ. Шевченко бұл жылдары кейінірек Петрашевский кружогі айналасына топталған революцияшыл жастармен де жақын болған.

Ақынның революциялық көзқарасының қалыптасуына ұлы орыс әдебиеті де өзінің игі әсерін тигізді.

Т. Шевченко шетел әдебиеттерін де жақсы білген. Гомердің, Овидийдің, Дантенің, Шекспирдің, Гетенің, Диккенстің, Бернстың, Беранженің, Барнъенің шығармаларын беріле оқып, олардың алдында бас иген. Славян жұртының ақын-жазушыларынан Т. Г. Шевченко ұлы Адам Мецкевичті өте жоғары бағалаған, оның күдіретті поэзиясын әркез бас алмай оқып жүрген.

Егер Шевченконың алғашқы өлең, поэмаларының барлығы дерлік баспасөз бетінде жарияланған болса, 1843—1847 жылдар арасында жазылған шығармаларын баспаға ұсынудың өзі қауіпті еді, өйткені олар крепостнойлық правоға өшпенділік пен революциялық пафосқа толы болатын. Мәселен, Украина сапарынан қайтып оралып Петербургте жазған «Түс» (1844 ж.) атты поэмасында Т. Шевченко болмыстың кейбір сұрықсыз құбылысын емес, бүкіл самодержавиелік құрылыстың құлауға аз-ақ қалған негізін өлтіре сынады. Бұның бәрін ақын түс арқылы береді. Бұл ретте біз ақынның өзінің революциялық ойларын еркінірек айтуға мол мүмкіндік беретін әдісті шебер тауып, оны тапқырлықпен пайдаланғанын айқын көреміз. Ақын поэманың бірінші көрінісінде Украинаны, оның көздің жауын алған әсем табиғатын тамылжыта суреттеп келеді де, кенет осы жайбарақаттықты бұзып, бұл мекеннің халық үшін ұжмақ емес, тозақ болғанын төге-төге айтады. Шаруалардың адам төзгісіз мүшкіл тұрмысын, олардың тілсіз құлға айналғанын көрсете келіп, Шевченко: «Жер бетінде баскесер-қаныпезерлер қашанғы үстемдік құра береді» — деп сұрау қояды. Осы сұрақпен ақын дәстүр бойынша құдайға мінажат етеді. Бұл да өзінің революциялық ойларын астарлап айтуының бір амалы ғана. Өйткені ол мұндай мәселені революциялық күш шешетінін өте жақсы білді.

Шевченконың өлеңдерінен тап күресінің исі аңқып тұрды, шаруалардың құлдыққа қарсы күрес жалыны лаулады. Халықты азат ету үшін революция керек деп түйді ойын ақын осы поэмасында. Сондықтан да поэманың екінші картинасында Сибирьдің шыңырауында күніреніп жатқан азаттық ардагерлерін көрсетеді. Автор олардың есімдерін атамаса да, біз әңгіменің декабристер жөнінде болып отырғанын жақсы сеземіз.

Поэманың үшінші бөлімінде Т. Шевченко самодержавиелік Петербургті көрсетіп, онда патшаның өзінен бастап, халықты тілсіз

малға, нұхұқсыз құлға айналдырған аристократтарды аяусыз әшке-релейді.

Шевченко «Түсте» Петербургте қызмет етіп жүрген, туған хал-қын патша қалтасындағы ақшаның жалған сылдырына сатқан өзі-нің «жерлестерін» де өлтіре сынады.

«Түс» поэмасынан кейін ақынды қадағалау, оның басқан ізін аңду бұрынғыдан да бетер күшейді. Бұл поэма ақын абақтыға алы-нып, жауапқа тартылғанда негізгі айыптау документтерінің бірі бол-ды. Жалпыроссиялық азаттық қозғалысымен өте тығыз байланысты болған Т. Шевченко патшалық Россияның алыс түкпірлерін мекен-дейтін халықтардың да өмірі, тұрмысы, күн көрісі Украин еліндей мүшкіл екенін жақсы түсінді. Мұны біз интернационалист ақынның 1845 жылы жазған «Қавказ» (Т. Жароков) атты поэмасынан анық көреміз:

Түрменің өзі қаншама,  
Санап болмас халықты  
Молдавадан созылған  
Финге дейін даланы  
Қарасаң барлық тілдегі,  
Сөйлемейді, үнсіз адамы!  
Неге десең бәрі де  
Өмірге «рақаттанады».

*(Тайыр аудармасы)*

Ежелгі грек мифологиясындағы Прометейдің классикалық обра-зы арқылы Кобзарь халықтың мәңгі өлмейтінін, оның бостандық үшін күресінің жеңіспен аяқталатынын көрсетеді. «Қавказдың» жалынды жолдары ұлы суретші И. Репинді шабыттандырып, оған бұл поэма-ға иллюстрация жасатқан. «Қавказ» поэмасы алғаш рет шетелде «Пушкин және Шевченконың жаңа өлеңдері» деген атпен жасырын басылған кітапта шықты (1859).

Славян халықтарын біріктіру идеясы Т. Шевченконың алғашқы өлеңдерінен-ақ қылаң берген болатын. Ол өзінің осы бір ойын чех халқының ғалымы П. Шафарикке арнаған «Құдайдан безген» (Е. Ибраһим) немесе «Иван Гус» (1845) атты поэмасының арнауында одан әрі дамыта түседі. Ақын поэмада чех халқының патриоты XIV ғасырдың аяғы XV ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыстың дем берушісі Ян Густың ерлік істерін, жержүзілік реакцияның орда-сы Ватиканға қарсы күресін жырлайды. Инквизиция алдында тай-салып бас иеген Ян Густы Ватикан қанқұмарлары отқа жағып өлтіреді. Халық жағасынан айрылса да күресті тоқтатпай үдетіп жүргізе береді. «Құдайдан безген» поэмасы күні бүгінге дейін халық-тардың қас жауы болып отырған Ватикан арамзаларына деген айбын-ды өшпенділікке толы.

Бұл жылдары Т. Шевченко өзінің «Үкі» (1844), «Жұмысшы әйел» (1845), «Албасты» (1847) атты поэмаларында, «Лилея» және «Су перісі» (1847) деген балладаларында крепостнойлық қыспақта тұншыққан бейшара аналардың жаңа тамаша образдарын жасады. Бұл шығармалар орыстың алдыңғы қатарлы сыншылары (мысалы, Добролюбов) тарапынан өте жоғары бағаға ие болды.

Крепостнойлық құлдықты барлық жағынан сынай отырып, ақын украин буржуазияшыл ұлтшылдарын да аямай түйреді. Шевченко олардың халық алдында бет-пердесін жыртып, еңбекші бұқараға жа-

саған «пасыздықтарын әшкереледі. Украин ұлтшылдары украин ұлтының тапсыздығы», «буржуазиясыздығы» туралы өздерінің теориясымақтарын ұсынғанда, ұлы Қобзарь қоғамның екі тапқа жіктелгенін, осы екі лагерь арасындағы бітіспес антогонистік күресті айқын көрсетіп берді. Крепостнойлық құлдық патшаның еркімен жойылуға тиіс деп уағыздаған буржуазияшыл либералдардан Т. Шевченконың айырмашылығы — ол халықты көтеріліске шақырды, құлдықтан арылудың бірден бір жолы осы деп түсіндірді. Өзінің 1845 жылы ауырып жатқанда өлеңмен жазған өсиетінде ақын:

Аттаныңдар көмгесін,  
Үзіндер бұғау темірді!  
Жау қанымен суарып,  
Көгертіндер өмірді!

*(Әбділда аудармасы)*

деп жазды. Полтава оқытушысы Гладкий музыка жазған Шевченконың өсиеті украин халқының ең сүйікті әніне айналып кетті.

1846 жылы Киевте Кирилл — Мефодеев туыстығы деп аталатын жасырын саяси қоғам құрылды. Қоғамның программасы оның мүшелерінің саяси шалағайлығын, либералдығын анық көрсетті. Т. Шевченко осы қоғамға мүше боп кіріп, крепостнойлық правоны революциялық жолмен жою керек деп ұран тастап, либералдарға қарсы бітіспес күрес жүргізді.

1847 жылы патша өкіметі қоғамды талқандап, оның мүшелерін түгелдей тұтқынға алды. Сол жылдың апрелінде Т. Шевченко да абақтыға жабылды. Ақынды тіниткенде онан патша өкіметіне қарсы бағытталған көптеген революциялық өлеңдер мен атакты «Түс» поэмасының қолжазбалары табылды. Жауапта Т. Шевченко басқа либералдарға қарағанда өзін берік, тәуелсіз ұстады. Жандармдар революционер ақынды айрықша тексерді. Олар патшаға Шевченконы қоғам мүшелерінің ішіндегі ең қауіптісі деп рапорт жазды, қатардағы солдат етіп Орынбор гарнизонына жіберуді ұсынды. Билеуші жандармдардың ұсынысына келісіп, ұсыныс қағазына өз қолымен: «өте қатаң бақылау қойылсын, жазуға, сурет салуға тиым салынсын» деп түртінді соқты.

Қатал жаза революционер ақынның сағын сындыра алған жоқ. Абақтыда жатып ақын кейін «Абақтыда» деген циклге біріктірілген отызға тарта өлең жазды. Бұл өлеңдерден біз Шевченконың революциялық жолды берік ұстағанын, крепостнойлық правоға қарсы күресті тоқтатпағанын анық аңғарамыз. «Ұйқы келмейді, түн теңіздей» деген өлеңінде ақын украин және орыс солдатын әңгімелестіреді. Бұрын басыбайлы құл болған олар бір-біріне помещиктен көрген қорлықтарын айтады. Абақтыда Т. Шевченко өзінің «Үй жанында шие бағы» деген ең тамаша лирикалық өлеңін жазады.

1847 жылдың июнінде патша жандармдары Шевченконы қол-аяғын бұғаулап Орынбор қаласына алып келді. Чиновниктер ақынды бұл қалада да тұрақтатпай, көп кешікпей Орск (Жаман қала) бекінісіне әкеп тықты. Патша көрдей қараңғы қазармада ақынның сағын сындырып, өз дегеніне көндірмекші болды. Ауыр азап шегіп.

науқасқа шалдыққан Т. Шевченко патшаның қорлығына көнген жоқ, қайта оның өмір сүріп тұрған құрылысқа деген отты өшпенділігі күшейген үстіне күшейе түсті. Сүргіннің бірінші күнінен бастап-ақ ақын патша бұйрығын бұзып, өзінің жақын достарына «Түс», «Кавказ» атты крепостнойлық құрылысқа, қанаушы тапқа қарсы бағытталған поэмаларын оқиды. Орск бекінісіне келгеннен кейін царизмді, билеуші тапты, оның отаршылдық саясатын өлтіре әшкерелейтін өлеңдерін жаза бастайды. Оларды өзінің кішкене кітапшасына көшіріп, ешкімге көрсетпей етігінің қонышында сақтап жүреді (сондықтан оларды «Захалывные» — «Қоныш өлеңдері» деп атайды).

Ақынның жапан түзде жүріп жалғыз шеккен қайғы-мұңын, сағыныш-аңсауын, жігерін құм етпек болған патшаға деген ыза-кегін, жүрек кернеген өшпенділігін оның алыстағы астанада тұратын дос-жарандарына жазған хаттарынан өте айқын көреміз. Шевченконың хаттарында, босанардан аз-ақ күн бұрын бастаған күнделіктерінде, экспедиция кездерінде жүргізген жазбаларында бақытсыз, бақытсыз болса да табиғатынан талантты қазақ халқы туралы оның аңыздары мен әдет-ғұрыптары, діндік нанымдары, тұрмыс-тіршілігі жайлы материалдар өте көп кездеседі. Ақын қазақ халқының аянышты өмірі туралы өлеңдер жазып, олардың бір қатарында өзі тұрған өңірден есіткен аңыз-ертегілердің мазмұнын пайдаланды. Қазақтардың өмірінен салған суреттері өз алдына бір төбе.

Туған елінен еріксіз айрылып, сұрықсыз далаға жер аударылған ақын қазақ халқын өз халқындай жақсы көрді. Өзінің адам айтқысыз мүшкіл жағдайы, қазақтарға деген адал сезімі туралы ол Варвара Николаевна Репнинаға<sup>1</sup> Орск бекінісінен былай деп жазады: «Енді міне қырғыз (қазақ — бұдан былай осылай деп аламыз — Қ. Н.) даласында, Орск бекінісінде қатып-семіп отырмыз. Менің қазіргі түрімді көрсеңіз Сіз еріксіз түрде күлген болар едіңіз... Ал мұнда көп нәрсе маған жаңалық, қазақтар сондай әдемі, сондай байырғы және қарапайым. Қолыңа қалам алғың келеді де тұрады; мен оларды көргенде не болғанымды білмей кетемін»<sup>2</sup>.

Ақын бұл ауыр жағдайда да өзінің творчествосын тоқтатпайды, патша сараптарының паракорлығын, озбырлығын, отаршылық саясатын өлтіре әшкерелейтін отты өлеңдерін жазады. Сөйтіп, Қобзарь көңіл басқан қалың қайғыны өлеңге жеңдіріп, азап ауырлаған сайын ашына түседі.

---

<sup>1</sup> В. Н. Репнина — Саксонияның бұрынғы вице королі, кейіннен Украинаның генерал-губернаторы, князь Репниннің қызы. Ол Т. Шевченконы жанындай жақсы көрген, шын жүрегімен шексіз сүйген. Өзінің ұлы ақынға деген кіршіксіз махаббаты жөнінде автобиографиялық повесть жазған. Онда Т. Шевченко Алексей Березовский деген атпен көрсетілген. Ақын жас ару жүрегінен шыққан адал сезімді қабылдамай, оған тек достық қолын ғана ұсынған. Екеуі көп жылдар бойы хаттар жазысып тұрған. Бұл достық қатнас ақынның алыста айдауда жүрген кезінде де үзілмеген. Т. Шевченко достықты, адамгершілікті жоғары бағалап, өз дәуірінің алдыңғы қатарлы идеяларын құп алып қуаттаған В. Репнинаға арнап «Ас» деген поэма жазған.

<sup>2</sup> Т. Г. Шевченко. Собрание сочинений в пяти томах. Гослитиздат. Москва. 1956 г. Т. У. стр. 270 (Бұдан былай томы мен беті көрсетіледі.— Қ. Н.).

1848 жылдың майында Т. Шевченко капитан-лейтенант А. Бутаковтың Арал теңізінің маңын зерттеуге шыққан ғылыми экспедициясына ілесіп, сол төңіректегі қазақ ауылдарын аралайды. Ақын сол жылдың қысын экспедициямен бірге Қосараяда өткізеді. Аяқ басқан сайын бақылаудан босанған Кобзарь осы қыста творчествоға бүтіндей беріліп, өзінің көптеген тамаша өлеңдерін жазады. Бұл өлеңдер ақынның сүргінде жүргенде де революциялық жолдан екі елі таймағанын айқын аңғартады. Оларда ешбір уайымның, ешбір өкініштің ізі де, көлеңкесі де жоқ. «Алыс аймақта босқа азап шегіп жүрмін мен... Бірақ бұған ренжімеймін»,— дейді ақын «Қиялым менің қиялым...» (1847 ж.) деген өлеңінде.

Шевченко қазақ халқының мүшкіл өмірімен айдаудан бұрын да жақсы таныс болғанға ұқсайды. Оны біз ақынның 1847 жылы жазған «Тұс» атты поэмасынан аңғарамыз. Орыс патшасының тепкісі астында зар қақсаған майда халықтардың аянышты өмірін суреттей келіп, ақын: «На что уж худо за Уралом киргизам бедным»,— деп жазады.

Т. Шевченко өзінің осы тұстағы бір қатар шығармаларында қазақтардың өмірі ауыр, бірақ дарқаншылық деген пікірді айтады. Қазармада тұншыққан, әскерлік тауқыметтен қажыған ақын басы бос, өз еркімен көшіп-қонып жүрген қазақтардың тіршілігіне қызығады. Өзі емес, өлеңі де тұтқынға алынған Кобзарь өзінің аласұрған, тынымсыз шарықтаған ойына қазақтың да «бостандығындай» еркіндік берілмегеніне налиды.

Жырларым-ау, жырларым,  
Ең жақыным деп сендер!  
Сұм заманда сорладым,  
Сорлатпаңдар тек сендер.

Кең Днепр көгімен  
Көгіршін боп келіндер,  
Қасқа қазақ елімен  
Сайран құрып көріндер.

Болса да олар ылайым  
Аш-жалаңаш үнемі,  
«Бере гөр,— деп,— құдайым»,  
Еркіндікте жүреді.

*(Ізтай аудармасы)*

Досы А. О. Казаковскийге Орскіде 1847 жылы жазған өлеңінде ақын қазақтардың тіршілігіне қайтадан тағы оралады. Бұл жолы біз өлеңнен басқа сарынды естиміз:

Здесь спокон веков и донине  
От нас таился край пустынный,  
И мы нашли-таки его  
И в нем уже твердыни строим,  
А скоро и могил нароем —  
Всего наделаем, всего!..<sup>1</sup>

---

<sup>1</sup> Сонда. Том 2. 47-бет.



Бұл үзіндіде Т. Шевченко сорлы елдің ата мекенінде өз білгенін істеп жатқан патша өкіметінің отаршылдық саясатын өлтіре әшкерелейді.

Аралға бара жатқан жолында Т. Шевченко Қарабұтақ өзеніне таяу айдалада өскен жалғыз ағашты көреді де, соған әдейі бұрылады. «Әулие ағаштың» тарихымен, ол жөніндегі ел аузындағы аңыздармен танысып, сол күні ол өзінің тамаша «Жалғыз ағаш» деген суретін салады. Бұл ағашты, ол туралы есіткендерін ақын айдауда жүріп жазған «Егіз» деген повесінде де кеңінен баяндайды. Осы ағаш жәйлі ел аузынан есіткен аңызды Шевченко өзінің аты шулы «Құдайдың есігінің алдында балта жатты» (Ә. Тәжібаев) деген тамаша өлеңінде де пайдаланған. Жазуға, сурет салуға правосы жоқ ақын қазақ халқының аңызы арқылы жүрегін кернеген революциялық ойын, патша жендеттеріне деген өшпенділігін, қазақтардың болашағына деген өзінің зор сенімін білдірді.

Қазақ халқы туралы мәліметтерді, жылы сезімге толы жолдарды біз ақынның күнделіктерінен де кездестіреміз. Шевченко қазақтарды өмірі бай, табиғи таланты мол ел деп бағалайды. Күнделігінің бір жерінде ақын қазақтарды Орал төңірегін мекендейтін, жергілікті халықты туған жерінен бастырып, талан-таражға, басын дауға, малын жауға салған бай казак-орыстармен салыстырып: «не знаю, чем восхищается в уральцах этот статистико-юмористик и вдобавок враль Небольсин? Грязнее, грубее этих закоренелых раскольников я ничего не знаю. Соседи их, степные дикари киргизы, тысячу раз общепитательнее этих прямых потомков Стеньки Разина. А помянутый враль в восторге от их общепития и мнимого гостеприимства. Верно, ему, пьяному, в грязном погребке диктовал какой-нибудь Железнов статью под названием «Уральские казаки», а он, под веселую руку, записал, да и посвятил еще В. И. Даю. Бессовестны, вредны и подлы, наконец, такие спасители!»<sup>1</sup> — деп жазды.

Т. Шевченко өзінің күнделігінде панасыз елді сүліктей сорып, өз білгенін істеп отырған патша сатраптарының паракорлығын, зиянқорлығын, бір минуттық рахат үшін еңбекші елдің мал-мүлкін судай шашатынын да ашына жазады. Күнделіктің бұл жолдарын тітіркене, жиіркене, ызамен оқисыз. Міне ол жолдар: «А просвещенный блюститель (ақын Орынбордың генерал-губернаторы, патшаның оң қолы болған аты шулы А. В. Петровскийді айтып отыр — Қ. Н.) царских повелений непоясненное в приговоре сам пояснил, да и прихлопнул меня своим бездушным всемогуществом. Холодное, развращенное сердце. И этот гнилой старый развратник пользуется здесь славою щедрого и великодушного благодетеля края. Как близоруки или, лучше сказать, как подлы эти гнусные славельщики. Сатрап грабит вверенный ему край и дарит своим распутным прелестницам десяти-тысячные фермуары, а они прославляют его щедрость и благодеяния. Мерзавцы!»<sup>2</sup>.

Т. Шевченко осы тақырыпқа арнап көлемді дастан да жазбақшы болған. Бұны біз ақынның күнделігінен анық байқаймыз. «В ожидании утра,— деп жазды ақын күнделігінде,— я на этом полновесном фундаменте построил каркас поэмы вроде «Анджело» Пушкина, перенеся место действия на Восток, и назвал ее «Сатрап и Дервиш».

<sup>1</sup> Сонда. Том V. 65-бет.

<sup>2</sup> Сонда. Том V. 25-бет.

При лучших обстоятельствах я непременно исполню этот удачно проектированный план. Жаль, что я плохо владею русским стихом, а эту оригинальную поэму нужно непременно писать по-русски.

Есть еще у меня в запасе один план, основанный на происшествии в Оренбургской Сатрапии. Не присоединить ли его, как яркий эпизод, к «Сатрапу и Дервишу?» Не знаю только, как мне быть с женщинами. На Востоке женщины — безмолвные рабыни, а в моей поэме они должны играть первые роли; их нужно провести — как они в самом деле были — немыми, бездушными рычагами позорного действия»<sup>1</sup>. Бірақ, ақын өзінің бұл асыл арманын орындай алмай кетті. Әйтсе де осы фактінің өзі ұлы ақынның айдауда жүрген кездегі көңіл-күйінен мол мағлұмат береді. Біз бұл жайдан Т. Шевченконың сатрап образы арқылы сол кездегі қорғансыз қазақ елін емін-еркін билеп-төстеген, оның басынан әңгір таяқ айырмаған патша шонжарларының адам айтқысыз озбырлығын, ал Дәруіш образы арқылы еңбекші елге пана болған, оның жоғын жоқтап, мұңын мұндаған ақынның үстем тапқа қарсы күресін көрсеткісі келгенін айқын аңғарамыз.

Айдауда жүргенде Т. Шевченко екі жақты қанаудың қыспағында күніренген украин халқы, оны патша өкіметіне сүйене отырып, қасқырша талаған украин помещиктері туралы крепостнойлық правоға қарсы бағытталған поэмалар мен өлеңдер де жазады. Т. Шевченко 1847 жылы жазған «Княжна» поэмасында байлық үшін кісі өлтіруден де тайынбайтын, істегені зинақорлық болған, бірақ өзін сырттай қарып-қасарлардың, жарлы-жақыбайлардың қамқоршысы ретінде көрсетуге тырысатын арамтамақ князді көрсетсе, үлкен жер иесі П. Скоропадский туралы жазған «П. С.» (1848 ж.) деген өлеңінде ақша үшін туған елін де сатып жіберетін помещиктердің «патриотизмін» әшкерелейді. Ақын өлеңнің аяғын: «Неге оған түкірмейді? Неге оны таптамайды?» — деп бітіреді.

Революцияшыл демократ ақын патшалық самодержавиеге қарсы күресін айдауда да тоқтатпайды. «Патшалар» (1848) деп аталатын өлеңдер циклінде Т. Шевченко інжіл патшасы Давидтың және оны қоршаған баскесер, зинақор тажкигендердің образдарын жасай отырып, оларды революциялық жолмен жер бетінен құртуға шақырады.

«Княжна» (Т. Жароков) дастанында ақын қанау титығына жеткен шаруалардың помещиктерге қарсы кескілескен күресін көрсетеді. Князьдің иениесі лаулап жанып жатыр, бірақ шаруалар өртті сөндіргісі келмейді. «Марина» поэмасында шаруа қызы Марина абройын төккен паннан өш алады.

Шевченко сүргін кезінде жазған бірқатар шығармаларында қалың бұқарадан шыққан қарапайым адамдардың жағымды образдарын жасап, олардың адамгершілігін, досқа деген адалдығын, қарып-қасарларға қол ұшын беруге әзір тұратындығын мадақтап жырлайды. Бұл тұрғыдан ақынның «Егер саған жазса» (1849) деген поэмасын алып қарауға болады. Помещиктің шолжық баласы шаруа қызына қастандық жасап, абройын төкпекші болады. Қызға көмек беруге ешкім бата алмайды. Сөйтіп дағдарып тұрғанда, шаруалардың ішінен бір жас жігіт жүгіріп шығып, қызды қуып жүрген панды айырмен түйреп өлтіреді. Қыз жас жігітке күйеуге тиеді, тойдың аяғында екеуі көзден ғайып болып, біраз уақыт өткеннен кейін

<sup>1</sup> Сонда. Том V. 79—80-беттер.

Сибирьден барып бір-ақ шығады. Осындай халықтық образдарды Т. Шевченко «Петрусь» (Т. Шопашев) атты поэмасында да жасады.

Ақынның айдау кезінде жазған көптеген лирикалық өлеңдерінде оның патриоттық сезімі айрықша сезіледі. «Түс» (1847), «Есіне саламыз, туыстарым» (1847), «Мен өстім жат жерде» (1848) сияқты лирикалық шығармаларында өзінің Украинаға, оның еңбекші халқына деген терең, қалтқысыз сүйіспеншілігін білдіреді. Шевченко қайдағы бір этнографиялық Украинаны емес, царизм мен жергілікті помещиктер тепкісі астында күңірене күн кешкен Украинаны жырлайды.

1850 жылдың көктемінде офицерлердің бірі ақынның патша бұйрығын бұзып, өлең жазып жүргендігі туралы жоғарғы ұлықтарға жасырын арыз түсіреді. Ақын екінші рет тұтқынға алынып, күзде Маңғыстау түбіндегі меңіреу Новопетровск бекінісіне (қазір форт Шевченко) жер аударылады. Ақынның өмірінде ең ауыр жылдар басталады. Патша чиновниктері бақылауды бұрынғыдан бетер күшейтіп, ақынның әрбір басқан қадамын қадағалайды. Біраз уақыт Шевченко өзінің ақындық қызметімен қош айтысады. Бірақ бұл жерде де мейрімді орыс адамдары бар екен. Бекіністің коменданты Маевский, ол өлгеннен кейін — Усков ақынды Қаратауға шыққан экспедицияға суретші етіп алады. Экспедициядан қайтып оралғаннан кейін ол орыс тілінде повестер жаза бастайды. Олардың бірі де автордың көзі тірісінде жарық көрген жоқ.

Бізге Т. Шевченконың көлемді тоғыз повесі жетті. Олардың бірқатары ақынның бұрынғы поэмаларының тақырыбына жазылса да, көбінің өзіндік қайталанбас сюжеті бар («Капитанша», «Музыкант», «Суретші», «Бақытсыз», «Егіз»). Шевченконың повестері, оның поэзиялық шығармалары сияқты, революциялық идеяларға толы. Сонымен бірге ақын қуыс кеуде, қолынан шөп сындыру келмейтін, өмірін мағнасыз той-думанда өткізген құл иелерін де аямай түйрейді. «Мұндай оқиғаларды айтып қана қою жеткіліксіз — жариялау керек. Бұл әзәзіл заң бұзарларды таяқтан заң қорғайды. Оларды баспасөз арқылы жазалап масқаралап отыру керек...» — деп жазды Т. Шевченко повестерінің бірінде.

Т. Шевченконың повестері өзінің көркемдік құрлысы, лирикалық шегініс, ирониялық повествование жағынан Н. В. Гоголь прозасына өте жақын.

\* \* \*

Николай I өлгеннен кейін Шевченконың достары оны азат етудің қамын қарастыра бастады. Олардың дегені екі жылдан кейін ғана іске асты. 1857 жылдың августында ақын Новопетровск бекінісінен шығып, Астраханға, онан Нижний Новгородке (қазіргі Горький қаласы) келеді. Дәл осы кезде Т. Шевченко екі астананың екеуіне де баруға болмайды, тек Орынбор қаласында тұруға болады деген хабар алады. Достары Петербургке келуге рұқсат алғанша ақын осы Нижний Новгородта тұрады.

Босанар алдында ақынның күнделік жаза бастағанын біз жоғарыда айтып кеттік. Әйтсе де оның кейбір моменттеріне тоқталмасқа болмайды. Бұл тамаша адамгершілік документ үлкен ойшыл, кіршіксіз таза адамның жан дүниесін, жүрек сырын, адамгершілік парасатын алдыңызға жайып салады.

«Күнделіктен» біз ақынның материалистік, революциялық, атеистік, қоғамдық, саяси көзқарастарын анық аңғарамыз. Мысалы

Шевченко поляк философы К. Лигельттің «Эстетика немесе әдемілік туралы ғылым» деп аталатын үш томдық еңбегін оқып шығып, күнделігіне: «... ол полякша жазады, бірақ немісше ойлап, немісше сезінеді. Еш болмағанда ол неміс идеализмімен уланған»,— деп жазады.

Көптеген жазбаларда Шевченконың атеистік көзқарастары айқын көрінеді. Ол шіркеу мен дінді халықты қанаудың құралы деп атайды да, поптарды «маскүнем, дударбас жрецтерге» теңейді. «Күнделікте» ақынның царизмге деген өшпенділігі ерекше айқын сезіледі. Ол Николай I «таж киген баскесер», Орынбордың генерал-губернаторы Петровскийді — «жансыз сатрап», Орынбор корпусының командирін — «оңбаған ефрейтор», құл иелерін — «өз қамын ойлаған помещиктердің бандасы» — деп атайды.

Т. Шевченко Солтүстіктегі астанаға 1858 жылы келді. Бұл кезде крепостнойлық правоға қарсы күрес кең етек алған еді. Шаруалардың жоғын жоқтаған революцияшыл демократтар қалың бұқараны помещиктер мен самодержавиеге қарсы күреске шақырып, ұран тастаған-ды.

Орыс халқының алдыңғы қатарлы азаматтары Т. Шевченко үлкен қуанышпен құшақ жая қарсы алды. Петербургке келген ақын «Современник» журналының төңірегіне топтасқан ақын-жазушылармен таныса бастайды. Сөйтіп, Шевченко да қайнаған күреске араласа кетті.

Көп кешікпей ұлы ақын революцияшыл демократияның көсемі Н. Г. Чернышевскиймен танысады. Бұл бақытты кездесу Шевченконың ойын кеңейтіп, революциялық қозғалыстың мәнін бұрынғыдан да терең түсінуге пайдасын тигізді. Осы кезден бастап ақын революцияшыл демократтардың айбынды органы «Современникті» құныға оқып, оның номерлерін Украинадағы туған-тұсқандарына да жіберіп тұрады. Айдауда жүріп артта қалған ақын орыс әдебиетін бас алмай оқи бастайды. «Енді маған көп оқу керек, мен жаңа әдебиеттен тіпті артта қалып қойдым»,— деп жазады Т. Шевченко өзінің сол кездегі күнделігінде. Ол Герценнің Лондонда шығарған журналдары мен кітаптарын да тауып алып оқиды. Ақынның Герценді жақсы көргендігі сондай, оның суретін көшіріп салады. 1860 жылы «Кобзарь» үшінші рет басылып шыққанда, оның бір данасын өзінің танысы Макаров арқылы Лондондағы Герценге жібереді.

Россиядағы азаттық қозғалыстың өрлеуі, демократиялық орыс әдебиетінің жетістіктерімен танысу Шевченконың өз творчествосында да жаңа өрлеу кезеңін туғызды. Новгородта-ақ ол «Неофриттер» (1857) атты үлкен поэма жазып, царизмге қарсы күреске шыққандарды алғашқы христиандар образында көрсетті. Аллегориялық образдарды түсінуді оқушыларға жеңілдету үшін, ақын жорта жанылып, Скифияны «Сибирь», патрицийларды «воеводалар» деп атайды.

Орыстың революцияшыл демократтарымен бірге Т. Шевченко өзінің творчествосында шаруалар мәселесін революциялық жолмен шешуге, самодержавиені құлатуға мегзейді. «Ауру емес сияқтымын» (1858) атты өлеңінде ақын қара бұқараны қарулы көтеріліске ашықтан ашық шақырады:

Езу көрген сол теңдікті,  
Оятпақ боп ұйқысынан  
Барлық қоғам даярланып,

Қайрап балта тұс-тұсынан:  
Бастау керек күшті қалың.  
Болмақ сонда сұрағаның.

*(Әбділда аудармасы)*

1859 жылдың майында Т. Шевченко Украинаға баруға рұқсат алады. Туған селосында құлдық еңбектен құтыла алмай азақ шеккен жерлестерін көреді. Көп кешікпей жандармдар ақынды екінші рет тұтқынға алып, Киевке жеткізеді. Түрмеден әзер дегенде босанған Т. Шевченко дереу Петербургке жүріп кетеді.

Өмірінің соңғы айларында ақын украин тілін үйренушілерге арнап оқулық жазумен шұғылданады.

Т. Шевченко 1861 жылдың 10 мартында Петербургте қайтыс болды. Бұл ауыр қаза алдыңғы қатарлы орыс адамдарының жанына қатты батты. Олар табыт басында жалынды сөздер сөйлеп, ақынның өлмес мұрасының бүкіл Россия халықтары үшін баға жетпес асыл қазна екенін айтты. Жерлеуге қатысқан орыстың ұлы ақыны Н. А. Некрасов артынан өзінің «Шевченконың қазасына» деген тамаша өлеңін жазды.

Содан бері бір ғасыр өтті. Ақын қалдырған асыл мұра сонан бері халқымызбен бірге жасап келеді. Артына өлмейтін сөз қалдырған Т. Шевченконы қазақ халқы өзінің адал ұлы, ардақты ақынындай қадыр тұтады. Осы кітап — осы ұлы сүйіспеншіліктің айқын айғағы.

*Қалжан Нұрмаханов.*

# ДАСТАНДАР





## КАТЕРИНА

(В. А. Жуковскийге арнаймын. 22 апрель 1838)

### I

Сүйсеңдер сүй, кара қастар,  
Тек сүймендер москалдарды.<sup>1</sup>  
Себебі олар бізге жат жан,  
Күйіндірер кірсіз жанды.

Сүйер москал ермек үшін,  
Кетер тастап, етіп мазақ.  
Москвасына жөнер бір күн  
Өлер сұлу тартып азап.

Қыздың өзі болса оңай ғой,  
Бар ғой оның қарт анасы.  
Дүниеге арнап туған сорлы  
Өлмеске бар не шамасы.

Әнмен қатар тас боп жүрек  
Білген кезде таппай шара.  
Ұқпас халық жүрек сырын  
Дер тек қана: «Жүзі кара!»

Сүйсеңдер сүй кара қастар,  
Тек сүймендер москалдарды.  
Себебі олар бізге жат жан,  
Етер мазақ жас қыздарды,

---

<sup>1</sup> Солдат, офицер дегем мағынада.

Тыңдамады Катерина  
Әкесін де, шешесін де,  
Ауды көңлі бір москалға,  
Тым беріліп кетті мүлде.

Сүйді жасты құмарменен,  
Жүрді барып бақша ішіне,  
Солдырғанша жас өмірін,  
От түскенше кеудесіне.

Шақырады анасы асқа  
Естімейді қызы бірақ:  
Москалынан айнымасқа  
Аймалайды, бірге қонад.

Екі түндей сол кара көз  
Шын беріліп сүйді қалап,  
Елде мазақ күлкі сөз  
Көп ұзамай кетті тарап.

Мейлі сөзшең өсекшілер  
Айта берсін қалағанын!  
Сүйеді қыз, аңғармайды  
Қайғы-шердің таянғанын.

Жетті бір күн сұмдық хабар  
Жорық үні дабылдатты;  
Туркияға тартты москал,  
Басына қыз жаулық жапты<sup>1</sup>.

Аңғармады, ой бөлмеді,  
Жаулық жапқан бұрымдарын,  
Артық көрді сүйген үшін  
Сағынышпен салған әнін.

Уәде етті кара қасы  
Қалса жаны оралуға,  
Уәде етті жетемін деп,  
Ондай болса Катерина:

Жары атанбақ москвалықтың,  
Ұмытылмақ қайғы мен зар.

---

<sup>1</sup> Заңды ері болмай, жаман атаққа ілінгенін айтады. Ол кезде ондай қыздарды масқаралау үшін жаулық жапқан.



Оған дейін айта берсін  
Қалағанын сөзқұмарлар.

Күрсінбейді Катерина  
Құрғатады жасын көзден.  
Көшедегі бір жүретін  
Қыздар менен әннен безген.

Күрсінбейді Катерина  
Көз жасына шомылғандай.  
Шелек алып күн ауғанда  
Жөнеледі суға қарай.

Көрмес үшін дұшпандарды  
Жетеді ол құдыққа кеп,  
Қалинаға<sup>1</sup> сүйенеді  
Сыңсығанда «Гриция»<sup>2</sup>  
Қалинада бірге еңіреді.

Үйге келіп қуанады  
Бөгде кісі көрмегенге,  
Күрсінбейді Катерина  
Ештеңе жоқ ойында өңге!

Катерина күтуде жүр,  
Өтті сүйтіп жарты жылдай.  
Жүрегі айнып, сүбелігі  
Шаншыр болды енді тынбай.

Сырқаттанды Катерина,  
Дем алады әрең ғана.  
Айыққанда, пеш артында  
Тербетілді еркек бала.

Көрші әйелдер сыпсындасты,  
Етті күлкі қыз анасын.  
Қайта оралып келсе москал,  
Десті үйіңе қондырарсың.

Қара қасты жалғыз қыздың  
Тең көрген көз қарасына

---

<sup>1</sup> Ағаш  
<sup>2</sup> Әннің аты

Пеш артында тәрбиеші  
Москвалықтың баласына.

«Қиғаш қасты немерең бар,  
Қалаушысы өзің шығар...»  
— Тисін бәле сендерге де  
Былшылдағыш өңшең қазап.  
Қиналындар сол анадай  
Баласы үшін болған мазақ!

Катерина, жаным менің!  
Неткен мұнша бақытсыз ең!  
Қайда барып паналарсың  
Қолыңдағы жетіміңмен?

Кім сөйлесер, есендесер,  
Сүйген жарсыз жүргенінде?  
Әке, шешең жатқа айналды,  
Тұру қиын енді бірге!

Сауықты әбден Катерина,  
Терезесін ашып қойған.  
Тербетеді бөпешігін,  
Көз алмайды ұзақ жолдан.

Қарағанмен көрінбейді,  
Қайтер екен, келмес пе екен?  
Бақша ішінде жылар еді,  
Андып тұр ғой көздер бөтен.

Күн батқанда Катерина  
Бақшаларды аралайды.  
Бөпешігі құшағында  
Айналаға көз салады:

«Әне жерде күттім сені,  
Сөйлесіп ем ұзақ, күтпей.  
Ана жерде... бөпем, бөпем!»  
Сөз аяғы қалды бітпей.

Бақша қойны жасыл тартты  
Шие ағаштар жасарысты...  
Бұрынғыдай Катерина  
Тағы қайта тысқа шықты.

Шықты, бірақ ән салмайды,  
Ән салмайды бұрынғыдай,  
Күткеніндей жас москалды  
Күткеніндей бақша да ұдай.

Ән салмайды қиылған қас,  
Қарғайды ол өз тағдырын;  
Тындыруда дұшпандарда  
Жұмыстарын өздерінің.

Сыбыр-күбір жайды қанат  
Оларға енді не қылмақсыз?  
Болса бірге қара қасы  
Білер еді айтарын қыз.

Қара қасы тым ұзақта,  
Естімейді көрмейді ол —  
Жұрттың мазақ күлкілерін,  
Қыздың жылап болғанын қор.

Тынық Дунай ар жағында  
Кім біледі ол өлген шығар;  
Әлде мүмкін Москвасында  
Өзге қызды сүйген шығар!

Жоқ, қара қас, өлген емес,  
Жаны тірі, жүр сәләмат.  
Мұндай сұлу қара көзді  
Қара қасты ол кайдан табад?

Жас москал жүр жер шетінде  
Ар жағында көк теңіздің.  
Қалды мұнда Катерина  
Өмірін қайғы алды қыздың!

Туса да ана қара қасты  
Мөлдіреген сұлу көзбен,  
Бере алмады бақытты өмір  
Бере алмады бұл әлемнен.

Болғанмен ақ дидарлы  
Гүл ғой о да далада өскен:  
Күн күйдіріп, қағып дауыл  
Кетер жұлып кім көрінген.

Жу бетінді, ақ дидарлым,  
Аққан көзден ыстық жасқа.  
Қайтты кейін москалдарың,  
Қайтты кейін жолмен басқа.

## II

Отырды әке жүзі солған  
Сүйеп басын төмен шөккен,  
Бет жоқ жұртқа қарайтұғын,  
Қайғы басқан, үнілеткен.

Қасында оның қарт анасы  
Отыр о да стулінде,  
Көзі жасты, кемсең-кемсең,  
Қызына әрең келді тілге:

«Кәне қызым, тойың қайда?  
Қайда сенің қосылғаның?  
Қайда құда, құдашалар?  
Құдағилар, сыйлы адамың?

Мырзаңа бар, қызым менің!  
Бар, соларды шық іздеуге!  
Айта көрме шешем бар деп,  
Мейірімді жан кісілерге.

Сен дүниеге туған сағат  
Күйікті күн қалсын қаран.  
Тастап суға жіберер ем,  
Білгенімде атқанша таң.

Қиылсаң ед қыршыныңнан  
Келген солдат енді міне...  
Қызым менің, қызым менің,  
Шешесінің райхан гүлі!

Жемістейін, балапандай  
Тәрбиелеп өсіріп ем,  
Күйікке ме... қызым менің!  
Білемсің неттің сен?

Жетістірді!.. Кет іздеуге  
Москвадан қайын енеңді,

Ғындамап ең айтқанымды,  
Бар, құлақ ас, соған енді!

Шық іздеуге, жөнел қызым,  
Бет көрісің қайын енеңе.  
Жат жандармен бақытты бол,  
Бізге оралып қайтып келме!

Келме қайтып, балашығым,  
Келмегейсің алыс жақтан.  
Кімдер мені, қарашығым,  
Көмер сенсіз қалай жоқтар?

Өзек жарды өз баламдай  
Кім жылайды басыма кеп:  
Өрттей қызыл шынар ағаш  
Кім орнатар басыма әкеп?

Кім дұғамен алар еске,  
Күнәлі жан бишараңды?  
Қызым менің, қызым менің,  
Туған жаным өзек жарды!

«Жөнел бізден!»  
Әрең, әрең  
Қайырымды сөз айтты жылап:  
«Жолың болсын» деп, еденде  
Өлген жандай жатты сұлап.

Үн қатты қарт: «Қарашығым,  
Не күтесің жолыңды тап?!»  
Зар еңіреді Катерина,  
Әке аяғын құшты құлап.

«Кешір, кешір, қайырымды әке,  
Кеш күнәмді жалынамын.  
Кешір маған, көгершінім,  
Менің сұңқар әкетайым!»

«Қылмысыңды кешсін тәңірі,  
Кешсін тағы қайырымдылар!  
Жалбарынды тәңіріге  
Жөнел, жаным сонда тынар.»

Әрең тұрды басын иді,  
Үйден шықты қатпастан үн;  
Кәрі әке мен кәрі шеше,  
Қала берді болып жетім.

Барды шиіе бақшасына  
Құдайына жалбарынды,  
Шиіе астынан алып топырақ  
Түйіп қана мойнына ілді.

Күбірледі: «Қайта келмен  
Сонау алыс елден енді.  
Жат жерлерде жат адамдар  
Өлгеннен соң көмер мені.

Өз жерімнен уыс топырақ,  
Жатар менің көкірегімде,  
Көргенімді, қайғы, мұңды  
Айтар жұртқа бөтен елде...

Айтпа ешкімге, көгершінім,  
Көмілсем де қай мекенде,  
Сезіп қалып сөкпесін жұрт,  
Күнәліні бұл әлемде!

Сен айтпассың. Айтар мынау  
Туған шешем мені осы дер!  
О, тәңірі, неткен қайғы!  
Енді қайда тығылар жар?

Өзім судың тереңіне  
Көмілермін, бөпем шырақ,  
Сен күнәмді ақтағайсың  
Жетім малай қайыр сұрап,  
Заңсыз туған!..»

Кете барды,  
Катерина еңрейді зар,  
Баста тартқан орамалы,  
Құшағында бөпесі бар.

Қалды село, жүрегі дерт,  
Бұрылды артқа көзін салды  
Қайта-қайта шайқап басын  
Кетті боздап, зар жылады.

Жалғыз біткен болды терек  
Жол бойына жапандағы,  
Таңсәріде түскен шықтай  
Екі көзден жас бұлады.

Аққан жастан ащы жастан  
Көре алмады айналаны.  
Тек бөпесін сүйіп жылап,  
Толғанады, айналады.

Бөпешігі періштедей  
Еш нәрсенің білмес жайын.  
Үлбіреген қолдарымен  
Аймалады омырауын.

Күн орманнан шөкті әріде,  
Аспан тартты қызыл арай;  
Сүртіп жасын, бұрылды артқа  
Кетті... қарауытты маңай.

Әр түрлі сөз әңгімелер,  
Селода ұзақ қозды кеңес,  
Не әкесі, не шешесі  
Қорлық сөзін болды естімес...

Міне осылай бұл жалғанда  
Адамға адам іс етеді!  
Бірін байлап, сойып бірін,  
Кейбірі өзін күйретеді...

Не үшін? Оны білмейді ешкім!  
Әлем жарық сияқты кең,  
Бірақ пана табылмайды  
Жалғыз баска жер бетінен.

Біреулерге берген тағдыр  
Шетсіз, шексіз аямай-ақ,  
Біреулерге молалық жер  
Көмілетін қалдырған шақ.

Қайда жандар, рахымдылар,  
Аңсап жүрек талпынғаны,  
Шындап сүйген, серік көрген?  
Біткен бәрі, біткен бәрі!

Жер бетінде бар ғой бақыт  
Кім біледі бірақ оны?  
Жер бетінде бар бостандық  
Жеткен оған кімнің қолы?

Дүниеде бар кейбіреулер  
Жастанғаны күміс, алтын;  
Өздерінше билеуші олар  
Ұқпас бірақ бақыр паркын!

Білмейді олар бостандықты  
Қайғы және күйінішті  
Ең салтанат тон жамылу,  
Ар оларға жылау тіпті.

Алыңыздар алтын күміс,  
Келтіріңіз байлық нашын;  
Төгу үшін қайғы зарды  
Алам өзім көздің жасын.

Тамшылаған көзден жасқа  
Тұншықтырам сорлылықты,  
Жалаң аяқ басам жаншып,  
Еріксіздік, құлшылықты!

Боламын бай мен сол кезде,  
Мен сол кезде боламын шат:  
Туып күні жүрегімнің  
Еркіндікке қақса қанат.

### III

Нұр себеді жұлдыз көктен,  
Байғұз даусы, ұйқыда орман  
Жол бойында, шөп ішінде  
Секіреді ойнап зорман<sup>1</sup>

Қайрымды жұрт тәтті ұйқыда,  
Әркімде бір терең қиял:  
Бірді бақыт, біреуді жас  
Басады түн етіп дел-сал.

---

<sup>1</sup> Зорман — Сар тышқан



Бүркейді түн жұрттың бәрін,  
Анасындай жас бөбектің.  
Катя қайда паналады?  
Орманда ма, үйде ме екен?

Жиған пішен үңгірінде  
Сергіте ме балақайын?  
Әлде орманда жалтақтай ма?  
Күтіп қасқыр, жей ме уайым?

Туыспаудың артық өзі  
Қара қастар, сіздерменен;  
Сіздер үшін туса қайғы  
Көну керек төзімменен!

Одан әрі не болмақшы?  
Болар қайғы, және қайғы!  
Кездеседі сарғылт құмдар,  
Жат адамдар өңшең ғана.

Кездеседі ызғарлы қыз...  
Ана жігіт кездесер ме;  
Таныр ма екен Катюшамды,  
Көріп ұлын сүйсінер ме?

Қабыл алса қара қасты  
Күтіп жігіт анасындай,  
Ұмытар ед қайғы, дертті  
Жұбатса егер ағасындай.

Көрерміз де, естірміз де...  
Дем алайын мен әзірге.  
Москва жолын сұрап алып,  
Көрсетермін керегінде.

Алыс, достар, туысқандар!  
Бұл жолды мен білем, білем!  
Салқын тартад мұздап жүрек  
Ойыма алсам бүгінде мен.

Ертеде өлшеп көрген едім,  
Болған екен соным бекер!..  
Айтар едім азаптарын  
Бірақ оған сенер ме екен.

«Өтірік» дер! пәлен-пәштен!..  
(Әрине оны айтпас көзге)  
Тіліне ие бола алмайды  
Жұртты алдауға үйір сөзге.»

Қажеті не, қамығудың,  
Рас, ей жұрт, сіздікі рас!  
Қажеті не, алдарында  
Айтқанымның ағызып жас?

Көз жасы ма әркімдердің?  
Өздерінде жетеді анық.  
Болар енді!.. Әзірінше  
Беріңізші шақпақты<sup>1</sup> алып,

Әперіңдер темекіні  
Үйде текке күрсінбеске;  
Көрсетуге сұмдық түстер  
Қайдағыны салады еске,—

Деушілерді атсын құдай!  
Тоқталмаймын ойланудан.  
Қайда қаңғып бөбешімен  
Адасып жүр Катеринам.

Ар жағында Днепрдің,  
Ортасында қара орманның,  
Жолмен келеді көп чумақтар<sup>2</sup>  
«Пугачевтің» салып әнін.

Жолмен келеді жас келіншек  
Шыққандай-ақ монастырьден,  
Неге мұнды, солғын жүзді,  
Көзінде жас, зар еңіреген?

Қиімдері жамау, жамау,  
Жыртық дорба мойнына асқан,  
Бір қолында таяғы бар,  
Бір қолында жас балапан.

---

<sup>1</sup> Шақпақ — күкірт жоқ кезде от жағатын болат пен асыл тас.

<sup>2</sup> Чумақ — керуен.

Чумақтарға кездесті кеп,  
Жасырады балақайын:  
— Жақсы ағалар, айтыңдаршы  
Москва барар жолдың жайын?

— Москваға ма? Тап осы жол,  
Алысқа ма, көгершінім?

— Ия Москваға, құдай үшін  
Қарасыңдар жол азығын!

Созған қолы қалтырайды  
Садақа алу қандай қиын!  
Алмаса ше?.. Ана емес пе  
Ойлар қамын баласының...

Жылай, жылай кетті жолмен  
Сусындады Бровардан<sup>1</sup>  
Алған тілеп бақырына  
Бөпесіне әлерді нан.

Ұзақ, ұзақ өтті уақыт,  
Сұрай-сұрай кетті сорлы;  
Бөпесімен шарбақтарда  
Қона кеткен кезі болды...

Осы ғой сұлу көздің жарылқауын  
Жас төгу, шарбағында жат жандардың!  
Байқандар, өкінбеңдер қыздар тағы,  
Жүрмендер іздеп Москва мырзаларын.  
Құшсандар Катерина жолын қаңғып...  
Жұрт неге сөгеді деп сұрамаңдар,  
Жәнеде үйлеріне қондырмауын.

Сұрамаңдар, кара қастар,  
Себебін жұрт айта алмайды,  
Кімді құдай азаптаса,  
Олар-дағы бір қарғайды...

Иіледі бұтақтай жұрт  
Сокса қалай жерге ықтайды:  
Күн жетімге берген жарық  
Бірақ бойын жылытпайды.

---

<sup>1</sup> Поселканың аты.

Көрмес үшін жетім жарық,  
Кептірмейді көзден жасын.  
Күнді адамдар бүркер еді,  
Күннің әттең күші басым.

Ал не үшін, сүйікті алла,  
Дүниеде азап тартты неге?  
Жазығы не оның жұртқа,  
Жұрттың одан тілері не?

Жылату ғой... жаным менің  
Жыламашы, Катерина,  
Көз жасыңды көрсетпе елге,  
Өлгеніңше шыда-шыда!

Бүлінбесін бүлдіршін бет,  
Бүлінбесін қиғаш қасың,  
Шыққанша күн қара орманда  
Жуына бер көз жасыңа!

Жуынарсың көрмес ешкім,  
Мазақ етіп күлмес және.  
Тынығып демалар жүрек,  
Жылағанда құмарлана.

Мінеки, көрсін қыздар қайғы қайда!  
Кәтешті кетті тастап ойнап москал.  
Ешкіммен бақытсыздық қалжыңдаспас,  
Көрер жұрт, бірақ оған демес обал.

Дер: «Мейлі өле берсін, ақылсыз қыз,  
Өз басын күте алмаған, күйлеп жанын!»  
Көзінде албырттық жас сақтаныңдар  
Жүрмеуге іздеп Москва мырзаларын.

Адасып жүр қайда Кәтеш!  
Шықты қонып мал қораға,  
Ертеменен тұрды-дағы  
Жолға қайта түсті асыға.

Кенеттен қыс басты келіп,  
Ызғарлы жел, дала тегіс.  
Келеді әлі Катерина  
Аяғында жырттық кебіс.

Үсті жұқа өрім-өрім,  
Келеді қыз ақсай басқан;  
Москалдар ма қараңдаған...  
Әлдекімдер дабырласқан —

Сұмдық... жүрек тоңазыды...  
Жолшыларға ұшырасты:  
«Айтыңдаршы, жоқ па мұнда  
Жаным Иван қара шашты?»

Деді аналар: «Білмеуші едік!»  
Москалдарды қысты қылжақ  
Дуылдасты, тегіс күлді:  
«Айда қыздар! Айда бізге!  
«Қатырмады дейсің кімді!»

Катерина деді қарап:  
«Адам екен бұлар-дағы.  
Жылама, жан бөпешігім  
Көресінің болар бәрі!

Жүрдім ұзақ, жүрдім және...  
Мүмкін тауып жолығармын  
Көгершінім, берем сені  
Өліп сонсоң тынығармын!»

Күнренеді, гулеп боран,  
Бұркыраған, ірімденген;  
Тұр далада Катерина  
Көз жасына ерік берген.

Тынды боран шаршағандай,  
Оқта-текте үн береді:  
Жетпейді ғой көздің жасы  
Тынбай Қәтеш еңірет еді.

Бөпесіне салды назар  
Көз жасына жуған бетін,  
Құлпырады қызыл гүлдей  
Күн шығарда гүлденетін.

Күлді қарап Катерина  
Күлді, бірақ күлкісі жат:

Тұрғандай-ақ кара албасты  
Жүрегіне салып тырнақ.

Айналаға үнсіз қарап,  
Көрді: орманды қарауытқан,  
Орман қасы, жол аузында  
Түсті көзге шалаш сырттан.

«Жүр бөпешім, қас қарайды.  
Етсе рұқсат үйге енейік.  
Кіргізбесе шарбағында  
Қонып түнді өткізейік.

Үй маңында түнейміз біз  
Балапаным, күнім Иван,  
Кайда түнеп жүрерсің сен,  
Өлгеннен соң мен бишараң?

Иттер меңен, балам менің,  
Қораз-дағы достасып жүр,  
Ашулы иттер алар қауып,  
Бірақ сөгіп тигізбес тіл.

Күлмес саған, етпес мазақ...  
Итпен астас болмақ адам!..  
Не ғылайын, не ғылайын,  
Көгершінім, сорлы балам?»

Жақсы ғой күшік-дағы жетім қалған.  
Еститін есіркер сөз одан кетпес;  
Еріксіз қояр байлап, ұрар, сөгер  
Енесін ешкім бірақ мазақ етпес.  
Иваштың жастай тілі шықпай жатып,  
Шешесін әжуалар кім көрінген,  
Көшеде арсылдап ит кімге үреді?  
Сорлы кім, күн өткізер тіленумен?  
Ол жалғыз заңсыз туған жетім бала,  
Байлығы оның кара қасы ғана,  
Оны да қызғаншақтар санамас тең.

#### IV

Кең жазықта шайқалып жай  
Көп жасаған қарт анадай  
Емендер тұр ескі күннен.

Жарда верба<sup>1</sup> тізбектелген.  
Мұздың асты қайнаған су,  
Жылтыр суат дөңгеленген.

Қызыл шапақ дөңгеленіп,  
Бұлт ішінен көрінді күн.  
Жел қозғалды соқты келіп!  
Қарға жерді кетті көміп...  
Тек орманда шулаған үн.

Ысқырды, ұлыды жел,  
Орман ішін күнреткендей.  
Бейне теңіз толқиды қар,  
Қармен бірге жер көшкендей.

Орманшы адам шықты үйінен,  
Қайту үшін орман барып.  
Бару қайда! Дүлей күнде  
Көрінбейді тіпті жарық.

«Көріп тұрмын боран күшті,  
Күрсын әрі, қалсын қаран!  
Үйге енейін... Аналар не?  
Бұл қай пәле басқа орнаған.

Куды ма екен оларды жау,  
Секілді ғой іске аттанған  
Ей, Никифор! Көрші байқап  
Немене екен қылаңданған!»

— «Москалдар ма? Олар қайда?»

— «Не боп қалды өлемісің!»

— «Қайда, кәне, көгершіндер?»

— «Әне, қара көремісің!»

Катерина кетті асығып,  
Кинуге келмеді әлі.  
«Бейшараға өткен екен  
Мырзалардың тіпті зары.

Түнде-дағы ұйқысырап,  
Естіп едім шақырғанын»

---

<sup>1</sup> Ағаштын аты.

Алқынса да барады ұшып  
Ортасымен омбы қардың.

Жеңіменен сүртіп жасын,  
Жалаң аяқ тұрды жолда.  
Ат үстінде кілен москал,  
Келе жатты қарсы алдында!

«Зарыққаным, панам менің!  
Деді... көрді көз алдынан  
Бастап келеді ең ұлығы  
Қарашығым, жаным Иван!

Сағындырған махаббатым!  
Кешіктің сен мұнша неге?»  
Аймалады үзенгісін,  
Қарады анау зәрін төге.

Тебінгіге басты шпорын,  
«Қашпақысың, не қылғаның?  
Катеринаны ұмыттың ба?  
Шынымен-ақ танымадың?

Кара, кара көгершінім,  
Кара маған сал көзіңді:  
Сүйген сені мен Кәтешің!  
Қақтың неге үзеңгіңді?»

Жігіт атын шу-шүлейді,  
Сезбегендей ештеңені.  
— Тоқтай тұршы, көгершінім!  
Жыламаймын көрші мені!

Танымадын қалайша, Иван,  
Сүйген досым салшы назар!  
Құдай-ақы мен Кәтешің!  
— Аулақ ақмақ, жөніңе бар!

Жоғалтыңдар ақылсызды!  
— Тәңірім-ай, Ваня жаным!  
Сен де менен беземісің?!  
Қайда сенің қарғанғаның!



— Әкетіндер! Бұл не тұрыс?!  
— Кімді әкетпек, мені ме әлде?  
Айтшы, қарғам, не себепті?  
Кәтешіңнің сүйгені ме?

Күнәсі ма бір сен үшін  
Бақшаға арнап іздеп барған.  
Күнәсі не, қарғаймысың  
Бір сен үшін бала туған?

Әкем менің! Баурым менің!  
Өтінем тек кетпе тастап!  
Болайын мен қызметкерің,  
Басқаны сүй... болдым қақсап...

Құрсын бәрі!.. Ұмытайын...  
Ертегі ескі махаббатты,  
Сенен бала туғанымды  
Еткен күнә — жаманатты.

Жаман атақ... Неткен қорлық!  
Не себептен өлем енді?  
Таста мені, ұмыт мені,  
Тастама тек бөлешіңді!

Безбейсің ғой!.. Жаным менің!  
Қашпа, сәулем, қашпа менен!  
Әкелейін балаңды әзір.  
Қала берді үзенгіден.

Үйге кірді.  
Шықты қайта,  
Баланы алып келеді оған.  
Құндақтаусыз сорлы сәби  
Көп жылаған, солықтаған.

«Міне балаң, көрші келіп!  
Жасырынып жатқан несі?  
Жоғалды!.. Жоқ... баласынан,  
Баласынан безді әкесі!

Е, тәңірім!.. Балапаным!  
Енді қайда сиярмыз біз?

О, москалдар, бөпешімді  
Өздеріңмен әкетіңіз.

Әкетіңдер, туысқандар!  
Жетімекке болып пана,  
Қалдырмандар, тапсырыңдар?  
Алсын ұлық, етсін бала.

Алмасаңдар мен де безем,  
Кетем тастап әкесіндей,—  
Кетпесін тек жауыз тағдыр  
Бақытсызды көзіне ілмей!

Қорлығы үшін тәңірінің  
Әлеміне туған ана,  
Жетім жұрттың мазағы үшін»...  
Жол үстінде жатты бала.

«Қал, әкенді іздеу үшін,  
Іздеп өзім болдым енді...»  
Жындыдайын кетті орманға,  
Туған бала қала берді.

Шырылдайды... москалдардың  
Шаруасы не, өтті-кетті.  
Бұл жақсы ғой сорлатқанда  
Орманшыға даусы жетті.

Жалаң аяқ Катерина  
Орман кезіп зар қағады.  
Өз Иванын қарғап кейде,  
Кейде жылап ыңранады.

Шықты орманның бір шетіне,  
Айналаны алды шолып,  
Көлдің тесік суатына  
Үн қатпастан тұрды келіп.

«Ал тәңрі, ал жанымды,  
Ал терең су, ал денемді»  
Кетті сүңгіп суға қойып!  
Мұздың асты күтірледі.

Қара қасты Катерина  
Нені іздеді соны тапты.  
Көл бетінде күрсінген жел  
Қалдырмады ізін жапты.

Ол жел емес, дауыл да емес  
Емендерге ойран салған,  
Ол қайғы емес, күйік те емес  
Өліп пе жан тапсырған.

Жетім емес, жас балалар  
Аналары көмген қолдан.  
Бар олардың таянышы  
Қалған қабыр аналардан.

Етсе мазақ жетімдерді,  
Күлгір бұзық-ұятсыздар,  
Қабырға кеп төгіп жасын  
Күйген жүрек бір тынығар.

Не қалды оған бұл әлемде,  
Нетпек сонау жас балапан,  
Тірі айрылған әкесінен,  
Өлі айрылған анасынан?

Не бітірмек заңсыз туған?  
Оныменен кім тілдесер?  
Я туысқан, я үйі жоқ,  
Болар жолдас қайғы мен жел.

Қасы кара мырза беттес.  
Қерегі не, білсін не жұрт!  
Қорлық болар көркемдікте  
Жақсы-ақ еді жегені құрт!

v

Жолмен кобзарь кеткен Киев  
Отырды кеп демін алып;  
Жетектеген жас баладай  
Мойнына алған дорба салып.

Қун швақта отыр қалғып,  
Сәби бала қасындағы.

Сақал, шашы қудай кобзарь  
«Исаны» айтып ән салады.

Жібермейді өткіншісі:  
Біреулер нан, біреулер теңге  
Берсе шалға қыздар ақша  
Тастап кетед жетекшіге.

Қарайды да қара қасқа  
Жалаң аяқ, жалаңашқа:  
«Берген екен деседі олар  
Сұлулықты бақтан басқа!»

Жолмен келеді құйындатқан,  
Күймелі арба алты ат жеккен,  
Күймеде отыр бір бәйбіше  
Мырзасымен сапар шеккен.

Тоқтады кеп қайыршыға,  
Шаң да бірге шөкті төмен.  
Жүгірді Иван шақырғанға  
Бұлғап қолын терезеден.

Ақша беріп жас балаға,  
Таңданады бәйбіше оған.  
Қарап мырза сырт айналды  
Қалды танып, қарғыс ұрған.

Қарады ол қара көзді,  
Таныды ол қара қасты,  
Таныды әке өз баласын,  
Ертуге емес ықыласты.

Сұрады әйел атың кім деп,  
«Атым Иваш» — «Қандай жақсы!»  
Кетті күйме, Иваш қалды,  
Бұрқыраған тозаң басты...

Алғандарын санап болып  
Көтерілді екі сорлы,  
Күншығысқа намаз оқып,  
Ұзын жолмен кетті ілгері.

## Т Е Р Е К

Орманда жел, күңіренеді,  
Шарлайды кең даланы,  
Жолдағы бір теректі иіп,  
Жерге де алып барады.

Сұңғақ бойлы, жапырағы,  
Көгереді кұр бекер:  
Теңіз сынды айнала алап,  
Шетсіз, шексіз көгілдір.

Кең даланы шолып чумак  
Келед, салып басын төмен,  
Таңсәріден қорғанда тұр,  
Қойшы әндетіп сыбызғымен.

Жүректе шер -- ол қарайды,  
Айнала түк дыбыссыз.  
Жат өлкеде жапа-жалғыз,  
Бейне жетім тыныссыз.

Өсірмеді кімдер — нәзік,  
Өшетінін майысқақты білсе де...  
Шыдаңыздар айтам бәрін,  
Тындаңыздар, қыздарым.

Сүйді сұлу қара қасты,  
Балдырған жас казак қызын,  
Сүйді бірақ тоқтата алмай,  
Қетті жоқ боп, хабар болмай...

Білсе егер сүймес те еді  
Оның тастап кетерін,  
Білсе егер жібермес те еді  
Жоқ боп кетер екенін,  
Білсе егер бармас та еді

Кешкі мезгіл суға да,  
Тұрмас та еді түні бойы  
Жасырынып вербаға.

Білсе егер!..  
Ол да қасірет —  
Алдан білсек бізге егер...  
Өмірде не кездесер...  
Білмейсіңдер сұлулар.

Азаптама өздеріңді!  
Жүрек өзі біледі кімді  
Сүйерін, ол мейлі солсын,  
Әзірге тек көмілгенше,  
Қарақат көз, қара қасын,  
Гүлдей жайнап, айдай бетің,  
Үйткені ұзақ тұра алмайды,  
Түске дейін қызарғанмен,  
Түстен кейін солу анық.  
Қара қастан рең қашып,  
Жүрек қалай, соқса солай,  
Сүйкімдене сүйсін ғашық!

Ән шырқайды сандуғаштар,  
Қонып алып калинаға,  
Қазак ол да әндетеді,  
Шарлап жазық кең далада.  
Жырлайды ол — қара қасы  
Үйден қашан шыққанынша,  
Сүйгенін сұрайлы ол  
«Шешен сені ұрған жоқ па?»  
Бірін-бірі аймалайды.  
Бұлбұл тағы ән шырқайды.  
Тындайды да айырылысады,  
Екеуі де қуаныса...

Оларды ешкім көрмейді де,  
Жайын сұрап білмейді де,  
«Қайда болдың, не істедің сен?»  
Басқа білмейді бір өзінен...

Сүйді ол қыз, аймалайды,  
Балқып жүрек ықыласты:

Сезед жүрек қайғы күнді,  
Бірақ айтып бере алмаймын.

Айта алмады — қалды солай,  
Зікір салып күндіз-түні,  
Жарын күткен көгершіндей,  
Ешкім және құлақ салмай...

Сайрамады сандуғаштар,  
Бау ішінде, су үстінде,  
Шыркамайды қара қас та,  
Жасырынып калинаға,  
Жырламайды ол, жетімдей боп  
Түңілгендей дүниеге,  
Сағынғаннан сүйген жарын  
Жат көрінді әке-шеше,  
Рақымсыз күн жарығы,  
Күліп, жауша түр кекете,  
Жарсыз дүние бейне бола...  
Жүрек тынбай ұрды ол да...  
Бір жыл өтті, екінші жыл,  
Казак әлі сол жоқтан, жоқ,  
Солады қыз, мысалы гүл,  
Шешесі де сұраған жоқ.  
«Неге қызым соласың» деп,  
Кемпір оны білген де жоқ,  
Аксақалды байға теліп,  
Қойды өздері қосқандай боп,  
«Осыған ти,— дейді» анасы,  
Отырмайсың байсыз қыз боп,  
Ол аскан бай, жалғыз билеп,  
Отырарсың өзің би боп!»

«Тілемеймін мен билеуді,  
Тимеймін мен шеше,— деді,  
Маған деген орамалмен  
Молаға сал мені,— деді...  
Молдаларың дұға оқып,  
Жар-жолдастар жасын төксін,  
Көрде жау тіпті жеңіл,  
Шалды көзім көрмей кетсін».

Тыңдамады карт анасы,  
Өзінше іске кірді шұғыл,—

Сезді де оны қарақат көз,  
Сола берді қатпады тіл,  
Бір күн түні іздеп барды,  
Балгерге қыз бал аштырды —  
Ұзақ па әлі жалғыз-жапа,  
Өмір сүру болып қапа:  
«Апатайым, көгершінім,  
Айтшы, анажан, айналайын  
Айтшы, маған шын шындықты,  
Қайда жүрек, еркетайым?  
Тірі, аман ба? Сүйе ме ол?  
Ұмытты ма, тастап жарын,  
Айтшы, маған, қайда барын...  
Айтшы маған шын мекенін  
Іздеп жарды мен кетейін...  
Анатыйым, көгершінім,  
Айтшы, бәрін білесің сен!..  
Мені шешем бергелі отыр,  
Ақсақалды бір қақсалға,  
Сүйеге оны әжетайым,  
Көгершіндей көне алмаймын.  
Көндіре алмайд ешбір пәнде,  
Суға батып өлер-ақ ем,  
Бара алмаймын кірсіз жанға...  
Қара қасым сау болмаса,  
Әжетайым, етші онда.  
Қосылмастай қайта санға,  
Қандай қасірет, қандай ауыр,  
Қақсал әзір ертең тойға,  
Тағдырымды болжа-болжа!»

«Жақсы қызым! Демал аз-кем  
Мен нені айтсам соны орында,  
Мен де бір кез қыз болғанмын,  
Мен түсінем қайғы-зарға.  
Бәрі де өтті үйрендім мен:  
Жәрдемдесем сорлыларға,  
Бұл қайғынды, балақайым,  
Білген едім өткен жылда,  
Керемет шөп сақтап едім,  
Саған арнап сондықтан да»  
Барды кемпір шоланына  
Алды шөпті текшесінен,



«Міне саған бұл керемет.  
Ал да жылдам, бұлаққа жет,  
Тауық қашан шақырғанша,  
Тезірек бар, суға шомыл,  
Керемет шөп-суын ішсең,  
Зар-қайғынды жазад деп біл.  
Қайырылма да шақырғанға,  
Қарама да, тоқтама да,  
Сүйгеніңмен қоштасқан жер,  
Жеткенде тек тоқта сонда.  
Демаларсың тас төбеге,  
Жылжып сұлу ай келгенде,  
Іш-тағы су, келмесе егер,  
Үшінші рет іш тағы да.  
Біріншіде алғашқы жыл,  
Қандай болса, сол боласың,  
Екіншіде кен далада,  
Ат тұяғы дүбір даусын...  
Тірі болса егер казак,  
Қас қаққанша жолығасын,  
Үшіншіде, қарашығым,  
Сұрама да не боларын,  
Тыңда тағы шоқынба да,  
Үйтсең түгел айырылғаның,  
Жібересің суға бәрін...  
Енді бар да қара, жаным,  
Өткен жылғы келед әрің...»  
Алды шөпті, тәжім қылды,  
«Көп рахмет, анатайым!»  
Шықты үйден — бару ма? Әлде?  
Жоқ! Қайтпаймын қайтып елге!  
Келді... Суға жуынды, ішті,  
Жай ақырын күлімсіреп,  
Екінші рет, үшіншіде...  
Қарамастан ештеңеге,  
Ішті-дағы жүгірді, ұшты,  
Шаршап жолға құлап түсті,  
Жығылды да жасын төкті,  
Және... және жай әндетті...  
«Жүз ескекте, жүз аққу құс,  
Теңбіл терең көк теңізде,  
Өс те, өрші, жоғарыла.  
Өс шапшаңдап, тым жоғары,

Аспандағы бұлтқа шыңға, —  
Сұра барып құдайыңнан,  
Күте алам ба, жарды жоқ па?  
Өс те, өрші, қара артыңа,  
Теңбіл терең көк теңізге,  
Ар жағында менің бақтым,  
Міне қасірет-қайғы лезде.

Сонда сүйген қара қасым,  
Қыдырып жүр, әндетіп жүр,  
Мен жылаумен жылды өткізем,  
Босқа қарап күтемін құр.

Айт, жүрегім, оған барып,  
Маған күлед барлық адам,  
Айтшы оған, мен құримын  
Оралмаса қайтып маған!  
Ең арғысы шешем өзі,  
Маған қазды қабыр сайлап,  
Қартайғанда оған кім бар,  
Ақыл айтар бәрін ойлап.  
Оны ескеріп, сұрайтын кім,  
Қарттығында бәрін қорғап.  
Анам менің, бақытым менің.

О жасаған, о жаратқан,  
Қарашы әні ақ терекке,  
Күн шыққанша ертең ерте,  
Көрмейді де ешбір пәнде...

Өс жүрегім — терегім сен,  
Тым жоғары, жоғары өрле,  
Жүз ескекте, жүз аққу құс,  
Теңбіл терең, көк теңізде...»  
Осындай айтып қара қас қыз,  
Жылады әрі әндетті де,  
Міне ғажап ай далада,  
Қыз бір терек болды кетті...  
Орманда жел күңренеді,  
Шарлайды кең даланы,  
Жолдағы бір теректі иіп,  
Жерге де алып барады.

*1838, Петербург.*

## ГАЙДАМАКТАР

Дүние өтіп жатыр тірегі жоқ.  
Шыққан жерін барарын білері жоқ.  
Ақымақ пен данышпан тегіс ессіз  
Тұрды... өлді... гүлденіп, түлері жоқ.

Біреулер өмірі өшіп мәңгі сөнді,  
Желге ұшты жапырақ сарғылт өңді.  
Күннің шығу, батуы баяғыдай,  
Сәулесімен қызарған таңды шолды.

Жарқырап шыққан соң ай ақшыл бетті  
Кезесін саяхаттап көкшіл көкті.  
Сенің сұлу кескінің құдық пенен  
Теңізге нұрын мол ғып бірдей төкті.

Вавилонның бағы мен қаласына  
Нұр бергендей, бұл елдің баласына  
Мәңгі сәуле септің сен, сүйіп сені  
Сөйлеседі қарындас, ағасы да

Арнадым өлең, түсің ұнады да,  
Тағы бір сыбырлашы құлағыма!  
Ақыл айт маған: қайтсем құтыламын  
Қайғыдан, қалай жетем мұрадыма?

Жалғыз да, жетім де емен, өзіңе аян,  
Балам көп оның бәрін қайда қоям.  
Өзіммен бірге көмсем, тірі жанға  
Обал! Көзін тірілей қалай жоям?

Мүмкін басқа дүниеде жанға жеңіл.  
Ауыздан сөз, көзден жас төккен өмір!..  
Еңіреп шын жүректен төккен жасты  
Аяп біреу айтар ма онда көңіл?

Жок, көнбеймін тірідей жаным сені!  
Көк аспанның болмаса шеті, шегі,—  
Нақ сондай жанымда да шет пен шек жоқ,  
Жан қайда? — деген сөзге ойым мені.

Таң қалдырып, ойлаймын мүмкін біреу,—  
Бұл дүниеде ескерер жанды жүдеу,  
Бақытсызға дүниеден безу ауыр,  
Ескер, қыздар, жан үшін тіле тілеу!

Сендер гүл, гүлге ғашық ежелден жан.  
Қыз тағдырын жан жырлар шырқайды ән.  
Күн шыққанша, балалар, тынығыңдар,  
Мен ізденіп өзіме басшы табам.

Гайдамактар, ұлдарым!  
Дүние кең, ерік бар.  
Саяхатқа шық, ұлдар,  
Сыбағаңды теріп ал!

Сүйікті менің ұлдарым,  
Ақылдарың толмаған  
Құшағын жылы жаятын,  
Шын сүйіп қарсы алатын  
Бұл дүниеде, шырақтар,  
Анадан өзге бар ма адам?

Ұлдарым, қыран құстарым,  
Украинаға ұшыңдар!  
Жат жерде көрер қайғыны  
Туған елде құшыңдар!

Жанашыр онда табасың,  
Өлуге сені қимайтын,  
Мұнда... Мұнда... балалар,  
Ауырлық жанды қинайтын.

Еңгізсе егер үйіне,  
Түрінді көріп күледі.  
Олар сондай адамдар:  
Оқыған, бәрі біледі.

«Шықпайды,— дейді,— орнынан.» —  
Күнді олар сынай кеп.

«Сәуле емес сәулесі,  
Жанбайды неге бұлдай боп!»

Не істейсің? тыңдайсың,  
Рас па деп өсекті.  
Мүмкін күннен білгіштер  
Алған шығар есепті...

Мұнда бәрі білімпаз!  
Саған қалай қарайды?  
Мақтауы маған белгілі!  
Сықақшыл, жоқ елдігі,  
Түкпіріне қамайды.

«Тынықсын,— дейді,— бұл-дағы  
Ұйқыдан әкем тұрғанша.  
Өзіміздің Гетманды  
Бізше кеңес қылғанша.

Әйтпесе, бастап ақымақ  
Жансыз сөзбен кеңесіп,  
Елестетер әкеліп  
Ярема деген немесін.

Шәрке киген ақымақ!  
Үйретпейді қинайды.  
Казак пенен Гетманнан  
Биік қорған сақталған.  
Одан басқа түк те жоқ,  
О-дағы тез қирайды.

Сүйте тұрып тыңдатпақ  
Болғаны оның шал әні.  
Жоқ, туысқан үйтпе сен:  
Керек қылсаң ақшаны,—

Іздесең тағы атақты  
Сондай ғажап тамаша,  
Болсын жырың біз сүйген:  
Матроша, Параша.»

Сұлтан, Паркет, Шпоры  
Жырлап атақ ал, бірақ

Ойнайды көк теңіз деп,  
Жасыңды төкпе сен жылап,  
Сонда бәрі сенікі,  
Қалтада түк қалмасын!  
Дұрыс, білгіш, ақылың!  
Сөзіңе тәңрі — жалғасын!  
Ол сөзің маған кеңірек  
Тігілген жылы төс-камзол,  
Мақұл деген ақылың  
Баттасып жатқан жалған ол.

Ғапу ет... Айт өзіңе  
Сөзінді сенің тыңдаман!..  
Шақырмақ түгіл білгіштер  
Сендерге мен ымдаман?..

Ақысызбын, жалғызбын,  
Отырып өз үйімде,  
Сәбидей жылап, жырлаймын,  
Шығарып зарды күйінген.

Жыласам теңіз толқиды,  
Жел екпіндеп еседі.  
Күңгір дала, қорғандар  
Желмен кеңеседі.

Жырласам қорған қақпағы  
Шалқасынан ашылар.  
Теңізге шейін Запарождар  
Кең даланы жасырар.

Атаман жүрер алдыңда  
Қара атты, сауытты  
Жол бойы сарнар қамыстар,  
Ашуланар, дауыстар  
Жырлап қатер-қауіпті.

Жүрегім сыздап, тындап мен  
Сұраймын сонда шалдардан:  
«Көңілсіз неге ұлдарым,  
Әкелер неге зарланған?  
Жылайды неге Украина?  
Днепр бізге долданған...»

Жырлаймын мен де сол кезде  
Көтеріңкі көңілмен,  
Жорыққа шығар атаман.  
Жүз бастығы, жаңа пан,  
Оған ерген көп гетман  
Сауытқа алтын көмілген.

Кіріп менің үйіме,  
Отырып менің жаныма,  
Украинаға кеңесін  
Айтады олар тағы да.

Сечьтердің қалай қатарын  
Жорығында тізгенін,  
Қайыққа мініп казактар  
Қайраңмен қалай жүзгенін:

Скутарда жылынып  
Теңізде салған сайранын,  
Трубка тартып, Польшаға  
Өрттей салған ойранын,  
Украинаға қайтып кеп,  
Тойлағанын, ойнағын:

«Ойна, қобыз, құй арақ!» —  
Десе казак дауыстап,  
Сасқалақтап күтуші  
Құйып, естен ауыспақ.

Ойналса қобыз казактар  
Шыбықтай дене майысып,  
Метелица, гопакты  
Билейді тобы сайысып.  
Арақ құйған бокалдар  
Құрғайды тез ауысып.

Сайранда пан, шапансыз-ақ,  
Сайранда жел далада!  
Қобызшы ойна, құй арақ,  
Тағдырсыз іс бола ма.

Таянысып бүйірін,  
Жігіттер де, шалдар да,  
«Сүйту жақсы, балалар,  
Балалар, ұқса пандарға!»

Атамандар бұл тойда  
Тұрғандай кеңес басқарып,  
Сөйлеседі, жүреді,  
Тұрмайды кейін жасқанып...

Кәрілердің желігі  
Демендер онда басылды,  
Қараймын мен де, күлкіге  
Қосып көзден жасымды.

Қараймын, күлем, сүртем, тамған жасты,  
Жалғыз емен, жалғаннан табам досты,  
Қазақтарға саяхат орны күркем  
Даладай шексіз, сайлы мол ағашты.

Күркемде ойнайды кең теңіз тулап,  
Мұңайып қорған, тал мен терек шулап,  
Ғашығына у берген қыз жырлайды,  
Серігі мұндай көптер мәңгі тұрмақ.

Міне, қайда қазынам,  
Байлығым, ақшам, мәртебем!  
Рақмет, саған білгіштер,  
Ақылыңнан жеркенем!

Жетер менен, тірімін,  
Зар төккен, жасты өлі сөз,  
Қош болыңдар, жөнелсін  
Балалар ұзақ жолға тез.

Барса онда қарт казак,  
Табылар мүмкін табылар,  
Балаларды қарсы алып,  
Қарттың жасы ағылар.

Айтамын тағы жетеді,  
Мазағың маған сандалған.  
Ескертемін білгіштер  
Мен үлкен пан пандардан!

Отырып стол басында  
Ойлаймын солай толғанам,  
Өтінем кімге? Кім бастык?  
Далада әне атты таң.



Ай да сөнді, күн жанды,  
Гайдамактар тұрды да,  
Жағалай мені отырды,  
Беті-қолын жуды да.

Қайғылы жетім секілді,  
Төніп маған қарады.  
«Бата бер, әке, балаңның  
Күші мен бар талабы!  
Дүниені кезіп өлесің,  
Бата берсең алады».

Тоқтаңыз! Дүние күрке емес.  
Балаларым, жасың жас.  
Кім бастамақ сендерді,  
Қай атаман болмақ бас?

Кім ұзатпақ? Балалар,  
Маған қайғы соларың!  
Мәпеленіп, өсірдім,  
Әжетке бәрің жарадың,  
Қатарға кірдің, қатарың  
Білгіштер, ойла, қарағым.

Ғапу ет, мен көп білем,  
Жесем де талай таяқты.  
Ұрса да қатты, өте көп  
Оқытты маған сабақты.

«Ти», «мем», «си» жаттаған  
Ұмытқан жоқ әлі де,  
Балаларым, барайық,  
Оқытқан сол кәріге.

Тумасам да, тұтынған  
Әкем бар жақсы көретін.  
Не істеймін деп барсам да,  
Оң ақылын беретін.

Себебі ол біледі  
Дүниелерде нелер ғажапты,  
Панасыз жетім жүктеген  
Нелер ауыр азапты.

Кездестіріп көрген жоқ,  
Шын жанды ондай казакты.

Жөргекке бөлеп, әлдилеп  
Алған кезде алдына,  
Жырлаған сөзін анаңның  
Шығарып естен, айныма!..

Украинаны аралап,  
Жүретін соқыр қарттардын  
Ұмытпа, зар мен забордын  
Етегінде айтқанын.

Сүйелік казак мақтанын,  
Шындық ойын сүйейік,  
Мейрімді дүние шақырса,  
Балалар, кәне, жүрейік!..

Жолықпаса егер қарт  
Менің ауыр күнімде,  
Алдақашан көмусіз  
Жатар ем жат жерде мен  
Сызды қардың түбінде,

Қарға көміп, дер еді:  
«Жолаушы сорлы адасқан,  
Еңсесін басып дүние,  
Өлмеуге жан таласқан.»

Түске кірмес өткен күн,  
Ал, жігіттер, кәне тарт!  
Жат жерде мені апаттан  
Сақтап қалса соқыр қарт.

Сендерді солай сүйкімді  
Құшақпен қарсы алар ол,  
Одан бата алған соң  
Украинаға тарттық жол!

Құттыхана үйіне  
Балаларым келді, ата!  
Ұзақ жолға жүреді,  
Бұларға, ата, бер бата!

*1841, Петербург.*

## ЯРЕМА МЕН ОКСАНА

Желсіз тымық һауада  
Орман демін алады.  
Ай жоғары өрлейді,  
Жұлдыздар да жанады.

«Күтіп тұрмын, шығып кет,  
Жүрегім, сәулем, жарығым,  
Шығып кетші бір сағат,  
Суда жүзген балығым.

Кептерім, көз сал, сырласып  
Өткізем түнді бірге мен.  
Себебі алыс сапарға  
Жүремін бүгін түнде мен.

Шығып кет, құсым, жүрегім,  
Әзірге жақын арамыз,  
Неткен ауыр!.. Кешікпей  
Алыстан зар қағамыз!»

Қыдырып жүріп орманда  
Ярема солай жырлайды,  
Оксана жоқ, күтіп ол  
Жырлайды да, тыңдайды.

Жарқырап жұлдыз, аспанның  
Кезеді жүзін жарық ай.  
Жемісті жапырақ астында,  
Тал тыңдайды бұлбұлды,  
Сылдырайды бұлақсай.

Бұлақты сайдың басында,  
Сайрайды бұлбұл білгендей  
Қазак барын қыз күткен  
Нақ өзінің қасында.

Ярема да, сол кезде  
Ақырын сайға өрлейді,  
Тыңдамайды көрмейді,  
Еш затқа көңіл бөлмейді...

«Несіне маған бұлай бітті көрік?  
Не бақыт, не басымда болмаса ерік,  
Туғаным жоқ, дүниеде мен жалғызбын  
Жастық шағым өтеді босқа семіп,

Бақыт деген — өлең шөп жат жерде өскен,  
Үзетін сабағын жел үрлей ескен.  
Мен де сондай жетіммін, жұрт жатырқап,  
Білмей мені, қоямыз қайда дескен.

Дүниеде бар еді жалғыз жүрек,  
Жалғыз жан жетім үшін тілер тілек.  
О да менен айрылды!..» көзден аққан  
Жасын сүртті, бибақтың жеңді білек.

«Қош бол, алыс жолға шықтым,  
Іздеп бақыт табамын.  
Не, Днепр ар жағында,  
Өлімтік боп қаламын.

Жыламайсың, көрмейсің сен  
Шоқыса қарға көзімді.  
Қазактың қара көздерін  
Сүйдірген, сәулем, өзінді.

Көз жасымды ұмыт сен,  
Ұмыт мендей жетімді.  
Антымды ұмыт, басқаға  
Бұра бер сонсоң бетінді!

Мен серігің емеспін,  
Үстімде сұр шекпен ол,  
Ардақты өскен қызсың сен  
Сенің әкең Ктитор.

Кімді сүйсең еркін,  
Бас иемін тағдырға,  
Құсым, мені ұмыт сен,  
Ұмыт мені, қайғырма!

Жат жерде өлсем, естісен  
Дұға қыл ақырын, жүрегім!  
Дүниеде жалғыз сен ғана  
Дұға қыл, сенен тілегім!»

Деп жылады қайғылы,  
Сүйеніш болып таяғы,  
Жылады ақырын солқылдап,  
Сыбдыр!.. Ол жалт қарады.

«Қалжыңдасам Оксанка  
Орманнан шығып келеді.  
Жүгірді... құшақ айқасты,  
«Жүрек!» — үнсіз өбеді.

Ұзақ уақыт оларда  
«Жүректен» басқа жоқ дыбыс.  
«Жетер құсым!» — «Азырақ!..  
Тағы, тағы... сен сүйгіз!..  
Жанымды алшы!.. тағы бір!..  
Oh, шаршадым, мен әлсіз!»

«Дем ал, менің жұлдызым!  
Көктем маған келдің сен!»  
Төселді шекпен...  
Мырс етті,  
Жапалақтай боп селең.

«Отыр келіп қасыма!»  
Аймаласты тағы да.  
«Жүрегім, менің жұлдызым  
Кешіктің кімнің бағына?»

«Ауырып әкем, күтем деп  
Сол себепті кешіктім!»  
«Ұмыттың мені!» —  
Құдай-ай,

Мұндай сөз тағы есіттім!»  
Мөлдіреді көз жасы,  
«Жылама, жаным, қалжыңым!»  
«Қалжың!» — езу тартты ол,  
Төсіне, басын артты ол  
Дегендей боп қалғыдым.

«Қалжындасам Оксанка  
Сен шын көріп жылайсың.  
Жылама, ертең көрмейсің.  
Сонда тағы шыдайсың.

Ертеңгі күн Оксанка  
Мен алысқа кетемін,  
Ертең түнде Чигринде  
Қылышпен ант етемін.

Аламын алтын, күмісті,  
Аламын атақ, киінем,  
Отырам тақта гетманша,  
Секілді елдің биі мен.  
Өлгенше шолып маңымды  
Дәрежеме сүйенем!»

«Мүмкін байып бойыңды  
Көтеріп сен биікке.  
Пандарменен кетерсің,  
Ұмытып мені Киевке.  
Оксанканы ұмытып,  
Дворян қызын сүйіп те!»

«Сенен артық жан бар ма?»  
«Бар шығар, қайдан білейін!»  
«Жақсы жоқ! Сені тәңірден  
Қарғама деп тілейін,  
Көк теңізден әрі де,  
Көкте де, одан әрі де  
Жақсы жоқ!»

«Ойлан! Не дедің?»  
«Балығым, бұл шын ойым!»

Осыны айтып екі жас,  
Сүйісті тағы, тағы да,  
Кеңестей, сөздей кезекпен  
Айқасты құшақтары да.  
Сүйіс, жылау, ант беру,  
Таусылды талай халі де.

Ярема қызға болашақ  
Күндердің ісін танытты.  
Тұрып бірге табуды

Алтын менен бақытты.  
Гайдамактар турауын,  
Лях жауларын қауіпті,  
Өлмей қалса егерде,  
Әкім боп, жетем дегенге —  
Деді ол, қыз кеңесін  
Тыңдап кейде жалықты.  
«Қара, мұны! Сөзінің  
Секілді маған бәрі рас!»  
Әке, шешең көрмесін,  
Абайла, екі сүйген жас,  
Болашақты болжауға,  
Күнәға бату жарамас.  
Қызыққа қызып шегінен  
Шығып кетпе, байқап бас!  
Қайталап айтам; қалайша  
Қазак қара бұйра шаш  
Тал түбі, судың жарында  
Құшаққа құшақ аралас  
Оксанкамен сүйісті,  
Еске ап сапар жүрісті  
Уайымға батты, есінен  
Жаңылып, көзден төкті жас.

— Жүрегім менің, бақытым!  
Қымбатты менің сұңқарым!  
Тыңдады тал да сүйіскен  
Екі жастың іңкәрін.

Бұл кеңесін айтпай-ақ  
Қояйын қара қастардың,  
Түсімде түнде ойлармын,  
Содан кейін бастармын.

Тәтті сүйіс жастардың  
Қосса қалай арасын,  
Сүйісіп солай жайына  
Енді олар тарасын.

Көрмесін ешкім жастардың  
Көзінен ыстық жасты сел.  
Мүмкін олар дүниеде  
Тағы да бір кездесер.

Біз тезірек Қтитор  
Үйіне қарай барайық.  
Не болып жатыр үйінде  
Терезеден қарайық!

Айтайық терезеден көрген кепті,  
Көрмей-ақ осы кепті қойсақ нетті!  
Жалынды көзге адам түршігер іс,  
Айтуға айнытады ол жүректі.

Көзіне көрінеді конфедерат  
Бостандық деп оттайды атқандар ант.  
Келтірген дүниеге сол сұмдарды  
Аналар күн айналмай сазайың тарт!

Қтитордың үйіне көрсең барып,  
Үйінде даулап жатқан бейне тамұқ.  
Пешінде үй ішінде сәуле беріп,  
Қозды от, маздап қызып жатыр жанып.

Бұрышта тұрып жебрей қалшылдайды...  
Конфедерат Қтитора арсылдайды.  
«Жан керек болса кәне ақшанды бер!»  
Айтпайды... тақым бұрау!.. қамшылайды.

Жығып сап тепкілейді оны тағы,  
«Ұнды тап!.. көмірді тап!.. смоланы!..  
Қамшы жаудыр!.. Етіне ыстық шоқ сеп!..  
Әйтпесе, қызған дене суынады.  
Қара, сен, дыбыс бермей сазаруын  
Бұл неткен берік адам айуаны!»

Қоншына маздап тұрған ыстық шоқ сап.  
Бұйырды «Шекесіне,— деп, — шеге қақ!»  
Шыдамай бұл азапқа, жанын кешіп,  
Сылқ етіп сорлы мұндар кетті құлап.

«Оксанка!.. қызым!..» оның соңғы сөзі.  
Ляхты ойға түсірді бұл лебізі.  
Неше қарғыс атса да ойға қалды,  
«Қайтеміз, не болды»,— деп,— мұның өзі?

Шіркеуді өртеу керек!» —  
«Ойбай құтқар!



Құдай үшін құтқар!» — деп шақырып жар  
Сыртта дыбыс естілді. Ляхтар састы,  
«Бұл не дауыс, япырау, сыртта кім бар?!»

Оксанка «өлтірді» деп айғай салып,  
Есіктен кіре бере қалды талып.  
Қолымен ымдап бастық серіктерін  
Шығарды сыртқа өзі кейін қалып.

Сұм бастық қызға төнді талып қалған...  
(Болар ма адам мұндай ада ардан)  
Ярема, қайдасың? Көр!..  
Ол кезде ол  
Ұзап кетіп барады әнін салған.

Аттанды ляхтар, сінді қою түнге,  
Оксананың өлігі кетті бірге.  
Әркімде Вилшанада елегізіп  
Әр жерде шәуілдесіп ит үргенде.

Сұрғылт ай сығалады, ұйықтаған-ды,  
Ктитор ұйықтап жатыр, бірақ мәңгі...  
Жанған шамның сәулесі әлсізденіп,  
Біраз тұрып лап етіп сөне қалды.  
Шам сөне сескенгендей болды өлік,  
Қайғылы үй зорға-зорға демін алды.

## ТҮС

(Комедия)

Әркімнің бар өз тағдыры,  
Әр кім сүре, жолында өзі;  
Біреу жасап, біреу бұзып,  
Жүрсе-дағы тоймас көзі.  
Дүнияға аш көздене  
Қарап, тоймай пайда іздене,  
Бос жатқан жер болса, оны  
Қамтуға тез елегізе  
Өліп бара жатса-дағы  
Алмақ оны көрге енгізе.  
Басып козырь тұзыменен  
Өз құдасын үйінде ұтып,  
Талан-тараж етіп құртып,  
Бір бұрышта тұрады да,  
Жасырынып, туғанына  
Пышақты өткір сұғуға ынтық  
Оның өзі жайлап қана  
Жылы жүзбен жолыққандай,  
Тәңіріден қорыққандай,  
Мысықтайын бұғып өтіп,  
Сәті түсер кезең күтіп,  
Бір орайлы тар кезеңде  
Жез тырнағын түйрелдіре  
Салмақ адам жүрегіне.  
Өлді, бітті: әйелі оның  
Ажалға ара тұра алмайды,  
Балалары шағып мұңын  
Маңайына бара алмайды.  
Ал, анау сұм асып-тасып,  
Салып зәулім сарайларды,  
Бұрқыратып судай шашып  
Ақшаны да аямайды.  
Туған елін сондай сүйед,  
Жаны сүйген ұрпағының

Судай шашып қанын төгед,  
Туғандары үндемейді,  
Ұстайды үнсіз өзін өзі,  
Моп-момын боп бейне қозы  
Ұясынап шығып көзі:  
«Мүмкін осы жөн шығар» дейд,  
Айтқанда да, айтар сөзі.

Осы керек!

Неге десең,  
Көкте көрер құдай жоқ-ақ,  
О дүниеге барғанда да  
Тілейсіңіз қандай ұжмақ,  
— Еш нәрсе жоқ! Еш нәрсе жоқ!  
Жоқ, жоқ тіпті ешбір ұжмақ!

Ойлаңызшы, еңбек ешті,  
Еңбек ету аянышты!

Бұл дүниеде менің шыным:  
Бар тек қана балалары  
Патша менен тіленшінің,  
Бар тек, адам балалары,  
Балалары солар ғана  
Адам-ата Хауананың.  
Солар ғана, олай болса,  
Менің өзім кім боламын?  
Езгі жұртым ол былайша:  
Мен қыдырам, сайрандаймын,  
Жексенбі күн думандаймын,  
Басқа күнде той тойлаймын,  
Ұнамай ма, сізге бұл да,  
Есітпеймін, олда-білда!  
Сіз даурығып шуламаңыз!  
Жаратпаймын шулағанын,  
Ішсем, ішем өзімдікін,  
Мен ішпеймін кісі қанын,  
Осылайша мас боп түнде  
Шарбақ аула сыртыменен,  
Күбірлеймін жеткенше үйге  
Сөйлеп өзім өзімменен,  
Менің балам жыламайды  
Ұрыспайды әйелім де,

Жаным жайдың жаннатында,  
Шүкір, тәңірі бергеніне.  
Үйге келдім, жаттым міне,  
Жаттым енді келіп ұйқым,  
Ішкен кісі қандай ұйқтайд,  
Аянатын бар ма сыйқым,  
Мейлі мені жұлқыласын  
Селт ететін емес мұртым!  
Қандай ғажап түстер көрдім,  
Бір ғажайып түсім менің,  
Сау адам да мас болмас па,  
Ондай түсті көрсе керім,  
Нағыз сараң біреулер де  
Сондай түсті бір көруге,  
Қетсе де оны қағып бір жын,  
Берер еді бір он тиын.

Түсімде осы бір жапалақ  
Ұшқан екен деймін көлбей,  
Тоғайды өрлей, орманды өрлей,  
Терең сай мен саланы өрлей,  
Байтақ жатқан даланы өрлей,  
Артын ала мен де ұшыппын,  
Сонымен мен тыныстасып,  
Ұшып барам екен деймін,  
Жермен тіпті шын қоштасып.  
«Қош бол, дүние! Қош бол, жерім!  
Көріскенше — қош бол, елім!  
Зұлымдық пен азабымды  
Бұлтқа көміп жіберерім!  
Украинам, бірақ менің  
Жесір демей мен не дермін.  
Сөйлесуге сеніменен  
Бұлттан ұшып мен келермін.

Жайлап мұңды сөйлесуге  
Мен келермін ентелеумен,  
Мен келермін, қара түнде  
Түскен шоқтай дәл төбеңнен,  
Ақылдасып, мұндасармыз  
Күн жарқырап шыққанша,  
Жас ұлдарың өсіп-өніп  
Жауға қарсы шыққанша,

Қош болып тұр, жаным анам,  
Сен қартайған жесірсің!  
Жебеуімен тәңірінің  
Балаларыңды өсір сен!»

Ұшудамыз: көкжиегі  
Қызарады, жанады,  
Көк орманның бұлбұлы  
Күнді қарсы алады.  
Жібек жел жайлап еседі,  
Үнсіз жым-жырт төңірек,  
Сай-салада саялап  
Орман тоғай көрінед?  
Бас иіп бақша, бәйтерек  
Күзетшідей сірескен,  
Жайқалған еркін егінмен  
Секілді бейне тілдескен.  
Тап осы, жер, осы ел,  
Сұлулыққа шомылған,  
Меруерттей мөлдірлі  
Күміс шыққа малынған.  
Нұрға жиһан шомылған  
Қарсы алып күн мейірі  
Шексіз орман қалғыған,  
Жоқ тіпті ұшы-қиыры.  
Осы тұрған қалпынан  
Өзгерте алмас мұны адам.  
Қамығып жаным әрдайым  
Әлденеге мұңайған.

Жаным, тозған жанымсың,  
Жылайсың, неге күлмейсің?  
Аяймысың? Көрмеймісің?  
Мұңымды неге білмейсің?  
Естілмей ме елдің зары  
Жан-жағыңа қара тұрып,  
Ұшамын мен көкке биік,  
Ұшамын мен бұлттан әрі,  
Онда тіпті еш нәрсе жоқ,  
Үкімет те, азап та жоқ,  
Күлкі, қайғы ештемесін  
Онда тіпті естімейсің,  
Қарашы, әне, сен қалдырған

Жер жаннаты жұтынуда,  
Мүскін жанның үстіндегі  
Ет көйлегін сыпыруда.  
Жондарынан таспа тіліп,  
Ет терісін сыдыруда.

Жап-жас князь қызының көп  
Киерге аяқ киімі жоқ.  
Жер салығы үшін пақыр,  
Жетім-жесір, әйелді ақыр  
Қан сорпа қып қысып жатыр.  
Оның жалғыз балашығын —  
Жалғыз ғана қарашығын  
Әскерлікке алып жатыр.  
Неге десең, әскері аз, —  
Сонымен ол жарып жатыр.  
Әне, ауланың ар жағында  
Жап-жас сәби қалжырауда  
Аштан, өліп-талып жатыр.  
Сорлы анасы күң боп, мұң боп  
Бидайды орып шауып жатыр.  
Көрдің бе, анда көрмегір көз  
Неге ашылдың оттай жанып,  
Жас шағымда қанды жаспен  
Кетпедің сен не үшін ағып?

Қызды, аулада күйеусізсің,  
Заңсыз туған деп қинайды,  
Әке, шеше өз баласын  
Өзімдікі дей алмайды.  
Бөгде жанды бөтенсіреп  
Басқа кісі тағы алмайды,  
Қайыршы да, қашад одан  
Бай-баринның баласы да  
Оны тіпті біле алмайды:  
Мүмкін көрер жәрдемі жоқ,  
Көрмегендей батқан зарды,  
Мәңгі атадан келе жатқан  
Адамзаттан аққан қанды...  
Бишара жаным аяулы  
Сенімен көңлім қаяулы,  
Сен екеуміз уланып,  
Мұзда ұйқтаймыз қиналып,

Тәңірінің өзінен  
Сұралық біз әлде де:  
— Осынша ұзақ дүниеде  
Делік жендет билей ме?  
Көңлім, жаным, зарығуым,  
Зарлануым, тарығуым  
Біріңе бірің серіксің  
Бірге өсіп, бәрін көріпсің,  
Құдайға елдің көз жасын  
Алып ұш ойды, белді бу,  
Зұлымдықтың ордасын  
Талқанда да, көктен қу!  
Мейлі түнек түтігіп,  
Лапылдап жалын жағылсын!  
Жалмап жылан тағы да  
Өлген жаннан ағыла  
Жердің беті жабылсын!  
Әзірге өз бетімен  
Жүрегімді алып қалайын,  
Жердің қиыр шетінен  
Іздеп жұмақ қарайын!

Жерден жылжып тағы ұшамын  
Тағы онымен қоштасамын,  
Бірақ қиын жан ананы,  
Жан ананы тастау мүлде,  
Түндігі жоқ ашық үйде.  
Онан-дағы қиынырақ  
Берешегін тұрсам ойлап,  
Көз жасы оның төгілгенде.

Ұшып барам, ұшып барам,  
Есіп, жайлап жел үреді,  
Көз ұшында ағараңдап  
Қар ашақ боп көрінеді.  
Жан-жақ қалың жасыл орман,  
Батпақты саз, әм көк тұман,  
Көкшіл тұман, тек кең алаң  
Еш дыбыс жоқ тегі адамнан.  
Із түспеген адамзаттың  
Қорқынышты аяғынан.  
— «Қас пен достар, қош болындар!  
Қонақ та боп келмен енді.

Мәз-майрам боп, думандаңдар,  
Оны естімен, көрмен енді!  
Қар мен мұзға мен түнермін,  
Жалғыз өзім жылдар мәңгі.  
Іздеп әбден сіз тапқанша  
Ағызбайтын жас пен қанды,  
Іздеп әбден сіз тапқанша  
Қайғысы жоқ әділ елді,  
Тынығамын, тынығамын  
Тынышталам алып демді».  
Алай-дағы есітермін  
Шылдырлауын кісендердің.  
О, масқара, сен адамзат  
Не істеп жүрсің? Қайдан келдің?  
Нені қарап, не іздеп жүрсің,  
Әлде, астынан шықтың жердің?  
Жоқ! Қашып мен құтыла алман.  
Деп ұшып ем — құтыла алам.  
Ұша алмадым. Ұша аламын  
Деуім жөнсіз екен менің.  
Қандай азап, қандай зорлық  
Мені неге қойды зар қып?  
Мені мұндай істегендей  
Етіп едім кімге жазық?

Кімнің сондай ауыр қолы  
Денедегі жанды қысты?  
Жүректі өртеп, ойды серіп  
Қарға-құзғын қайдан ұшты?

Мен не үшін азап тарттым,  
Жазалымын, жұлқынамын.  
Жаралаған бұл жазадан  
Қашан ғана құтыламын?  
Жеңілдікке қашан жетем?  
Жете аламын дей алмаймын,  
Жан жаңартар жеңілдікті  
Көре алмаймын, біле алмаймын.  
Қимыл көрем кең даладан  
Шыққандай-ақ дәл моладан  
Ең соңғы рет сотқа көрден  
Өлген жандай бас көтерген.  
Соттан тілек сұрайтұғын



Емес олар өлген жандар,  
Олар тірі, тек бұғауда  
Жан азабын көрген жандар;  
Іннен қазып алтын алып,  
Құзғындардың тамағына  
Жүреді олар жемтік тауып.  
Қаторгаға айдалғандар  
Білер ме оны сорлы жандар,  
Әлемге ие тәңірінің де  
Мүмкін мұны көрмеуі де.

Әне зұлым қарғыс таңба басылған,  
Жерге сүйреп кісендерін тасыған,  
Әне бұзық істеп болып істерін,  
Шықырлатып қайрайды олар тістерін.  
Таяққа әлі жығылмаған жолдасын  
Бауыздауға дайындап тұр күштерін.

Рақымсыз, әм үмітсіз.  
Арасында солардың  
Үсті толған көк кісен  
Патшасы жүр жиһанның.  
Ол тәңірі бұл жалғанда  
Басылды оған қарғыс таңба.  
Айдау да ол жүрсе-дағы  
Мұздамайды жүрек, ойы,  
Мұздамайды ғасыр бойы!

Қайда ойың, ойдағы әнің, қызыл гүлің,  
Батыл өскен сүйікті, ерке ұлың?  
Бердің кімге оларды, достым, кімге?  
Жүрекке сақтадың ба, отты сырын?  
Жасырма, кең әлемге шаш барлығын,  
Көрерсің өсіп адам болғандығын.

Аяз ойды оятты,  
Тағы ұшамын, жүремін,  
Жер қарайды көремін,  
Қалғып менің көңілім,  
Салқындайды жүрегім,  
Қараймын: үйдің нақ қасы  
Толған жол, шеркеу, бақшасы.  
Қалаларда қараңдай

Ұсап бір сап тырнаға,  
Солдаттар жүр адымдай  
Шекіп басып ырғала.  
Көзге және түседі  
Қараң-құраң алыста,  
Қол-аяқта кісені  
Жан-жағыма көз салып  
Біреулер жүр маршта.  
Жан-жағыма көз салып  
Шолып тағы қарадым,  
Айналасы апандай  
Жағалай саз қаланың.  
Секілді түрік қаласы  
Бәлкім неміс қаласы,  
Әлде орыстың қаласы?  
Шеркеу менен сарайлар,  
Сонда жуан жүр байлар,  
Мұнда шағын там үйдің  
Көрінбейді қарасы.  
Осы кез от жылтылдап,  
Көрінді жанып лапылдап,  
Шошып кеттім жұрт мүлде  
«Уралайды» айқайлап.  
Қуанасыз не үшін  
Ойланымдар кіл ессіз!  
Не үшін жанып күйесіз?  
«Ей кохол-ау; не екенін  
Парадтың да білмейсіз  
Бізде парад — салтанат  
Патшаның тойлар салты нақ!  
Айтпақшы, патша әйелі  
Қайда кетті, қайда әлі?  
— Көрдің бе, деді, үні әні!  
Кездестім мен жерлесіммен  
Жез түймелі бұл кісімен.  
«Өзің мұнда келдің қайдан?»  
Келіп пе едің Украинадан;  
Білмейсің ғой сөйлер тіпті,  
Сөзді-дағы жергілікті,  
— Сөйлемей білем, тек сөйлегім  
Келмейд менің, ал өзің ше? —  
— Мен бұл жердің бәрін білем,  
Егер тіпті білгің келсе:

Жұмыстамын, осында мен,  
Барғың келсе, көргің келсе,—  
Сарайға да апарар ем,  
Біз білеміз жайы-түйін,  
Берсең болад елу тиын.

— Қой, маубасым! Саған шанып,  
Ере алман,— деп, лезде тайып,  
Аспанға ұшып қанат жайып,  
Мен тағы да болдым ғайып!

Соныменен сарайға мен  
Біреулермен ердім өзім,  
Жаппар ие, жарылқай көр:  
О, тәңір-ай, жалғыз өзің!  
Міне, алтынмен апталынған  
Нақ ұжмақты көрді көзім,  
Міне, оның өзі шықты  
Ашүланған тым сыпаты,  
Бойы биік һәм денелі,  
Өзіменен, қатар тұрған  
Қуыршақтай патша әйелі:  
Құрап қалған ат құлақтай  
Әрі ұзын сида сирақ,  
Жіп-жінішке тым аяғы,  
Ауру, құп-қу түсі бірақ,  
Мойынын да қалтылдатып  
Шашын сілкед, басын ырғап.  
Осы нағыз көрікті жан  
Сұлулықтың тәңірісі.—  
Деп ойлаппын көрмей тұрып,  
Бұл сықыллы мақұлұқты,  
Мен есалаң бір де көрмей  
Бұл секілді қуыршақты,  
Өзімше ойлап нанып қаппын,  
Сізге де өлең шығаратын  
Көрмей тұрып акымақты!  
Карап тұрып чиновникке,  
Жок екен де онда бүкпе,  
Акымақ боп бір маубасқа,  
Мен наныппын бостан-босқа!  
Міне, ондайға сеніп көрші,  
Айтқанына еріп көрші!?»

Құдайлардың ар жағында  
Бар, байларда — байлық айқын,  
Бар байлардың бөленгені  
Шымқай күміс, сап-сары алтын!  
Олар нағыз семіртуге  
Койған семіз шошқадайын,  
Көретұғын жоқ бір түр де  
Майға бөккен жуан қарын!..  
Олар тершіп, топтанады  
Ұруға да оқталады,  
Әлде олар істер мүмкін  
Ұрудан да басқа амалын,  
Қол ұшынан көрсетуге  
Жылтылдатып бас бармағын.  
Кіжінгенде бармағының  
Көрсетуге, я, ұшын тек,  
Искеткендей тисе екен деп  
Ойлайд майлы тұмсыққа дөп,  
Қатарласып ымсыз-жымсыз  
Секілденіп бәрі тілсіз,  
Тым-тырыс боп — тұрды үнсіз,  
Тұрды үнсіз жаңа патша,  
Патша әйелі — нәзік ханша  
Секіреді көп құстардың  
Ішінде бір сергек құсша.  
Ісіп-кепкен жапалақша,  
Жүрді екеуі оп-оңаша,  
Сөйлесті олар бір нәрсені,  
Естімей жай жұрт тыңдаса,  
Әңгіме: ата-баба жәйлі,—  
Иыққа ілер чинге айналды.  
Және жаңа мекемелер  
Жайында айтты әңгімелер;  
Бұдан кейін патша әйелі  
Отырды кеп орынына;  
Көріп тұрды, патша келіп  
Жуантық бір месқарынның  
Қондырды кеп мұрынына!  
Таяқ жеуші ыза болып,  
Жасы кіші біреуге кеп  
Перді оның қарынына.  
Ол өзінен кішіні ұрды  
Ыза болып тағдырына.

Ол баса алмай жан ашуын,  
Барып онан кішісінің  
Қондырды кеп жауырынына:  
Ол, өзінен кішкентайын,  
Бара салып ұрды тағы,  
Ең кішісін домалатты  
Үйдің табалдырығына,  
Опыр-топыр оған бәрі  
Қөше бойы ұмтылуда,  
Таяқты әбден жемеген деп  
Мұрынын жұрт бет қылуға  
Ұмтылысты келші, кел!— деп  
Өлтіре ұрып ет қылуға  
Ешқайсысы қынжылмайды.  
Ана сорлы зар жылайды...  
Біздің патша сайрандайды,  
Есіруді сұрамайды,  
Той тойлайды ақымақтар —  
— Ура!.. Ура!.. Уралайды!  
Сықылықтап сақ-сақ күлдім,  
Мені де езген оны білдім,  
Жұрт ұйқыға жатқаннан соң  
Ағарып таң атқаннан соң,—

Діншіл ділмәр әрбір жерде  
Дұға оқып сол іңірде,  
Тағызым қып патшасына,  
Жалбарынды тәңіріге.

Бірде күліп, бір жылап  
Қаланы кеттім қарауға,  
Онда түн — нақ күндіздей,  
Көз түсті биік сарайға.  
Толған зәулім сарайлар,  
Өзен бойын аңғардым,  
Жағасы мәрмәр көк тастар  
Жатты жылтыр, таң қалдым.

Қалайша, осы көлшікте  
Сарайлар кеп өрлеген?  
Десем,— ғажап бұл шетте  
Халық қаны төгілген...

Қарасаң сонау зор шыңдай  
Қоңыраулы қамал, сарайға,  
Сүп-сүйір біздің ұшындай  
Қорқынышты қарауға.

Қамалда сағат сыңғырап  
Соғып тұр көрсем көз салып,  
Көшеде тас-арғымақ  
Тұяғымен тас жарып!

Ерсіз аттың үстінде  
Көйлекті, әлде көйлексіз,  
Жапырақ жапқан басына  
Мінген адам бөріксіз.

Секіргендей өзеннен  
Осқырып ат елірген,  
Атылар оқтай кезенген  
Арғымақты сезем мен.

Аттағы адам кім екен?  
Аттанғандай айқасқа,  
Мен сығалап қараймын  
Жабысқандай жартасқа.

Ат үстінде сол адам  
Алға созған құлашын,  
Уысына бар ғалам  
Сыйғандай деп тұрасың.

Тас ат мініп қол созған  
Кім десеңіз оқушы:  
Ескерткіші деп жазған:  
«Біріншіге — Екінші».  
Біріншіге — Екінші

Бір керемет көрсеткен;  
Енді біле бастадым,  
Сол бірінші солдырып  
Украинаны еңсерткен.  
Екінші, — жесір-жетімді  
Құртып әбден теңселткен.  
Жыртқыш аңдар! Жендеттер!

Адам жегіш жәндіктер!  
Екеуің де тойдыңдар.  
Қырып жұртты жойдыңдар!  
О, дүниеге не қылып  
Барасыздар не болып?  
Маған осы тым ауыр,  
Мен қиналып отырмын,  
Украинаның қаналған  
Шежіресін оқимын.  
Бұзылды менің кескінім,  
Талмаусырап, талыққан  
Біреудің сол кез есіттім  
Жырын мұңды зарыққан:  
«Қараңғы, керең қаладан.

Атой салған полкпен,  
Шолып қиыр даладан  
Шекараға кіргелі,  
Жазалы болған Гетманмен  
Жіберді мені төнгелі  
Уа, мейірімді тәңірім!  
Уа, падиша, сұмырай!  
Қытымыр күннің ауырын  
Көрсетті-ау патша сұмың-ай!

Не істемедің казакқа?  
Сүйегін ұнтап сазға үйдің,  
Сүйегінен солардың  
Астананы салдырдың!

Қараңғы зындан түрмеде  
Мен — ер Гетман қынжылдым,  
Ойпырмай, патша-ай, аштық пен  
Қысымы батты шынжырдың!  
Тәңірі сенің өзіңмен  
Мәңгі бізді айырмас,  
Кісендеулі кезімнен  
Болармын ба айрылмас!

Жағанда Нева отырам ба  
Қиналдым-ау қалайда!..  
Алыс қалды Украина,  
Жоқ шығар, мүмкін ол қайда?..

Ұшып барып көрер ем,  
Жібермейді тәңірім,  
Днепрді өмірден  
Өртеді ме не бір күн.  
Төкті ме оны теңізге,—  
Ойсыратып өңірін?

Аттап ескі аруактан,  
Моланы мүмкін құлатқан?  
О, құдірет, о, тоба  
Жебей кәр өзің жаратқан!»

Бәрі тынды, қарасам:  
Аспанды жауып ақ бұлыт  
Бұлт ішінде орасан  
Тұрғандай кіл аң ұлып.

Ол бұлт емес, кіл ақ құс  
Сорғалаған бұлт болып,  
Темірдей патша үстінен  
Сайрады былай кілт төніп:

«Бізді кісендедіңіз,  
Сұр жылан саған ашындық.  
Сенің обыр көзіңнен  
Құдайды да жасырдық!

Украина жерінен  
Ұл мен қызды жан-жаққа  
Қудың аштай күңіренген,—  
Аязды, мұзды қар жаққа.

Бізді сойып, бауыздап,  
Терімізді іреттің,  
Сөйтіп қан мен сүйектен  
Астананы гүл еттің!

Мекенге жаңа қарашы:  
Шеркеу мен толған сарайдан,  
Шаттан, сұмырай жендеттер,  
Ант ұрған нағыз қарғалған!!!»

Жайына қалды дүние...  
Күн де шықты аңғардым,



Қарап тұрып түйіле,  
Шошындым да таңғалдым.

Кедейлер де жан-жақта  
Жұмысына шығысты.  
Солдаттар да аулақта  
Сапқа қатар тұрысты.

Астанамда дүрліге  
Қыз-қырқындар жүгіре  
Келе жатыр үйіне,  
Жұмсаған түнде анасы  
Нан үшін өмір сүруге.

Соларға қарап мен тұрмын  
Әр немені ойға алып:  
«Бір үзім нанды табудың  
Қиындығын ойға алып...»

Қара біздің туманы  
Сенаттан орын алады,  
Сумандап жазып қаламы  
Аямай әке, ағаны  
Салық салып алады.

Арасында солардың  
Жүр менің кей жерлесім,  
Былдырлап кейде төреше  
Сөйлейді келсін-келмесін.

Боқтайды олар басынан  
Әке менен ағаны,  
Оқытпадың жасынан  
Деп немісше баланы.

Оқытқан әке орысша  
Сатып жалғыз сиырын,  
Ұмытқан соны дұрыс па,  
Көрдің бе енді сөгуін?

Украина! Бұл қалай,  
Міне сенің балларың,  
Сорғалаған сиядай  
Көрдің бе не болғанын?

Неміске ұлың елендей,  
Патшаға иіп басын тек,  
Қор болды,— жесір әйелдей  
Украина жасың төк!  
Барып патша сарайларын  
Көзден әбден көрсем бе екен?  
Онда не істеп жатқандарын  
Көрдім, көрсем: ерсі де екен!  
Қарны жуан шонжарлары  
Семіздіктен теңсіз екен.  
Кілең ісіп-кеуіп кеткен  
Тамағынан қырылдайды,  
Қарап күрке тауық құсап,  
Шықса есіктен қырындайды.

Шығуға есік ашылды әне,  
Балпаң басып аюдайын,  
Баяу аттап аяқтарын  
Шықты тақсыр жайындайын.

Сыздап тіпті ісіп кеткен,  
Айта берсең беті көп-көк,  
Жанын сірә қинағандай  
Ант ұрғанның мастық ептеп,  
Сол қалпында ақырса өктеп,  
Барлық кепкен қарындылар  
Құлайды кеп жерге етпеттеп.  
Екі көзін ежірейтті,  
Қалшылдап сөз айталмайды.  
Оны көрген дір-дір етті,  
Кішісіне айқайлайды.  
Кіші-кірім қалғанына  
Ол жекірді ыдырынып,  
Жиырылып барлығы да  
Кете жазды жерге кіріп!  
Ол тиісті талайына,  
Зытты, көріп, малайлар да,  
Онан соң кеп солдаттарға  
Тиісті кеп қалғандарға.  
Солдаттардың әйелі де  
Еңіреді күңірене,  
Мықты сұмдық көрер көзге  
Болды осындай дүние!

Одан әрі не істер екен?  
Сол аюды тұрмын байқап,  
Еңсесі де түскен екен  
Тұрды мүлгіп басын шайқап.

Сол сәт оның аю түрі  
Ғайып болып кетті ұшып,  
Сиқына оның күлдім мен де  
Секілденген еркек мысық...

Ол есітіп, сұстанғанда,  
Шошып кетіп мен ояндым...  
Міне қандай түстер көрдім,  
Бір ғажайып істер көрдім!

Тек ұсқынсыз сұмырайлар  
Шырмалар ед мұндай түспен,  
Мұндай түсті көрер еді  
Яки мас боп, арақ ішкен.

Таңғалмандар, дос жарандар,  
Дос жарандар, ағайындар,  
Өзім айтып тұрғаным жоқ —  
Оқиға қып мұндай істі,  
Тек болғаны, айттым сізге  
Ұйқтап жатып көрген түсті.

*1844,  
Петербург.*

## БАТЫРАҚ ҚЫЗ

(Пролог)

Жексенбі күн таңсәріде,  
Қең даланы басты тұман,  
Тұман орап, қорғанда отыр  
Жас теректей солқылдаған,  
Өрімдей қыз жас балдырған.

Жүректе жыр, сыр сақтаған!  
Күбірлейді ойы тұман:  
«Ой, ой тұман, тұман, тұман  
Бақытымды қоршалаған,  
Неге мені қоршамайсың  
Құшағыңа ап тұнжыраған?  
Неге мені жермен жексен,  
Таптамайсың, айтшы маған?  
Неге жансыз — сұм тағдырым  
Неге өмірім қысқармаған?»

Жок, таптама, тұмантайым,  
Қең далада жасыр қызды,  
Ешкім көріп, білмейтін ғып,  
Мен сықылды бақытсызды.  
Мен жеке емес... бар тағы да,  
Қос қария: әке, ана...  
Бар тағы да... тұмантайым!  
Тұмантайым, іні... және...

Кім екенін... Қалқам бала!  
Мен бір кезде дәулетті едім...  
Сөкпе мені жалбарына,  
Қолым жайып аспанға да,  
Тағдырымды жаспен күтем,  
Саулық тілеп саған ғана!

Кетті сорлы шарлап дала,  
Құшағына алды тұман.

Жасын төгіп ыңырсыған,  
Мұңаюмен мүсәпір жан.  
Дунайдағы жесір қалай  
Ұлын көміп зар жылаған.

«Ой, кең дала, ескі қорған,  
Жетім-жесір аңыраған,  
Сені шарлап еңіреді,  
Дәрмен іздеп қалуға аман,  
Жәрдем сенен таба алмады,  
Тудым бір күн қос балақан,  
Құшақтадым, құндақтадым,  
Әкеліп ап Дунай саған.

Тымық, тыныш, тынық Дунай!  
Әлдиле, ал құшағың жай!  
Сен де сары сарсылған құм,  
Баламды күт, тосырқамай!  
Асыра, бақ, құндағыңа ал,  
Жатырқама, қойныңа орай!  
Тұрды қария кемпір мен шал,  
Бақша, хауыз, жағасында,  
Тек жекеше үйде оңаша  
Балаларша расында,  
Қайда көрсең екеу ғана,  
Жаста бірге қозы бақты,  
Болды кейін ерлі-зайып,  
Дүние тапты, мал өсірді,  
Үймен, хауыз дiрiмендi боп,  
Бақшалы боп қалды байып:  
Ақшалы боп аз да болса,  
Қалды, қалта-қолы ұзайып,  
Тек арманы баласы жоқ,  
Қарттың басты иығынан,  
Қарттығында кім оларды,  
Баласындай ардақтаған?  
Жылайтын кім, көметін кім,  
Кім жанындай «аталаған?»  
Жиған-терген малға ие кім,  
Еңбегімен, термен тапқан?  
Ең арғысы еркелер ед.  
Болса да ол шын тумаған,  
Бала асырау тағы қиын,

Тесік үйде жел қоршаған,  
Қартайғандық онан да ауыр,  
Түк атаусыз қалу жаман.  
Қартайғандық білгенге өлім  
Бар дәулетті желге ұшырған,  
Жат адамға, жат балаға,  
Күлкі, мазақ бос қалдырған.  
Кемпір мен шал жексенбі күн  
Отырысты тұнжырасып,  
Таза киім ақ жағалы,  
Күн де нұрын тұрды шашып,  
Сүйкімді жай, ұрмақ сынды.

Тек жүректе жасырын сыр,  
Мысалы аңды қараңғы орман,  
Жасырғандай қойнын ашып,  
Міне сондай жаннат жайда,  
Отыр неге қайғы басып,  
Көкейде әлде, қатқан қасірет,  
Қозғалды ма, қожырасып?  
Кешегі бір сөнген тілек,  
Жанданды ма жамырасып?  
Неге соның бәрінен соң,  
Қос қария тұнжырасты,  
Құдайға әлде аттануға,  
Мүмкін болар жиналысты?  
Алыс жолға кім оларды  
Жақсы ат жегіп, шығарысар?  
Деп кім біздер өлсек көмер,  
Өле қалсақ егер біздер.  
Ойланамын, жан жоқ іздер...  
Осы қасірет, осы қайғы,  
Екеумізге бірдей төнер.  
Жиған жиһаз, мал мүліктер,  
Малға ие кім?.. Тоқта кемпір!  
Есіттің бе? Жылағандай,  
Қақпа алдында: бала ма, ойбай.  
Жүгірші тез байқадың ба,  
Бір жақсылық берер құдай!  
Құстай ұша жүгірісті,  
Қақпаға тез, сабыр қылмай...  
Келді-дағы тоқтай қалды!

Түсед ауыз баспалдақта,  
Жатыр бала құндақтаулы —  
Онша қыспай: жаңашалау,  
Шүберекпен жапқан бетін,  
Анасы онша қынжылмастай,  
Жаздың күні сүйсінетін,  
Жайды нұрлы шүберегін!..  
Қарады да, таң қалысты.  
Балақайға қартым менің.  
Балақай да жалынғандай:  
Саусақайын салбыратып,  
Болды оларға ұсынғандай,  
Балақайым інгеледі,  
Қоя қойды ол жыламай,  
Бұлқынады... Настя қалай?  
Айтпап па еді... көрдің бе әні  
Міне бақыт берді құдай!  
Енді ол кәзір жалғыз да емес,  
Алшы жылдам құшақташы ай!  
Қандай ізгу, бақытты күн!  
Әперуге мен тоқтамай,  
Қала бастық көршілерге  
Барайын... Ел таңырқамай,  
Өсек-аяң болады ондай!  
Жетім ұлды жетім көріп,  
Қуатын бар рахым қылмай,  
Ал біреулер тауып шырақ,  
Терін төгіп жан аямай  
Жылап еңіреп, шағып соны,  
Зар илейді бала таппай...  
Ел емес пе, ортамызда,  
Сөкет қылық бар осындай!

Толық ұш пар қуанышқа,  
Қонақ етті көршілерін,—  
Сол күн кешке шоқындырды,  
Марко атады жас бөбегін,  
Өсті Марко, шалым менің  
Таппай састы қояр жерін,  
Отырғызар, я жатқызар,  
Үйінде жоқ бір жақсы орын...  
Өтті бір жыл, өсті Марко,

Сауын сиыр семірді ол да..  
Міне бір күн кара қасты,  
Жап-жас ұзын, ақша бетті  
Қарт үйіне бір қыз кепті,  
Қайырлы үйге, батырақ қыз  
Етсем деді қызметті.

— Несі бар?— дейді,— мейлі Настя,  
Әйдә аламыз — Трофим...

Біздер болсақ кемпір-шалмыз,  
Бала да бар, керек тым!

Расында ол өсіп қалды,  
Сонда-дағы керек тіпті,  
Ойнататын тәрбиеші,  
— Керегіне керек-ақ ау,  
Мен де болсам жасарымды  
Жасадым да шүкір баста,  
Не қиындық өтпеді ме,  
Қайғы-қасірет бастан асқан?

— Жылап па әлі? Не береміз...

— Жо... жо... жоқ оны ашу керек,  
Әбден жақсы білгеніміз  
Боларлығын қанша ақыңыз...  
Есептес дос айрылмайды,  
Есепсіз түк ала алмайды.

Сен білмейсіз біздің жайды,  
Біз де сендей, танысарсың,  
Көріп мынау үй ішімен,  
Танысармыз біз де сізбен,  
Сонан кейін ақыңызды,  
Сөйлесерміз —

— Жақсы әке!

— Жүр, кіріңіз онда үйге,  
Сөйлесті де келісті қыз,  
Қуанышты, көңілді де,  
Нақ бариняға қосылғандай,  
Бар селоны қолға алғандай!  
Үй айнала, қора-қопсы,  
Барлығына мал толғандай,  
Кешкікұрым, ертеңгісін  
Жас баланы толғағандай,  
Дәл өзінің анасындай.



Жексенбі күні шомылдырып,  
Қойған емес шашын жумай...  
Кір көйлекті ауыстырып,  
Күн-күн сайын киіндіріп  
Бірге ойнап, өлең айтып,  
Арқалады, бірге күлді,  
Мейрам күні алып жүрді,  
Таң қалды оған, қарт қария,  
Есіркер де құдай сірә...  
Өте ынталы батырақ қыз,  
Әр кеш сайын қайғы басып,  
Тағдырына қарғыс айтып.  
Ауыр ащы жылайды ма,  
Ешкім елең қылмайды да,  
Көрмейді де, білмейді де,  
Көретін тек Марко ғана,  
Бірақ бала біле алмайды,  
Қыздың неге жылағанын:  
Жылап жаспен шылағанын,  
Марко оның білмейді де,  
Жандай құшып сүйетінін,  
Ішпей-жемей бәрін беріп,  
Сол бала үшін күйетінін.  
Марко білмейд, бесігінде,  
Кейде шошып оянғанда,  
Тербетіліп, алдына ап,  
Отырады ұзақ таңға...  
Бетін жауып, шоқынады  
Ақырындап, тербетеді,  
Тыңдайды ол басқа үйлерде,  
Жас баланың ыңырсуын,  
Марко ерте қызды аймалап,  
Сорып сүмбі саусақайын,  
Шаршамайтын Ганна қызды,  
Дейді бала апатайым.  
Марко білмейді өскенін де,  
Ер жеткенін күн-күн сайын.  
Біраз зулап жылдар өтті,  
Су да қанша зырлап ақты...  
Үйге талай қайғы да орнап,  
Көзден жасты сорғалатты,  
Настя қария қайтыс болды,  
Ефим қартқа қатты, батты.

Қайғы-қасірет қайта орнап,  
Бір гүілдеп, тыныштатты  
Көңілділік үйге орнатты,  
Күнде орманды қалың жайдан  
Марко оралып түнде қайтты,  
Жігіт болып, таныс тауып,  
Кейде түнде үйге жатпай,  
Үйге, ауылға жүр жоламай,  
Әлде бір жар, іздеп тапты!  
Ойлады қарт, кім бар мұнда?  
Сұрайды ақыл, батырақ қыздан,  
Батырақ қыз қуана оған,  
Құдалыққа бармас бұрын  
Сұрайын дейді Маркожаннан,  
— Жақсы қызым, анық біліп,  
Той жасармыз, арнап бұған!  
Сұрасты да, ойласты да...  
Құдалармен еріп бірге  
Барды Марко, қайтты ауылға,  
Қарсы алды жұрт, әкелді үйге,  
Қасиетті жегізді нан...  
Бір сұлуды алып келді,  
Үлде менен бұлде оранған  
Қандай ғажап қызды тапқан,  
Дер ед қызды көрсе гетман.  
— «Сізге рақмет?» — деді қария  
Білу керек енді саған,  
Іс ақыры емес жаман,  
Қайда, қашан тойды тамам,  
Бітіреміз бірақ тағы:  
Ана орнына болуға, анаң,  
Ойлаймысың, кім бар балам!  
Көрмей өлді Настя жазған!!  
Көзден жасын сорғалата,  
Батырақ қыз босағадан,  
Мықтап ұстап қолыменен,  
Ессіз, түссіз тұрып қалған.  
Үйдің іші үнсіз, жансыз,  
Батырақ қыз тек, жайлап қана:  
«Ана... ана,— дейді,— ана!!!  
Бір жеті өтті келіншектер,  
Нан пісірген үй айнала,  
Қарт әкесі қуанышты,

Өзінде бар күшін сала,  
Жастарменен жайдары ойнап,  
Әзілдесіп үй сыпыра,  
Жолаушыны, жүргіншіні  
Шақырады, қонақ қыла,  
Арақ беріп, көңілін аулап,  
Шақырады, бәрін тойға,  
Кейде билеп, дөңгелейді,  
Аяқ баса тұрып зорға!  
Бар жерде су, тым көңілді,  
Қақпа, қора үй алдында,  
Бөшкелерді домалатты,  
Қоймалардан салған жаңа,  
Барын өзі басқарады:  
Асып, жуып, жинап жана...  
Бәрі бөтен, батырақ қыз,  
Көрінбейді, кетті қайда?  
Құдайына жалбаруға,  
Киевке жүріп кеткен Ганна,  
Қария оған жалынған-ды,  
Марко тіпті жылаған-ды,  
Ана орнына бол деп ана,

— Жоқ, болмайды жаным, Марко,  
Ана орнына болуға ана,  
Ол бай адам, мен жарлы қыз,  
Күлед саған онда жана  
Болсын саған құдай пана!  
Мен кетемін, жалбарынам,  
Киевтегі әулиге,  
Тірі болсам оралармын,  
Қумаса егер, көрген үйге,  
Күшім барда іс істейін,  
Қош әзірше ренжіме!  
Шын көңілмен рақмет айтып,  
Маркосына... Жылады о да,  
Шықты үйден, қақпасынан,  
Қызды думан, той тамаша,  
Күй қосылды музыкадан,  
Көтерілді өкше биге,  
Судай ақты арақ үйде,  
Батырақ қыз сапар шекті,  
Киевке енді тез жетуге.

Келді онда, дем де алмады,  
Жалданды бір мешканкаға,  
Су тасиды, абыржиды,  
Жетпеді ақша ішіп-жемге,  
Су тасиды, тыным таппай,  
Бар тапқаны бес сом ғана,  
Шапка сатып алды сонан,  
Ауырмай өссін деп Марко,  
Әдейі арнап соған бола  
Варварадан жүзік алды,  
Сыйлауға әкеп қалыңдыққа,  
Әулиеге басын иіп,  
Қайтты сүйтіп ауыл жаққа,  
Келді, оны Катерина,  
Марко екеуі қарсы алысты,  
Қақпаны ашып, үйге әкелді  
Бәрі столге отырысты,  
Ішті, жеді, Киев туралы,  
Білгендерін сұрап алды,  
Катерина төсек салды,  
Неге мұны сүйді сонша.  
Неге мені қадірлейді?  
Жасаған-ау, әлде бұлар,  
Мүмкін мені білер дейді...  
Мүмкін емес, таба алмайды...  
Мейрімділік, батырақ қыз,  
Жылайды да, соны ойлайды.

Үш мәрте су мұз боп қатты,  
Үш мәрте еріп су боп ақты,  
Үш мартаба батырақ қызы,  
Киевке қайыра аттандырды,  
Анасындай төртінші рет,  
Ертіп шығып, жолға салды,  
Біраз жерге ертіп барып.  
Аман қайт деп жылап қалды.  
Өйткені онсыз үйде тұру  
Көңілсіз де, ауыр да еді,  
Өзі туған шешесіндей,  
Ол барда түк білінбейді...  
Жексембі күн, бір жеті өтті,  
Трофим отыр үй алдында,

Кірсіз көйлек, аппақ жаға,  
Кенерелі кең шляпа,  
Алдында итпен ойнап отыр,  
Немересі жап-жас бала,  
Шешесінен қонаққа кеп,  
Отырғандай әкесіне,  
Аймалайды қарт әкесі,  
Өбіп, сүйіп, ойнап күлед,  
«Қайда наның қолыңдағы...  
Ап қойды ма әлде біреу,  
Әлде алуға ұмыттың ба?  
Әлде шешең пісірмеп пе ед,  
Ұят-ұят, шешеңнен де...  
Ана қара батырақ қыз,  
Келді әне қақпа алдына,  
Шал жүгірді қарсы алуға.  
Немересі құшағында.  
«Марко қайда, Марко қайда?  
Деп сұрады қарттан Ганна,  
«Сапарынан қайтпады әлі,  
«Әлі жолдан қайтқан жоқ па?..  
Азар жетіп кеп ем зорға,  
Қайғы-қасірет шегіп жолда,  
Шет елде өліп қалмайын деп,  
Марко келгенше жетсем кәні!  
Әлден түк жоқ, аяқ-қолда...  
Түйіншегін шешті де тез,  
Немересін жатыр сыйлап,  
Крес және иконшікпен,  
Жіпке тізген теңге, моншак.  
Қызыл шүберек қызылшасы,  
Қарпосына бұл-бұлшасы,  
Және тағы бір құлыншак...  
Төртінші алды жүзікшесін,  
Варварадан алған арнап,  
Катеринге сыйлады оны,  
Қартқа үш май шам әкелді,  
Әулиеден әдейі арнап,  
Әкелдім деп айтып берді.  
Марко менен өзіне түк,  
Сатып нәрсе ала алмады,  
Өйткені оған тапқан ақша  
Алуына жетпей қалды.

Пайда істеуге ауырды да,  
Тез қайтуға ыңғайланды.  
Енді қапта аздап нан бар,  
Бір түйірден алды балалар.  
Кірісімен үйге Ганна,  
Жуды аяғын Катерина,  
Даярлады түскі тамақ,  
Шаршаған ол ұзақ жолда,  
Ішіп-жеуге әл жоқ онда.  
— Катерина жексенбі күн,—  
Деп сұрады тез бола ма,  
— Арғы күн,  
— Ендеше тез,  
Қереметті Николайға  
Садақа ақша беру керек.  
Маркожанның саулығына,  
Жолда айналып тоқтамасқа,  
Мүмкін жолда ауырды ма,  
Сақтар ма екен жанын алла!  
Соны айтты да төкті жасын,  
Шаршап талған түрсіз көзден,  
Азар-мазар тұрды орнынан,  
Қайғы-қасірет бойын езген.

Ауырдым да, шаршадым да,  
Түк буын жоқ аяғымда,  
Ауыр екен Катерина жан,  
Өлу-сөну жат ортада!..

Қатты ауырды бишара қыз,  
Жатып алды төсек тартып,  
Әулиеге апарғанмен,  
Бола алмады жәрдемі түк.  
Қарт Трофим дел-сал болып,  
Қақпа алдында жүр сүлдесі,  
Катерина Ганна қыздан,  
Көз айырмай шықты есі.  
Шырқ-айналып бұғып-қағып,  
Сонда болды ерте-кеші,  
Түнде байғұз шақылықтап,  
Ол да болжайд жамандыққа.  
Сағат сайын ауру байғұс,  
Сұрап қояд жайлап қана:

— Балам, қызым Катерина,  
Маркожаным келген жоқ па?  
Егер анық білсем еді,  
Шыдарымды, төзерімді,  
Бар тілегім, бір сол ғана.

Марко келед чумақтармен,  
Өлеңдетіп, шырқайды ән.  
Асықпайды өгіз заң,  
Жүрістері тым босаң,  
Катяға арнап ең қымбатты,  
Киім алған мақпалдан,  
Әкесіне алған белбеу  
Қызылына жібек шалған,  
Батырақ қызға алған шепшік,  
Айналасын алтындаған,  
Шымқай қызыл орамалша,  
Ақ жібектен мәнер салған,  
Баласына туфли алды,  
Құмыра, жүзім қалта толған,  
Қызыл вино тағы даяр,  
Келген қымбат Царьградтан,  
Үш шелек, бір бөшке де бір  
Икра бар келген Доннан,  
Елдей көшіп келеді шат,  
Хабары жоқ үй, ауылдан,  
Түк белгі жоқ абыржыған!  
Келді үйіне аман-есен...  
Кірді ашып, қақпасынан,  
Шүкір деді, я жасаған!..  
«Катерина есікті ашып,  
Келді біреу, жүгір жылдам...  
Тезірек бас, жүгір шапшаң,  
Үйге кіргіз келді балам,  
Тәуба, шүкір жасағанға,  
Өлмей тірі көрдік аман!»—  
Деп қария жай-жай ғана,  
Оянғандай ұйқысынан,  
Қарт өгізді жайлап жатыр,  
Шаршап келген ұзақ жолдан,  
Катерина зыр жүгіріп,  
Жарын күтіп бәйік болған.

— Катерина, Ганна қайда?  
Көрінбейді неге маған?  
Тірі ме, ол?..  
— Жаны жатыр,  
Жүдеу, ауру сұлде қалған.  
Жүр, барайық кішкене үйде,  
Өгіз жайлап болғанша атам,  
Бір көрсем деп ынтық саған!  
Марко кіріп кішкене үйге,  
Аттағанда-ақ босағадан,  
Тітіркенді, қалды шошып,  
Ганна ерні жыбырлаған;  
Шүкір... шүкір, ой жасаған!  
Қорықпа, келші, бері таман!  
Шыға тұршы, Катеражан!  
Мен бір нәрсе сұрамақшы ем,  
Сырым бар ед айтылмаған!..  
Катерина сыртқа шықты,  
Иді Марко басын төмен,  
Батырақ қызға тізе бүкті.  
«Маркожаным, маған қара!  
Сен қалқатай қараш маған!  
Тек өлмеген, сүйек қана...  
Батырақ қыз да, Ганна да емес,  
Мен...»— деп талды ол бишара,  
Марко жылап аң-таң қалды,  
Көзін сорлы ашты жаңа...  
Қадалады... қарайды кеп,  
Жас парлады, жаны жара:  
Кешір қалқам... жазаладым,  
Жат үйде мен өзімді-өзім!  
Кешір жаным, кешір балам!  
Мен... дәл сенің анаң едім! —  
Деді де ол, жұмды көзін...  
Марко есітті соңғы сөзін,  
Жер қозғалды, болды ың-жың,  
Құлап түсті білмей өзін...  
Тұрды... ұмтылды... оған бала...  
Мәңгі ұйқыға кетті ана.

1845,  
Переяслав.



## КАВКАЗ

(1845)

Таудан тауға бұлт оралған,  
Қайғы-зардан қан ағылған,  
Баста-ақ жиһан Прометейін  
Қыран бүріп қылғындырған.  
Күн сайын ол қақыратып  
Қан ағызған қабырғадан.  
Жүрегін де суырып ап  
Қанын ішпей жан ұрлаған.  
Өлмей сақ-сақ күлген жүрек  
Қалпында да жараланған.  
Өлмеу үшін төзген жүрек  
Өмір үшін жалындаған.

Өлмес біздің жанымыз да,  
Шын еркіндік таңымыз да!  
Күш болмаса егінді де  
Егіп, теңіз түбіне де  
Өсіре — алмас гүліңді де.  
Өлмейтін жан жасалмайды,  
Асыл сөзді ел баса алмайды,  
Өлмейтұғын өмірінде  
Тіл тигізбес тәңіріге.  
О, тәңірі,— күшіңді де  
Өлшейтұғын тез емеспіз,  
Сенің тіпті ісіңді де  
Тергейтұғын біз емеспіз!  
Біздікі тек төзу, көну,  
Жылап көзден жасты төгу...  
Күнделікті нанды табу  
Нанды аққан жаспен илеп,  
Қан аралас терге шому...  
Зомбылықтан төктік көз жас,  
Бізге деген шындық-дағы —  
Жатыр ұйқтап болғандай мас!

Шындық қашан оянады,  
Бізді қашан ойға алады?  
Шындық шырқап оянар ма,  
Тәңірінің қайда әмірі?  
Шаршар кезің жеткен жоқ па,  
Не қып тұрсың сен тәңірі?  
Берермісің бізге-дағы,  
Сүретұғын шын өмірді;  
Біз сенеміз күшіңізге  
Туар бір күн шын шындық та!  
Шарықтар-ау бостандық та!

Сонда тәңірі саған ғана,  
Мәңгі барлық елдің тілі,  
Қосылар да, қошеметтер,  
Ғасыр бойы, күні-түні!  
Бірақ қазір ағып жатыр —  
Көз жасының өзендері...  
Ел өзені көзіндегі...  
Таудан тауға бұлт оралған,  
Қайғы зардан қан ағылған,  
Аш-жалаңаш тек мұңайған  
Азап шеккен адамдардан  
Тәңірінің әмірімен  
Еркіндігін өмірімен  
Ұлық қолдан тартып алған.  
Қысып, жүндеп жұлмаладық.  
Бостандықты құмарланған.  
Қарап тұрсаң талан-тараж,  
Тән таланып, ел тоналған.  
Ит кемірген сүйектей-ақ,  
Қажып адам қаяуланған,  
Бізде аз емес толып жатыр  
Әскерлікке үйренген жан.  
Тамған жас пен аққан қанды,  
Көрсең, императорларды  
Суаруға жетер еді,  
Балаларын, немересін,  
Теңіздейін көз жасына  
Салсаң батып кетер еді!

Қараңғы түнде егілген,  
Қыздардың да көз жасы,



Мөлдіреп ыстық төгілген,  
Ананың да көз жасы!  
Қан аралас себілген,  
Ата-баба көз жасы —  
Өзен емес, теңіздей,  
Жай теңіз емес, от теңіз  
Сорғалаған арнасы.  
Отты теңіз ол аққан,  
Даңққа жендет құныққан.  
Ақсүйек патша жендеттер,  
«Даңқтан» шырқап «Даңқтан»!  
Тазы итің де, төбетің  
Даңққа болсын бөгетін!  
Көк ала мұзбен қапталған,  
Даңқтан сен де, зеңгір тау!  
Тәңірі сүйген батырлар  
Даңқтан сен де, мадақтан!  
Батырлар күрес, тез жеңші,  
Сендерге тәңірі көмекші!  
Сендер үшін шын шындық,  
Сендер үшін бостандық!  
Бостандықты тосқан жұрт!

Бауырсақ нан мен баспанаң  
Бар болғаны сен үшін,  
Қолыңа кісен салмайды  
Наныңмен, жаман үй үшін!  
Бізде не бар десеңіз,—  
Біз хатты да танимыз,  
Тәңірінің сөзін білеміз,  
Түрмеден бастап ұлықтың  
Сарайына барғанша,  
Көрсең жәйін халықтың  
Айырмасы бар қанша? —  
Алпауыттар апталған  
Сары алтынға малынып,  
Аш-жалаңаш қақталған  
Жүр жұртшылық ағылып.  
Бізге оқуға келіңіз!  
Үйретеміз көріңіз,  
Дайын нан мен тұзымыз,  
Христианбыз өзіміз  
Келіп әбден біліңіз.

Еліміз де ізгі өзі,  
Шеркеу де бар, мектеп те,  
Тәңірінің нағыз бізде өзі,  
Осы байлық жетпеп пе?  
Бірақ бізде сакла  
Көзге шыққан сүйелдей,  
Қадалад көзге ақыры,  
Өңменіңнен өтпекке:  
Біздер берген жоқпыз ғой,  
Олар неге сіздерде,  
Күн шұғыла шашады  
Ақысыз, бұлсыз сіздерге.  
Шүрек<sup>1</sup> нанды кесекке  
Ұқсатып, нақ күшікке  
Неге біздер шашпаймыз,  
Қақшытып кеп сіздерге?  
Біздер түрік емеспіз,  
Христианбыз, жамағат,  
Петербурда тұрсақ та,  
Қыламыз азға қанағат.  
Бірақ бар айтар сөзіміз  
Біздерменен өзіңіз  
Достассаңыз кәдімгі,  
Жеткендей шын көзіңіз,  
Үйретер ек бәріңді!  
Бізде жер кең сай-сала,  
Сібірдің өзі-ақ кең алқап,  
Кім шетіне барыпты?  
Түрменің өзі қанша ма,  
Санап болмас халықты.  
Молдавадан созылған  
Финге дейін даланы  
Қарасаң барлық тілдегі,  
Тұр тек үнсіз адамы!  
Неге десең бәрі де,  
Өмірге «рақаттанады»,  
Бізде дінге тояттар  
Библияны оқиды,  
Қасиетті монахтар,  
Оқытып, еске тоқиды.  
Оқытқанда айтады:

---

<sup>1</sup> Шүрек — нанның бір түрі.

Патшаның бір тақтағы  
Пәлен шошқа баққанын,  
Әйелін алып бір тынып,  
Өзінің досын өлтіріп,  
Рақатқа батқанын!  
Өзі өлген соң құлпырып  
Жұмақтан орын тапқанын,  
Білсең, міне жұмаққа  
Бізде осылай барады,  
Оқудан сізде жұрнақта  
Жоқ қой,—

жұртсыз қараңғы.

Надан өскен сіздерді,  
Үйретеміз біз енді!  
Ұрлық ет, көр қаз, бір жақта,  
Кіресің тура жұмаққа!  
Осыған құлақ сала жүр,  
Туғаныңды ала жүр!  
Бізде не жоқ шынында,  
Бәрін-дағы білеміз,  
Жерге дәнді егеміз,  
Жатып жұлдыз санаймыз,  
Французды сөгеміз!  
Малша сатып мұндарды,  
Қартаға салып құлдарды  
Ұттырып та көреміз.  
Плантатор емеспіз  
Ұрлық затты алмаймыз,  
Істемейміз тиіссіз,  
Заңды ғана қолдаймыз.  
Апостолдың заңынша,  
Сүйесіз жақын-жаранды,  
Сүйесіңіз жылмаңды,  
Бәтуасыз сумаңды,  
Қарғалған бір жандарды!  
Сүйесіңіз туғанның  
Сыдыруға терісін,  
Сұмдықпенен жиғаның  
Қызыңа жиһаз сән үшін.  
Өгей балаларыңа,  
Алғың келед мал жиып,  
Әйеліңе білезік  
Аласың жұрттан сен тізіп,

Бұлар сонсоң білмейді  
Өзіне не аларын,  
Қажетін көзге ілмейді  
Қатынның да баланың.  
Кім үшін мұндай болдың сен,  
Сүйген ұлы құдайдың?  
Күнәнді жуу үшін бе,  
Әділдік пе бұларың.  
Істесем әлде зұлымдық  
Деймісің бізге ұнармын!  
Шеркеу, икондарың да,  
Май шамың жанып бітерде,  
Иіліп сенің алдыңда,  
Тәжім еткен бетінде.—  
Соның бәрі сен еткен  
Ұрлық, соғыс, қан... үшін...  
Ағайынды жем еткен  
Құлқыныңның қамы үшін!  
Қанын төгіп сел еткен  
Арсыздардың жаны үшін!  
Сауатты болдық!  
Тағы да  
Сауатты болу талапты  
Тілейміз балаларыңды  
Істеуге түгел сауатты.  
Күн нұрының шындығын,  
Көрсеткіміз келеді,  
Көзсіз соқыр жандарға,  
Жетпеген өсіп балларға,  
Көрсетерміз бәрін де,  
Көрсететін кезенді  
Берші біздің қолдарға!  
Түрмені қалай салуды,  
Кісенді қалай соғуды,  
Қамшыны қалай өруді,  
Дүрені қалай ұруды,—  
Шылдырлатып кісенді  
Сібірде де жүруді,  
Сонда нағыз ұғарсың,  
Қайда қалай тұруды.  
Берші қолға аяулы  
Туған шың, құз, саяны,  
Зеңгір тауды аялы,

Өзіміздің шалқыған  
Туып-өскен даланы!  
Қалғанның алдық бәрін де,  
Теңізін де, қырын да.

\* \* \*

Шын досым, туысқаным балдыр күшім,  
Албырт жан Яков менің алғыр күшім,  
Айдалған жоқсың бекер Сібірге сен  
Өрге өрлер Украина тағдыры үшін!  
Немесе, жауға қарсы қанын төгіп,—  
Желіккен жендеттердің арманы үшін,  
Патшаның ыдысынан зәрлі у жұтып,  
Айдалдың жоқтап халық ар-намысын.

Жаныңмен Украинада самға досым,  
Достасып казактармен ал да досым,  
Шолып бір қырдағы ескі қорғандарды,  
Көзіңнен жасың төгіп толға досым,  
Еріксіз жүрген мені даладағы  
Күтіп ал, құшағыңды жай да досым?

Ойларымды өзім де  
Алай-түлей кезімде  
Ағайынға себермін.  
Арсы-гүрсі шайқаста,  
Арпалысқан айқаста  
Шыңдалып та көрермін.

Украина самалы  
Ақырын ғана есумен,  
Шық қонған даланы  
Желпіп қана көшумен,  
Досыма менің жеткізер  
Ойымды көз жасыммен.

Сонда мені көзіңе  
Елестетіп, өзің де —  
Қорғанды, тауды, даланы  
Еске алғайсың кезінде...



## К Н Я Ж Н А

Тау үстінен жайнап қана,  
Туды кешкі жұлдызым,  
Еріксізде жайлап қана  
Сырласалық біз бүгін.

Айтшы қалай таудан құлап  
Батады күн дөңгелеп,  
Днепрді құшады орап,  
Кемпірқосақ өрмелеп?

Байтеректер қалайынша,  
Бұтақтарын жаяды,  
Тәжім етіп, суға көк тал  
Жүз бұралып қарады.

Суды сипай иіледі  
Жасыл бұтақ аялай,  
Жапырақтарын әлдилейді  
Шоқынбаған баладай.

Қаңғыған жан даладағы  
Түнейді есіз қорғанға,  
Не сұмдықты хабарлайды,—  
Сұңғыла құс орманда...

Көрген түстей көкшіл шөптің  
Қырда түнде түлеуін,  
Адамға арнап гүлін жарған  
Жақсылығын білемін.

Өзіңді мен жақсы білем,  
Жұлдыз достым тегінде,  
Не болғанын кім біледі  
Украина жерінде...

Білгенімді айтсам еркем,  
Ұйқтай алман, қайтерсің,  
Саған айтам, өзің ертең  
Құдайға жай айтарсың.

Селен міне! Сең соққандай  
Украина селені,  
Көрінеді мұнартқандай  
Маңы жасыл әдемі.

Бағы гүлдеп, үйі ағарып,  
Тау бойында сарайы,  
Тұр айнала жапырақ жарып,  
Жасыл терек маңайы.

Одан әрі орман, тоғай  
Днепрдің даласы,  
Селендерді бағып құдай  
Тұр билейтін қожасы.

Селен, селен көңілді үйлер,  
Тұр алыста сарай жай,  
Көрінсең де, жұрт қалады,—  
Іздесе, ізің таба алмай.

Тәңірінің сол селенінде,  
Украин жерлерінде,  
Біле алмаймын қалайынша  
Пайда болды бір зор князь,  
Әйелі де жатқан бір наз.

Екеуі де кәрі емес, жас,  
Болды тағы өмірі бай,  
Көк шалғынды өзен көлі,  
Тау басында тұрды сарай.

Жасыл бакша егіс тоғай,  
Тұнып жатты тау бауырлай,  
Кең далада жел диірмен,  
Тұрды өзінің селендері,  
Даланы орай өзені ағып,  
Көтеріңкі көңілдері.

Жазы-қысы музыка ойнап,  
Арақ-шарап өзенше аққан,  
Князь тіпті көп сайрандап,  
Меймандықтан, қонақтықтан.

Князь ішіп, құрып думан,—  
«Уралады», қатты айқайлап,  
Тойлап князь, сыйлап мейман,  
Сілейеді мас боп құлап.

Ертеңіне қайта тұрып,  
Тағы ішеді, тағы тойлап,  
Соныменен күн өтеді,  
Мұжықтардың қаны қайнап...

Сот құдайға жалбарынып...  
Мастар құлап бір жығылып:  
«Һәм, патриот, нашарға жоқ,  
Біздің князь тым әйгілі-ақ,»  
Деп айқайлап «уралайды»,  
Алды-артына қарамайды.

Ол, кедейшіл тек мұжықтың,  
Қызын тартып ала білед.  
Тәңірі білмейд, білсе-дағы,  
Білмеген боп қала беред.

Княгиня үйін кілттеп,  
Отырып, сыр білгізбейді,  
Кедейлерді есіктен де  
Сығалатпайд, кіргізбейді.

Не істеу керек? Қашып барып  
Қидырса ол некесін де,  
Барма десе, тыңдамады  
Әкесі мен шешесін де.

Оларға айтқан: жақындама,  
Білгіңіз де келмесін!  
Міне, осылай княгиня  
Міне, осындай князіңіз!  
Масаттанып мақтана бер,  
Дәл осылай княгиня!

Сен өлерсің, сен өшерсің,  
Көктемдегі солған гүлдей,  
Тәңірі не дер сен білмессің,  
Өшерсің сен түк те білмей,

Қалайынша тәңірінің  
Сен білмессің мақтағанын,  
Қалайынша арманды адам  
Аңсаса да таппағанын.

Өмір деген қандай жақсы,  
Өмір сүргің келе беред,  
Болсын бір жыл, я бір сағат,  
Тату-тәтті тұрғың келед!

Болмады олай, болды өзгеше,  
Көрсең өзің сорлы ананы,  
Өз қызынан өле-өлгенше  
Жақсылығын аямады.

Әулиеге сиынғандай  
Дұға қылсам алдыңда,  
Жап-жас қана сұлуым-ай,  
Баттың бірақ қайғыға!

Тек жақсы өмір сүре берсе  
Тәңіріге иіліп,  
Сені ел жақсы көре берсе,  
Саған ғана үйіріліп.

Бірақ оның бірі де жоқ,  
Нұры сөніп қара көзі,  
Деді ме әлде сөніп, жоқ боп —  
Жапа-жалғыз солар кезі,  
Болсын деп тек тіледі ме,  
Тәңірінің жалғыз өзі?

Уа, тәңірі! Етіп серік —  
Бердін бізге ақыл берік,  
Бердің жүрек, сұлу көрік,  
Бермедің тек жүрекке ерік!

Сүретұғын өмір беріп,  
Көрсетпедің әлемінді,

Көрсетпедің жиһаныңды,  
Көрсетпедің, дүниені,  
Көз жұмуға ұйқтап мәңгі.

Өмір сүру неге қызық,  
Жетпесе адам құмарына,  
Бар қызықтан күдер үзіп,  
Солды жап-жас княгиня.  
Бар қызықтың құса болып  
Көркі солып қайнап жүрек,  
Сиынды да тәңірге  
Көшіп оның әміріне  
Кімді сүю керектігін  
Шын жүректен етті тілек.

Тілегені қолға қонды,  
Енді өзі де ана болды,  
Масаттанып бала сүйді.  
Тәңірі оған өмір беріп,  
Қуанышты жаны күлді.  
Жалғыз ғана сәби қызын  
Қысып сүйді, жақсы көрді.  
Бірінші рет шырылдаған  
Бала даусын ана білді.  
Жан жүйесін босататын,  
Бала, бала, бала болды,  
Ол риза тәңірге енді!  
Көздің аққан жасы кепті,  
Шұғыла шашты күн де жайнай.  
Княгиня жас қызымен,  
Болды қайта жаралғандай.  
Дүниеге жаңа туған  
Секілді ойнап сайран етті.  
Ойнап-күліп қызық көріп,  
Жас қызына көйлек тікті,  
Кіп-кішкентай жеңіне оның  
Жібекпенен кесте төкті,  
Шомылдырып бөлеп, тербеп,  
Емізді де еркелетті.  
Княгиня, тек болғаны —  
Білетіні бала табу,  
Оның және есіне де

Кірмейді, бала бағып, қағу.  
Соңынан кеп өкінеді,  
— «Ах! Есіне,— дейді,— алмай ма,  
Менің сүйген филат, Пулім?»  
— Ойланар ма ол, қуанар ма,  
Балаң үшін туған сенің?  
Тек сол үшін туды ма екен,  
Бала өзінен өзі өсед деп,  
Және-дағы князьды үйге  
Кіргізбейді күнде ішед деп.  
Бақшадағы алмадайын,  
Сәби өсіп гүлденді де,  
Княгиня сөзге үйретіп  
Білді бөбек сөйлеуді де.  
«Мама» деген бір ғана сөз  
Сәбиіне үйреткені,  
«Папа» деген сөзді бірақ  
Ешуақытта үйретпеді...  
Суреті бар кітаптарды  
Сатып алып түйдектеді,  
Нәрестесін ермек етіп  
Қандай қызық сөйлеткені.  
Ол үйретті баласына  
Тәнірге де шоқынуды,  
Бастады әуел суреттермен  
Әріпті де оқытуды.

Тап-таза қып ерте ұйқатты,  
Шомылдырып дәл күнбе-күн.  
Құламастай құндақтады,  
Жайды жылы ол жөргегін.

Түні бойы ұйқтамастан,  
Княгиня қызын бақты,  
Жан-тәнімен сүйіп оны  
Балбыратып бағып-қақты.

Бір жылайды, бір қуанып,  
Жас қызына күйеу таңдап,  
Ұзын, сұлу қос бұрымын  
Қояды оның өріп талдап.

Маскүнемдеу князының,—  
Бірде, халін ойлап ұйып,

Жылап кейде сұлқын басып  
Жасқа толған көзін жұмып.

Жас нәресте түс көреді,  
Тұрғандай-ақ сөйлесі кеп:  
«Жыламашы, анам! және  
Бұрымымды өрмеші» деп!

Тәңірінің күні бір күн  
Алар бақыт аясына,  
Рақатты қып бақыт берер  
Жап-жас қызы анасына.

Қызы талдай бұрала өсіп,  
Сұлулықтан шам жандырар,  
Сұңғақты өскен оның көркі  
Жер-жиһанды таң қалдырар.

Өсер қызың анасы үшін,  
Өспес шаттық рақатқа,  
Княгиняны дүниеде  
Тәңірі салар михнатқа...

Білмейді адам не себептен  
Ажал алад ізгі адамды,  
Не себептен қалдырады,  
Ажал алмай зұлымдарды?

Князын да ойланды енді  
Қатты ауырды княгиня,  
Ауруды қарайтұғын  
Жиналысты бақсылар да.

Бақты-қақты бақсы біткен  
Бишараны білгенінше,  
Емдеді оны көзін жұмып  
Тар қабырға кіргенінше...

Ол селенде княгиня  
Көзін жұмып өлді жылап,  
Нәрестесі жалғыз ғана  
Бишараның қалды зарлап.

Жас бұтақтан жаңа үзілген  
Жапырақтай жас нәресте,  
Аш-жалаңаш қалды жетім  
Алба-жұлба киіп үске.

Ол бұйығып жылынады  
Шуақтағы күн көзіне,  
Балаларменен жылға құлай  
Пана таппай бір өзіне.

Жуын, сәулем! Танымай да  
Қалар көрсе анатайың,  
Көп баланың арасында  
Жоқ деп ойлар балатайын.

Ақ ниетпен жуын, сәулем,  
Білсін анаң жалғызын,  
Жар боп тәңірі жарылқайды  
Тағдырының жұлдызын.

Ол жуынды, ізгі адамдар  
Қиіндіріп, Киевке  
Алып кетті институтке  
Не болғанын оның шетте.

Көрерміз біз жарандар,  
Музыка ойнап, князь тойлап  
Думандады меймандар.

Сарай іші күңіренді  
Село аштықтан тебіренді,  
Және барлық Украина  
Тебіренді, еңіреді...

Тәңірінің азабымен  
Мың-мың адам аштан қатып,  
Өліп жатыр, мая шіріп  
Пандар жатыр мекен сатып.

Осы аштық бірден бірге  
Өршісін деп пан құмартып,  
Дұға оқып тәңіріге  
Жалбарынад үйде жатып.



Тілейді олар тағы бір жыл  
Шықпаса деп елде егін,  
Онда біздің помещиктер  
Париж және басқа елдерге  
Көрсетер ед шын өздерін.

Мұны естіп көрер еді  
Тұр ұйқыда тәңірі қалғып,  
Мұндай істі көре тұра  
Көре тұра біле тұра,

Айыптыға берсе қорлық,—  
Болар еді таң қаларлық,  
Яки, онда сонша ұзақ —  
Бар шығар тым шыдамдылық...  
Жыл артынан жылдар озып,

Жұрт аштықтан өліп жатыр,  
Бүкіл жалпак Украинада  
Аштық кәрін төгіп жатыр.  
Ол князьдың селенінде  
Үюлі шөп шіріп жатыр.

Князь оны елемейді,  
Арақ ішіп, жүр той тойлап,  
Ақшасы көп жеврейді  
Келгей-ді деп қояд ойлап.

Бірақ тағы, жеврей жоқ,  
Егін шықты жұрт көңілді,  
Тәңірге жалбарынды...  
Княжняны Киевтен-ақ  
Тұрағына алып барды.  
Азып-тозған селенде ол  
Бейне күндей гүл-гүл жанды...

Қиылған қас, қара көз  
Анасынан аумаған,  
Тек қайғылы, көңілсіз  
Не туралы қайғырған?  
Бәлкім, солай ма екен ол,  
Әуелінде туғаннан,  
Бәлкім сұлу жастықпен

Сүйіп біреуді ойлаған?  
Жоқ, ешкімді сүймеген  
Көңілде күдік ойнаған,  
Киевте тұрып өмірге  
Таранып талай қараған  
Қарлығаштай ұядан;  
Солғанын көріп селеннің  
Көңілі хош болмаған.

Қанат қаққан көгершін  
Секілді ұшып оралды,  
Аралап көріп барлығын  
Көңілденді, қуанды.  
Еркелетіп бәрі де,  
Тәтті сөзбен құп алды.  
Аузына ұстап бар дәмін  
Жұрттың бәрі сыйлады,  
Селенді ол күнде де  
Аралап жүріп әркімге  
Жәрдемге жең сыбанды.

Жетім-жесір жайдары  
Жақын көріп келді оны,  
Ұнатып жылы мінезін  
Анасындай көрді оны.

Табынғандай болды оған,  
Барлық селен қарсы алып,  
Селендегі келді оған  
Жеврейлер де ақша алып.

Князь да сатып қуанды  
Кебек пен қара бидайды,  
Айдады егін басуға  
Сәл әлі бар адамды.

Көз тимесе жарар ед,  
Бастырды тез бидайды,  
Тазаланып бар бидай  
Бір сағатта-ақ жиналды.

Ішіп, тойлап қызуда,  
Князьда да жоқ тыныс,

Рақатта қызы да  
Ұйқтап қалды тып-тыныш.

Айқай-ұйқай, у-шу боп  
Боғауыздау әндер салып,  
Мастау болған қыз-қырқынның  
Күлкісі де құлақ жарып.

Қожайынға айқайлайды:  
Ішелік деп тағы да ұрттап,  
Әзірінше оянбастан  
Жатқан шақта қызың ұйқтап.  
Өз бөлмесін кілттеп алып  
Отыр баяу қыз мұңайып,  
Таудан өрлей оттай жанып  
Туған айға аң-таң қалып.

Бұлттан шығып ай ақырын  
Жүзгенде тау көрінгендей,  
Емен, тоғай, сай даладан  
Қырға көшіп бөлінгендей.  
Үкі ойнап, жапалақ құс  
Жардан ұшып кең далаға,—  
Бақ-бақ етіп бақа байғұс,  
Жылт-жылт еткен көзін қара!

Қараңызшы, тәңірінің  
Туған көкте жұлдыздарын,  
Қараңыздар, сізді жылтып  
Айдың туып жылжығанын.  
Көзден ұйқы қашырғандай  
Жарқыраған жұлдыздарың.

Басын сүйеп қолымен  
Ашылмай бір қабағы,  
Түн ортасы ауғанша  
Қыз жұлдызға қарады.

Княжня қарады...  
Қарады да жылады,  
Жүрегім неден бақытсыз  
Деген күбір шығады...

Не амал бар жылады,  
Келді бірде күлкісі,  
Жалбарынып төсекке  
Жатты келіп ұйқысы.

Жатты қирай сай-салада  
Құлап шөлмек, қонағы да,  
Құлатып боп қонақтарын,  
Қызы жатқан үйге қарай  
Ішіп қалған арақтарын,  
Қозғалды ол нені барлай,  
Бір масқара о сұмырай,  
Шалыс басып аяқтарын.

Қайда жүріп, қайда бардың?  
Есіңді жи не ойландың?  
Ескермеді, кілтін алды,  
Ашуға есік ыңғайланды.

Төрге қарай аяңдады  
Қызына кеп: — Оян, — деді!  
— Оян, пак қыз? Секіріп тұр!  
Жылан шағар, ұр, оны өлтір!  
Тәңірі сені жазаламас  
Көзін жойып, өлтір, бітір!  
Бір кездегі Шенші өлтірген  
Өз әкесі Кординалды,  
(Ол Римнің епископы)  
Қыз өлтіріп зымиянды,  
Шошымады, қайғырмады.  
Бірақ тағы қыз ұйқыда  
Ұйқысынан оянбады.  
Тәңірі көріп тұрса-дағы  
Үнсіз, оян дей алмады.  
Ондай үлкен күнәға ол  
Өзі бастап ыңғайлады.

Еш дыбыс жоқ уақыт озды,  
Тек бір сәтте айқай шыққан,  
Тек содан соң естілді  
Жылау, сықтау сарай жақтан.

Тек жапалақ есітті оны,  
Үнсіз жым-жырт болды соңы.



Сол сағатта ауладағы  
Үйген пішен жанды, өртенді.  
Яки бір сөз, я дыбыс жоқ,  
Батып көкте жұлдыз сөнді.

Ұйқтап сайда пандар жатты,  
Еш қимылсыз қозғалмастан,  
Жұрт жиналып, көрді келіп  
Көк түтінді аспанға ұшқан...

Тұрып таңнан қонақтар да  
Бұл бір сұмдық істі көрді,  
Тастап тыныш князьды жай  
Үнсіз-түнсіз жүре берді...

Оны солай қалдыралық  
Қалдырар тәңірі солай-ақ,  
Оны бірақ қалдырмайды  
Сәтсіз сағат болған шақ.

Менің сорлы княжням  
Қурап, бітіп сен солған гүл,  
Күнәні осы дүниеде  
Кештірерсің, кештіре біл.

Күнә екен! Жұрт алдында  
О, сұм тағдыр! О, сұм тағдыр,  
Ол қызды енді қартайғанда,  
Осынау бір жерде қалдыр!

Елсіз бөтен жерде оңаша  
Қалдырмасаң апарарсың  
Өмірінің ақырына.  
Көмерсің де қабіріне  
Өзің жерлеп ақырында.

Селенде ешкім қызды білмейд,  
Ғайып болды қайда барып,  
Ойлады оны ақырында  
Кетті ғой деп өртке жанып.

Селен тұрды мұңға батып,  
Еш нәрсемен ісі жоқ.

Көзге алыстан қарайып,  
Ауру князь түсі жоқ.  
Тұруға да күші жоқ,  
Тұрғызатын да кісі жоқ.  
Ауру жалғыз үйінде  
Оған ешкім бармайды,  
Көз қырын да салмайды,  
Қыз табылып келсе деп,  
Жұрт тәңірден тілейді.  
Ол жоқ, бірақ белгісіз  
Княжня қайтып келмейді.  
Ол әулие болған жоқ,  
Тығылды қайда тегінде,  
Қиевтегі, яки ол,—  
Кірді ме, монах үйіне?

\* \* \*

Ол туды өмір сүру үшін,  
Өмір сүріп сүю үшін,  
Көркіменен күндей жайнап  
Күнәлі кіл әулиенің  
Арасынан озат самғап  
Жұртқа езгілік беру үшін!  
Монахтардың үйінде өлген  
Болды асыл зат сену үшін.

Украинаны кезіп жүріп,  
Болып едім Чигринде,  
Ол қыздардың монастырі  
Құмнан әрі шымды жерде.

Ол үй жеке тұратұғын  
Бір жаңалық айтты маған:  
Тек бөленіп бақша гүлге,  
Манағы әйел сонда тұрған,  
Өткен жылы Днепрден  
Бір княжня келіп кірген  
Монастырьға солар тұрған.  
Сонда тұрып сәл демалып,  
Тәңіріге жанын қиған...  
Жалынданған жасы да жас,  
Әрі әдемі жақсы адам.

Жүзін ыстық күн шалғаннан  
Өңі қара қоңыр болған,  
Бізге келіп ол ауырған.  
Бір жұма, үш күн төсек тартып,  
Қалдырмастан сырын айтып,  
Ксения екеумізге  
Баяндаған жайын балқып,  
Деді ол әйел жаңа маған,  
Сонымен ол бізде өлді...  
Неңдей жақсы қасиетті  
Жерлердің де бәрін көрді.  
Ажалмен кім таласады  
Тура келді өлім оған,  
Анау соның моласы еді  
Әлі крес қойылмаған.

1847



## ПЕТРУСЬ

Помещик шағын дәулетті  
Хуторда тұрды жарымен.  
Бар еді қызы сәулетті  
Жарасқан жастық шағымен.  
Айттырды оны генерал,  
Біріне бірі кереғар,—  
Қыз болса — жастық дарқаны,  
Генерал болса — қалталы.  
Сондықтан жұрттың болжалы,  
«Болады хутор олжалы».  
Үстіне қыздың жапсырып,  
Табылған тәуір киімді,  
Тәңірге енді тапсырып,  
Шіркеуде неке қиылды.  
Генерал-ханым атанып,  
Киевке кетті аттанып.

Петрусь деген есімі,  
Шошқа бағу — кәсібі,  
Бар еді сорлы жетімек.  
Пан бұйырса қарау жоқ,  
Құлды адамға санау жоқ,  
Бірге кетті ол ханымның  
Жасауына бодау боп.

Генерал үйі толассыз,  
Тектілер келді үзілмей.  
Ханымға бәрі қарасты  
Алмастың өткір жүзіндей.  
Сүйеге қолын таласты  
Жас түгіл мосқал кәрі де,  
Ал ханым салқын бәріне.  
Төңбекшіп түнде көз ілмей,  
Бақытсыз өткен жас шағын  
Байлықты қарғап-сілейді,

Махаббат балын тілейді.  
Төсегін сулап жылайды,  
Генерал одан сұрайды.  
— Ояусың ба?  
— Ояумын.  
— Жыладың ба, аяулым?  
— Жоқ, жылайын мен неге.  
— Тыңда мені Маняжан,  
Киім керек пәндеге,  
Келіпті бөтен қаладан,  
Сауда істейтін көп армян,  
Алсаңшы сатып орамал.  
— Жоқ, сандықта тола бар.  
— Қандайын енді тартасың,  
Бәрін де сатып аламыз.  
Мұңайдың неге, қалқашым,  
Қыс өткен соң, қаласаң,  
Парижға да барамыз.  
Әйтпесе кеттік селоға  
Ғажап қой біздің даламыз.  
Көгертіп жердің реңін,  
Көктем кеп қысты айдады.  
Әйтсе де ханым жүрегін  
Жылан боп қайғы жайлады.  
Селоға көшіп келсе де,  
Жай тауып жаны төзбеді.  
Басқаның бәрі білсе де,  
Генерал ғана сезбеді...

Қайғыдан жүзі жабығып,  
Генерал ханым тарығып,  
Шықты да бір күн далаға,  
Кез болды таныс балаға.  
Петрусь еді ол қой баққан,  
Сұлуды сол ғой ойлантқан.  
«Келгелі мұнда қайғырдым,  
Тыныштықтан айрылдым.  
А, Петрусь, Петрусь»  
— Мен Петрусь — шошқашы.  
— Петрусь, енді не тұрыс?  
Үй жаққа мені басташы,  
Өзіммен бірге тұрарсың.  
Айтты да соны сұрланды,

Қайғылы көзде сыр қалды.  
Қайтсын байғұс жегідей  
Жалғыздық жанын жеді де.  
Генерал кепкен терідей  
Жас қыздың осы теңі ме?  
«Қарт генерал, қақбас шал  
Ақшаға сатып алды ғой.  
Ата-анам да аямай  
Қайғыға мені салды ғой».  
Көңілі қайтіп тынады,  
Шыдамай өксіп жылады.  
— Тезірек қойды тасташы,  
Үйіме дереу басташы,  
Сайрандап бауға барайық,  
Петрусь, менен қашпашы!  
—Түсінбедім ойыңды,  
Кім бағады қойымды?  
— Бағатын біреу табылар,  
Петрусь, оған саспашы!  
Бақпаса қойы құрысын,  
Жөн емес осы тұрысың.  
Баланы ертіп әкелді,  
Жаңадан киім әперді.  
Оқуға оны түсірді,  
Ұқпады ешкім бұ сырды.  
Көңілге медеу бір үміт,  
Болады ертең дыр жігіт.  
Өнетін бір дән себілді  
Орар ма әлі-ақ егінді?  
Анығы бізге белгісіз,  
Осындай ойға бата ма?  
Шалға ұзатып жас қызын  
Ұрынды-ау ана қатаға.  
Мұны сезсе үйінде  
Мұңсыз болып жата ма?  
Кім білсін, бірақ өмірде  
Әр түрлі бар ғой ата-ана...

Күндерді қуып күн өтті,  
Петрусь тауып ермекті,  
Кітаппен өмірі бір өтті.  
Жас ханымның көңлі ток  
Өсірген қолда түлекті.

Генералда да алаң жоқ  
Жарым деп ізгі ниетті.  
Мархабат түсіп жетімге  
Бостандық тиді Петрге.  
Киевке қыста апарды,  
Қайтатын кез де тақалды.  
Оқуын Петр бітіріп,  
Селоға тартты сапарды.  
Петрусь демей енді ешкім  
Петр Паныч атанды.  
Бұп-бұйра шашы бұралған,  
Қап-қара мұрты шыланған,  
Болыпты гөзәл бір жігіт,  
Тұр ма екен бақыт күн күліп..  
Сабыр ет, кейін айтармыз,  
Тағдырды болжар кім біліп.

Жас ханым қайда, жас ханым? —  
Сол жайлы сөзді бастадым.  
Жеті түнде шам жағып,  
Шырағданын қолға алып,  
Сурет-құдай алдына  
Сүйретіліп барды анық.  
«Күнәм болса кеш!» — деді,  
Жаратқанға зарланып.  
«Бұзық жолдан бұр!» — деді,  
«Түзікке бастап жүр», — деді.  
Дұғасы қабыл болмады.  
Миына ақыл қонбады.  
Петрді сүйді, Петрді, —  
Мазасын осы кетірді.  
Құдайдан көмек тимеді,  
Махаббат еркін сүйреді,  
Күресіп күші келмеді,  
Өзіне-өзі сенбеді.

«Петрусь, досым, қол балам,  
Көзіңнің қырын сал маған,  
Құтқарып мені қайғыдан!  
Құдайдан қорқып айбынам».  
Жылады сорлы еңкілдеп  
Бір медет тілеп алладан.  
Қара түнде зарлады,

Ата-анасын қарғады.  
Петр жүр бауды аралап,  
Еш нәрсемен ісі жоқ.  
Ханымның көңлін жаралап,  
Өсті де тәуір кісі боп.  
Ән салды баяу ыңылдап.  
Ханым байғұс қырындап,  
Тыныштықтан айрылды,  
Күні-түні қайғырды.  
Ұйықтап та көзін ілмеді,  
Не істерін де білмеді.  
Тағдырына көне ме?  
Құдыққа түсіп өле ме?  
Киевке барып, құдайға  
Жалбарынып келе ме?  
Днепрге атылса,  
Толқынына көме ме?  
О, бауырлар бой жеткен,  
Үйленем деп ой кеткен,  
Тілекті берсін құдайым,  
Ата-анаңыз сатпасын  
Генералға лайым.  
Теңізді таңдап сүйіндер,  
Теңізе ғана тиіндер!  
Тар болса үйің тар болсын,  
Жаныңда жақсы жар болсын!  
О жас ханым, жас ханым,  
Шайқалды сенің аспаның,  
Әдемі жүзің бар болсын.  
Жаныңды жерге жастадың.  
Қалайша енді тынарсың  
Бәлеңді өзің бастадың.  
Ұйқыңды Петр ұрлапты,  
Басында неге қашпадың?

Киевке барып түнедің,  
Қалмады сенен Почаев.  
Таппады-ау емді жүрегің,  
Қолдамады машайық.  
Құптамады әулие,  
Қорғамады әнбие.  
Бәрін де сонсын қойдың да,  
Әкелдің улы қойныңда.

Үш күн, үш түн көз ілмей,  
Қарны ашса да сезінбей,  
Шөлдеген нәпсі тежеліп,  
Еріні кетті кезеріп,  
Түнімен жүрді сандалым,  
Әлде бір іске қамданып,  
Аптаны солай ұтқызды,  
Шыдамай шалға ақыры  
Ерітіп уды жұтқызды.  
«Генералды өлтірдім,  
Ісімді сәтке келтірдім.  
Енді ашық кұшағым,  
Петрусь жанды кұшамын!»  
Осылай ойын қорытты,  
Біттіге істі жорыпты.  
Төсекте бірақ төңбекшіп,  
Бозала таңнан қорықты.

Шіркеулер қакты қоңырау.  
Ағылған халық жол анау.  
Сыбыр мен күбір көбейді  
Мұндайда жұрт не демейді.  
«Өлтіріпті у беріп,  
У еріткен су беріп».  
Бірін бірі мақұлдап,  
Табытқа төнді жақындап.  
Тыныштық кірді көпке енді,  
Дәрігерді ертіп сот келді.  
Қайшымен қарнын тіліпті,  
Уланғанын біліпті.  
Сотекең енді шындады,  
Халық мүлгіп тыңдады.  
«Қорықпай құдай аруақтан  
Қай зұлым панды улады?»  
Жиналған халық жан-жақтан:  
«Ханым» — деп бәрі шулады.

Насырға шапты іс — не тұрыс,  
Ортаға шығып Петрусь  
Халыққа өзі жар салды:  
«Бәрің де босқа шуладың,  
Мен өзім панды уладым».  
Сөйтті де сотты қарсы алды.

Қолына кісен сарт етті,  
Қалаға дереу әкетті.


Тез бітті ісі созылмай,  
Абақты, соттың бірін де.  
Қолында кісен жазылмай  
Сыпырды шаштың түгін де.  
Қараңғы түскен іңірде,  
Салдырлап берік бұғауы  
Айдалды Петр Сібірге.

1850,  
Орынбор.

# ОЛЕНДЕР








Уа, долы жел, болмайсың ғой қарысып,  
Көк теңізбен арпалысып, алысып,  
Оят оның өр рухын, бір тілек:  
Оят оның толқындарын күркіреп.  
Ақ жал толқын арқасына мінгізіп  
Сүйіктімді тербеткені бір қызық.  
Сол сапардан әлі де ол қайтпаған —  
Қайда, қайда, жасыл теңіз, айт маған!  
Сүйіктімді жұтса егер бұл теңіз  
Мені-дағы сол толқынмен бүркеңіз.  
Кетем іздеп, кетем іздеп досымды,  
Бір қайғыға екі қайғы қосылды.  
Өзімді де ізсіз-түзсіз жояйын,  
Теңіз кезген су перісі болайын.  
Жатсын алда тұңғиықтар қап-қара,  
Толқындардың қойны-қоншын ақтара  
Іздейінші, іздейінші мен енді  
Тапсырайын мына жансыз денемді.  
Тула, теңіз желге өшігіп деміге,  
Сол досыммен әкет бірге мені де.  
Ал, егерде тірі жүрсе сүйгенім —  
Сен, тентек жел, білесің ғой үйлерін,  
Қайғы оттары күйдірмей ме оны аптап,  
Жүр екен ол қай тұғырға қонақтап?  
Айтшы дауыл, жылай ма ол — жылайын,  
Шат болса егер — мен де әндетіп шығайын.  
Ал егерде өлік болса ол, ылайым  
Маған-дағы өлім берсін құдайым!

Алшы мына менің сорлы жанымды,  
Өшір жылдам өмірімді жалынды.  
Апар мені сүйіктімнің қасына,  
Сайғақ болып шаншылайын басына.  
Жайлағаннан жалғыздықпен көңілді у,  
Жеңіл болар бір молаға көмілу!  
Сол моланың гүлі болып өсейін,  
Көп үміттің бірі болып өсейін.  
Торқа болған топырақты, жай аттар  
Таптамасын, таптамасын аяқтар.  
Байқамасын жат өлкенің түс, кешін,  
Өлсе де оған өзге көздер түспесін.  
Күн батарда қайғылы ойға беріліп,  
Күн шығарда алайын бір егіліп.  
Шыққан күндер, көз жасымды кештің бе,  
Кешпесең, кеш, аңғарған жоқ ешкім де.  
Ей, долы жел, болмадың ғой қарысып,  
Бір теңізбен жағаласып, алысып.  
Оян, рух, мен айтайын бір тілек  
Көк толқынмен кеңескенде күркіреп...

*1838,  
Петербург.*



\* \* \*

Тулайды толқын теңізде,  
Далаға бірақ ақпайды.  
Шықса сол казак нені іздеп,  
Онысын бірақ таппайды.  
Дүниені кезіп жөнелді ол,  
Толқыннан толқын әрі асып,  
Толқынға жүрек бөленген,  
Ақыл мен сезім таласып:  
«Қандай у жеді санаңды?  
Қай жаққа кеттің жас құрбым.  
Туған ата-анаңды,  
Сүйіктіңді кімге тапсырдың?  
Ол жақта жоқ қой шын сүйер,  
Жат жұртпен сен бе тіл табар?!  
Кім сенімен күрсінер,  
Қосылып жылар кім саған».  
Күрсінді казак құр текке,  
Теңізге ұқсас сол мінез.  
Қуаныш күткен жүрекке  
Қасірет қана болды кез.  
Тырналар қайтып барады,  
Жат өлке күтті оны да.  
Жыласа казак жол бойы,  
Тікенек өсті жолына...

*1838,  
Петербург.*



Қиялым, менің қиялым,  
Қасірет, ойым өзіңмен!  
Қағазға қайтып сиясың,  
Көңілсіз өңшең сөзіңмен?  
Шаң-тозаңдай желменен  
Ұшып неге кетпедің?  
Жас баладай еңіреп  
Көзіңнен жас кеппеді.

Күлкі үшін қасірет сені туды ма,  
Көп жыладың... Неге жасың көл болып?  
Теңізге де, ен далаға толды ма?..  
Сұрар әмән жұртым саған жол беріп.  
Неліктен мен тағдырыма күйінем,  
Неге менің ауырады жүрегім?  
Неліктен мен томсарам да түйінем?  
— Еш нәрсе етпес, еш нәрсе етпес!—дер елім.  
Күлкі үшін емес-ау, бұл болса арың.  
Күлімдеші жас баладай, қиялым?  
Мәпеледім, күтіп неге баурадым?  
Бір жүрек пе дүниеде жылайтын,  
Мен де өзіңмен көздің жасын бұлаймын.

Табылар ма қиялым,  
Қаракат көз жүрегі  
Көз жасын бірге құятын.  
Көппе еді әлі керегің?  
Тамар ма екен тамшы жас...  
Өктем болып пандар жүр?..  
Қиялым, менің қиялым,  
Қасірет, ойым өзіңмен.  
Қаракат көз қыз үшін,  
Бал тамған шырын сөзі үшін  
Жүрегім менің соғады,  
Жырламай қалғам жоқ әлі.

Сол жырлардан түнеріп,  
Түн түнегі төнеді,  
Гүл жайнаса жасыл бақ,  
Қарақат көз күледі...  
Украина даласы  
Көз алдыңа келеді...  
Жат жерінде өлеңім  
Жүрегімді тіледі...  
Қасаба қармен қарбалас  
Кеңесін казак әскері  
Шоқпары мен найзамен  
Шақыра алмас әсте әлі...  
Жерінде ғана Украина  
Бұл қиялға бөленсін,—  
Сонда сайран, сонда кең  
Қиырдан қиыр созылған.  
Өтіп кеткен еркіндік  
Днепрдей болсаң ең,  
Гүрілдеп тау өзендей  
Кемеліне толсаң ең.  
Сонда туған жалтылдап,  
Қазак еркі қайнаған  
Татарларды, шляхты  
Шөптей орып жайпаған  
Өлікпен жауып жер үстін,  
Шаршады, талды, құлады —  
Демалыс сайын қорғандар  
Биік-биік тұрады.  
Ал солардың үстінде  
Қара бүркіт қаптады,  
Жыршылары халықтың  
Жыр қып оны жаттады.  
Өткенді солай аңыз қып,  
Кәріп-қасер жылады.  
Ал мен... Мен болсам,  
Көңілім қалай тынады.  
Украинаны ойласам...  
Көңілім жардан құлады.  
Қасірет пе... Құрысын!  
Кімдер оны білмейді?!  
Зер салып кім қараса,  
Жаны ашып адамға,  
Дозақты көрер... дозақты...

Сол жерлерден әмәнда.  
Діндар емен: бәлені  
Бақыт үшін шақырған,  
Білмеймін ол кәдені;  
Үш күн тоссын бәлекет,—  
Бәрібір жерге көсемін.  
Көрмеу үшін дұшпандар  
Қасіретім күлгенін,  
Жүрегімнің қарғысы  
Жылан болып жирылсын...  
Ал ойларым қарға боп,  
Ұша берсін қарқылдап.  
Ал жүрегім арда боп,  
Жыласын, күлсін жарқылдап.  
Сонда ешкім көрмейді,  
Күлуге мән бермейді.  
Көз жасымды сүртпеңдер,  
Төгіле берсін сел болып.  
Жат жерінің үстіне  
Нұр боп жаусын дем беріп.  
Поп қолдаған арам іс  
Қалмасын көзге шел болып.  
Солай... Бірақ не істеймін?  
Қайғыдан келер дәрмен жоқ.  
Жетімдікті кім қолдар,  
Құдая, қарға, жәрдем боп.

Қиялым, менің қиялым,  
Гүлдерім менің ұлдарым!  
Мәпелеп сені өсірдім,  
Не болмақ алда құндарың?!  
Барындар, менің ұлдарым,  
Украина — туған жеріме  
Қамшы осқан арқасын  
Азап көрген еріне.  
Ал мен... мен болсам,  
Жатайын шіріп көрімде.  
Жүрек досын сол жерден,  
Сол жерден барып табарсың.  
Алдамас ол әрқашан,  
Тап әділет сабасын.  
Табарсың мүмкін даңқыңды...

Қарсы ал, туған отаным,  
Ұмытпа, ұлы салтыңды,  
Қарсы ал менің ұлымды,  
Ұмытпа осы антымды!

*1839,  
Петербург.*



\* \* \*

Қайтемін қара қасты құр,  
Қайтемін қара көзді мен,  
Не керек маған жас ғұмыр —  
Жас ғұмыр қысқа өзгеден.

Қыз күнім, міне таусылды,  
Таусылды ізсіз ол ағып.  
Қап-қара қою қасымды  
Түсірді жайсыз жел қағып.

Көңілім енжар, азалы  
Бейне бір торғай тордағы.  
Қайтемін сұлу ажарды —  
Бақыттан тұл боп сорладым.

Қиын ғой тірлік жетімдік,  
Болмаса туған баспанаң.  
Туыстар — жат жан секілді,  
Тілдесер таппай жасқанам.

Білмейді ешкім, мен неге  
Булығып бұлай жылаймын.  
Айтар ем, болса, біреуге  
Нені аңсап, неге құмарын.

Неліктен жүрек-көгіршін  
Шарқ ұрып, демі тарылды.  
Келмейді ешкім білгісі,  
Ұқпайды ешкім зарымды.

Жайымды көрмес тіпті ешкім,  
Несіне және сұрасын, —  
Жетімнің күні босқа өтсін,  
Жалынсын, мейлі жыласын.

Жүрегім, көзім, жасың төк  
Барында жарық дүние.  
Жалынып қатты жыла тек,  
Бір тынсын самал үніце.

Әкетсін аққан жасымды  
Теңіздің арғы жағына,  
Опасыз жанның мен сүйген  
Қайғы боп батсын жанына.

1839,  
Петербург.

\* \* \*

Жел қияққа сыбырлап,  
Сырласады тоғаймен,  
Жалғыз қайық қалтылдап,  
Келеді ағып Дунаймен.  
Су лық толған қайықты  
Тоқтатпайды еш пенде;  
Кім тоқтатсын, балықшы  
Бұл дүниеден көшкенде.  
Телегей теңіз, көк жойқын.  
Қайық ағып барғаны,  
Ойнап еді көк толқын  
Жаңқасы да қалмады.  
Сол жел қайық сықылды  
Жетім кетер жат елге,  
Онда да азап күтулі,  
Дайын қауіп-қатер де.  
Ойнар онда адамдар  
Теңіздегі толқындай.  
Сорлы жетім төксе зар  
Маңдайынан сипар жай.  
Іздеп көрші соңынан  
Қайда екен деп сол жетім?  
Көрмегендей оны жан,  
Пенде шықпас білетін.

*1841,  
Петербург.*

\* \* \*

Жексембі күн оған арнап,  
Әлде бітті әлде шала,  
Кесте тікті орамалға,  
Кесте тікті әнге сала:

«Орамалым, кестеленген,  
Өрнектедім арманды көп.  
Мақтау күтем тек сенен мен,  
Ыстық ерін, жанған жүрек.  
Мені де сен өртендіріп  
Қайран көңіл талпынды тек.  
Көрсін жұрттар ертеңгілік —  
Орамалым — алтын жиек.  
Орамалым, орамалым,  
Ол естімей жүр үнімді.  
Қайта өремін тарқатамын  
Баяғы бір бұрымымды.  
Арманым менің,  
Жан-жарым менің!»

Әндетті қыз төкті кесте  
Терезеге қарай-қарай.  
Келе жатса естілмес пе  
Басқан аяқ абайламай.  
Келеді ол алыс жолда  
Лиман жақтан, нені іздеді?  
Ойнап бишік таныс қолда  
Қуалайды өгіздерді.  
Кожасының малын айдап,  
Маңдайда сор қалыңдапты.  
Сорға батқан қалың аймақ,  
Кекті жүрек жалындапты.  
Қайғылы бір ән келеді,  
Күбірлейді ол әлденені:  
«Сүйіктім-ау, сүйгенім-ау!

Неге өзге мүшең-денең?  
Түстім ғой мен күйге мынау,  
Қыдырам ба, ішем бе мен?  
Жетпей ме әлде күшім менің,  
Әлде саған жол таппадым.  
Әлде, әлде... түсінбедім,  
Сый беруге қорқақтадым?  
Сый да бере аламын мен —  
Қоңыр көздің жанарымен.  
Байлар алды бар күшімді —  
Бақытымды, қарғысымды.  
Мүмкін олар жалғызымды  
Әперген-ді бір ұлына?..  
Үйрет, тағдыр, мына мені  
Үйрет, үйрет қыдыруға».  
Еңіреді ол — енді болмас  
Құм үстіне тамды көз жас...

Байғыз ән сап, сілкінді бір  
Айдалада, жас молада.  
Кіресілер күрсінді бір,  
Күрсінді бір басқалар да.  
— Рұқсат ет, ей атаман,  
Әне, ауыл сайға таман  
Аялдайық, аялдайық,  
Досымыздан аянбайық.  
Қандай қиын мұндастығы —  
Шақырды олар бір бақсыны.  
Бәрі зая кетті бірақ —  
Керуен жолға түсті шұбап.

Ауыр, ауыр күндер ме екен  
Арқалатқан бар салмағын,  
Не ұйқысыз түндер ме екен,  
Күткен түндер аңсап жарын?  
Әлде, әлде ұзақ жолда  
Жоқшылықпен тарықты ма,  
Кайратты еді — қажыды ол да  
Тағдыр күшін сарықты ма?  
Дон бойынан әкелген-ді,  
Әкелген-ді оны осында...  
Көрмеді ешкім жат жердегі,  
Көрмеді ешкім моласын да...

Ал, не керек сөз мүлгіген —  
Көрмеді жар, көз жұмды ол.  
Тек қана өксіп жел жылайды,  
Желден өзге кім жылайды?

Қойды крест достары елеп  
Жетім мола бәс жағына,  
Кетті, кетті ол бұ дүниеден  
Тек моласын тастады да.  
Кетті казак, кетті казак  
Тағдыр-толқын жуылды да.  
Кетті казак, кетті казак  
Бұл дүниеден қуылды да.  
Ал, енді анау сұлу қайда  
Қайда орамал — ол жырақта.  
Ерке сұлу, үні майда  
Естілмейді ол құлаққа.  
Тек қана жел жас қабырды  
Соқыр қолмен сипалайды.  
Ал, сұлу қыз қос бұрымды  
Сипалайды, ұйқтамайды...

*1844,  
Петербург.*

\* \* \*

Қалайша денем ауыр, неге бұлай  
Жылайды сорлы жүрек жас баладай?  
Қой жүрек, тоқта жүрек, сабыр қылшы,  
Ашуды ақылыңа бағындыршы!

Тынымсыз сонша неге қапаландың?  
Жоқшылық, аш жалаңаш — бата ма мұң?  
Әлде сен аңсайсың ба тәтті ұйқыны?—  
Ұйықта, мәңгі ұйықта күні-түні.

Бәрібір құрыдың сен күл-талқан боп...  
Жындансын. Сол баяғы жынданған топ.  
Көрме оны, жұмыл көзім, тоқта, жүрек,  
Қайтесің күңіреніп босқа жүдеп.

1844,  
Петербург.

## ГОГОЛЬГЕ

Ой кетеді жалғасып, тоқтамайды,  
Күрсінемін, жүрегім көп қанайды.  
Кейде мені ой құрғыр жылатады,  
Хабары жоқ құдайдың бұдан тағы.

Кімге айтамын сырымды осындайда,  
Бөлісетін қайғымды досым қайда?!  
Мұңға батқан жанымды кім түсінер.  
Сөзіңді ұқпай қорлайды бұл кісілер.

Бәрінің де құлағы тарс жабылып,  
Көзі көрмей азапта жатыр құрып.  
Сен күлесің, күлесің, ұлы досым,  
Мен жылаймын еңкілдеп шыным осы.

Жылағаннан не пайда, не өнеді?  
Оқтың даусын туған жер елемеді.  
Украина жері үшін, сулары үшін  
Көрсетпесе елі үшін ұл да күшін,

Қарт әкесі шаппайды оның басын,  
Күймегенде сен бұған не ғыласың?  
Асырайды, шаппайды жасын сығып,  
Береді ұлын патшаға қол қусырып.

Тағына да патшаның құрбан қылып  
Немістерге береді байлап құл ғып.  
Өздерінде қайтеміз болсын ерік  
Күлеміз де, жылаймыз жасты төгіп.

*1844,  
Петербург.*



\* \* \*

Қызықпа байға, байлыққа  
Жуытпа бойға бұл дертгі.  
Олар сатып алады  
Махаббат пенен құрметті.

Күштіге тағы табынба  
Қинайды жұртты ол дәйім.  
Қарама даңқтың бағына  
Сиқырдай сені алдайды.

Алмайды алғыс ол көптен  
Емес қой бұл да құт орын.  
Көз жасын төгіп қол жеткен  
Даңқына ғашық жұрт оның.

Бір-бірін жастар шын сүйіп  
Қосылса шырқап жаны жыр,  
Күн өткен сайын күрсініп,  
Жолығар мұңға бәрібір.

Бас ұрма ешбір пендеге  
Өмірге қара сырласым.  
Жұмақтың көкте, жерде де  
Жоқтығын әбден ұғасың.

1845,  
Миргород.

\* \* \*

Бай қызға сен үйленбе,  
Айрыласың ырқыңнан.  
Жарлы қызға үйленбе,  
Айрыласың ұйқыңнан.

Қалап ал, дос, казактың  
Еркіндігін қалайда.  
Жиһазы рас аз-ақ тым,  
Даласы кең алайда.

Болмайды ешкім сұғанак:  
«Неге мұңлы едің?» — деп.  
«Неге мұнша тұралап  
Еңсең түскен сенің?» — деп.

Сыр айт десе, иланба,  
Жұбатпайды сірә адам.  
Жеңіл болар одан да  
Жалғыз қалып жылаған.

*1845,  
Миргород.*

\* \* \*

Өтеді күндер, өтеді түндер,  
Өтеді жазым зымырап.  
Соғады дауыл, солады гүлдер,  
Түседі қурап жапырақ.  
Ойың мең-зең,  
Жүрегің жым-жырт,  
Сөнеді көздің жанары.  
Ұйқыға кеткен дүние сұрғылт,  
Жоқ тіршілік хабары.  
Осынау жарық жер бетінде,  
Бармын ба мен?! Білмеймін.  
Қаңғалақтап жүрмін бе әлде,  
Жыламаймын, күлмеймін.  
Сыбағам қайда,  
Сыбағам?!  
Жоқ па сірә ешқандай?  
Жақсылық менен аясаң,  
Жаманат бер, уа құдай!?  
Ұйқы берме кезбе жанға,  
Жүрегі бос қатпасын,  
Қу томардай қалған жолда,  
Босқа шіріп жатпасын.  
Берші өмір, бер махаббат.  
Жанмен сүйсін адамды.  
Ол болмаса... етсін талақ,  
Өртесін бұл жалғанды!  
Қандай қиын қасірет шексең,  
Қаза тапсаң қапаста,  
Азат жүріп, ұйқтап өтсең,  
Содан да жаман болмас па?!  
Ұйқтап өтсең өміріңде,  
Ұйқын ешбір қанбаса,  
Тірлігің не, өлгенің не,  
Еш дерегің қалмаса.

Сыбағам қайда, сыбағам?  
Жоқ па сірә ешқандай?!  
Жақсылық менен аясаң,  
Жаманат бер, уа құдай!

1845.  
Вьюница.



\* \* \*

Тұрсам да Украинада, не жат жерде,  
Әйтеуір сүйретілген бір өмір ғой.  
Еске алар, не ұмытар нені пенде  
Қалсам да қар астында бәрібір ғой.

Ер жеттім еріксіз боп жат ортада,  
Бақыты ашылмаған бір сор маңдай,  
Жылармын, өлермін мен жан қапада,  
Барымды әкетемін дым қалдырмай.

Еріксіз жат жайлаған туған елім —  
Сүйікті Украинада ізім қалмас,  
Ата-баба ұмытып қайран елін,  
Ең болмаса бір мезет есіне алмас.

Әкесі айтпас, қасына ап жалғыз ұлын:  
«Украиннаң үшін бір жалбарын» деп,  
Мүмкін айтса,— баласы алмас тілін,  
Бәрібір ғой не ғылам оны елеп.

Бірақ мына адамның айуандары  
Ұрлап, қорлап елімді көрнеу өртеп —  
Жүрегінде оятар Украинаны  
Сонда бірақ айтпасын бәрібір деп.

\* \* \*

Даламен жүріп,  
Орғанын үйіп,  
Келеді үйіп тау қылып,  
Үгілейді қара жер  
Үгілейді теңіздер,  
Күңіренеді жаңғырып.  
Қараңғы түнде, айсызда,  
Орақшы серік байғұзға.  
Келеді орып демалмай,  
Ешбір жанға қарамай  
Мейлің жыла, не жалын,  
Тастар емес орағын,  
Бақша болсын, жер болсын,  
Әйел болсын, ер болсын,  
Жетімнің де көп зарын,  
Кездескеннің не бәрін  
Ұстарамен тигізіп,  
Келеді бір шал қырып.  
Өлеңдетіп орып шал  
Келеді үйіп тау қылып,  
Патшаны да құтқармас,  
Қала алмаспын мен бұғып,  
Жүргенімде жат жерде,  
Кетер таптап бауыздап,  
Крес қоймас басыма  
Ешкім мені ауызға ал.

\* \* \*

«Туысқандық махаббат»  
Деген сөздер қосылмай,  
Ғасырларға болып жат  
Қеткені ме осылай?!

Үшпу сөздер жоғалды-ау,  
Жел аударған қаңбақтай!  
Мейлі!.. Ана болдың жат,  
Сонда да сүйдік ардақтай.

Еріксізден жат болған  
Туған анаң Украина;  
Сүй ананды жарандар,  
Ұмытпаңдар, қалайда!

Ұмытпаңдар сүйіңдер  
Мына қырсық заманда!  
Ақтық ауыр минутте  
Еске алыңдар жараңдар!



## ҮШ ЖЫЛ

Кейде өткен күндер зымырап,  
Кейде өтпей маған санаттың.  
Барады жылдар қол бұлғап  
Оғындай зулап садақтың.

Заулаған уақыт жақсыны  
Өзімен бірге ап кетеді.  
Сол сәтте жылап, нақ шыным  
Жүрегім жырлап кетеді.

Өтеді жылдар, жүректі  
Жаныштап суық тасқа ұрып.  
Оқытып дұға күдіретті.  
Жанарда салқын жас тұнып,

Өтеді уақыт дұға оқып,  
Жалғайды күн мен ғасырды.  
Сорлыны соқыр күңіретіп  
Тайдырып жолдан пақырды.

Белгісіз өтті үш жылым  
Бекерге өтті-ау қыс пен жаз.  
Көрмедім бақыт ұшқынын  
Бейнетім бейбақ болмады аз.

Жанымның оты басылып  
Қаңырап қалды даладай.  
Жүрегім толы жас үміт  
Өртеніп бітті шаладай.

Катямен сонау коштасқан  
Шуақты жылы арманды,  
Күшакқа алды айырылмай  
Ызғырық, боран қар мәңгі.

Жұлдызым менің Оксана  
Казакпен бірге шоқынып  
Жанына қайғы батса да  
Қапаста ылғи отырып,  
Бақытты көру орнына  
Түріктен азап ол көріп.  
Мәңгілік торда қалды ма  
Жасына көздің жол беріп?!

Осы бір мұңды, қайғыны  
Сұмырай жылдар, сұм жылдар  
Жүрегім шошып айныды  
Ұрламай бірден құрғырлар.

Жоғалту қиын балаға  
Туысқан, жақын, апаны.  
Жарыңды көму молаға  
Бәрінен жанға батады.

Туыстар, жаның жаралы  
Көне ме бөбек әлдиге  
Қиын ғой күту баланы  
Сұп-суық мұздай там үйде.

Оларға рас ауыр-ақ  
Бар тағы сұмдық одан да  
Өзіне әйел тауып ап  
Жеткендей қолы арманға,

Жүрген бір күйкі сорлының  
Ақшаға жары сатылып  
Басқаға берсе көңілін  
Күйеуін алдап қатырып.

Нағлет мұндай жарға да  
Сорлылық сол ғой жалғанда.  
Махаббат қайда, құн қайда  
Жарылар жүрек мұндайда.

Азабым сондай бар менің,  
Азайды міне дәрменім.

Жүректі бердім жұртқа мен  
Бердім-ау сүйіп бағалап.

Жанымды, елім, ұққан ең  
Құшып ең бір кез аялап.

Ақырын жылдар ұрланды  
Көзімнің жасы құрғады.  
Жүректің жасы тұр мәңгі  
Бітетін емес туғалы.  
Ашылды көзім біртіндеп,  
Айқайлауға жоқ үнім.  
Айналам топас бір түнек  
Жыланға бәрін жорыдым.

Таусылды сөйтіп көз жасым,  
Мөп-мөлдір жастар таусылды.  
У ішті солай өз басым  
Шығардым ащы даусымды.  
Жүрегім уға толды бір  
Жолықты азап бұ қалай.  
Тас болып қатып қалды бұл  
Жырламай тіпті жыламай.

Өзің біл жұртым барлығын  
Барлығы сенің еркіңде.  
Кінәла мейлің зарлышы  
Айыпта мейлің сен күнде.  
Немесе жайлап мақтай бер  
Керекпін бірақ мен кімге.

Қаламын бірақ сол ойда  
Өзгермен енді қалайда.

Келмейді қайтып білемін  
Жарқылдап өткен жас күнім.  
Күлкісіз, нұрсыз жүрегім  
Оны да ауыр басты мұң.

Аңқылдақ албырт жүрекпен  
Келмеймін жұртым мен саған.  
Талайғы ыстық тілекпен  
Армандар қалды аңсаған.

Білмеймін өзім сұм тағдыр  
Апарып қайда тастайды.

Шуақтай шыққан бұлттан бір  
Ойымды кімдер қостайды.

Кімменен ұзақ сырласып,  
Қайғысын кімнің бөлісем.  
Кімменен ашық мұндасам  
Кімдермен тағы көрісем...

Ойларым, отым, ұшқыным,  
Азапты ауыр үш жылым.

Өмірде жайнап күлмеген  
Балаларым — бұтағым  
Мен шыққанша түрмеден  
Құшаққа ап кімдер жылтады.

Жыланатын жер іздеп  
Айтпаңдаршы жүрміз деп.  
Үйде-ак ұйықтай беріңдер  
Не болса да көріңдер.

Мінеки, тағы қарсы алдым  
Төртінші жаңа жылды мен.  
Хош келдің, келіп ән салдың  
Жаңа жыл, шіркін, мүлгіген.

Сыйың бар қандай жаңа жыл  
Капшығыңның ішінде.  
«Бақыт берер манифест  
Кіріп жүр жұрттың түсіне».

Жаңа жыл! Мейлің келе бер  
Жоқшылық, зарға сәлем бер.

1845,  
Вьюница.

## ӨСІЕТ

Көміңдер мені өлген соң,  
Сүйікті туған елімде.  
Қазылсын қабырым кең байтақ  
Украинамның жерінде.

Жатайын биік қорғанда  
Кеудемді кернеп жалыным.  
Жатайын тыңдап құдіретті  
Днепрдің сарынын.

Ақса қаны дұшпанның  
Украиннан езілген.  
Ағызса оны Днепр  
Қосылса көк теңізбен.

Тастап сонда қабырымды  
Тәңірге ұшам табынам.  
Оған дейін мен оны  
Ешқашанда, таныман!

Аттаныңдар көмгесін,  
Үзіңдер бұғау темірді!  
Жау қанымен суғарып,  
Көгертіндер өмірді!

Мені де, Ұлы Отанды,  
Жана ел — үлкен өлкеде.  
Ескеріңдер ұмытпай,  
Шапағатпен әр кезде!

*25 декабрь, 1845,  
Переяслав.*

## Л И Л Е Я

— Өскен кезде бойлап жаңа,  
Сүймеді адам неге мені?  
Жаңа жеткен жас кезімде,  
Неге өлімге қиды мені?  
Енді мені олар неге,  
Қызықтайды дәрежелеп,  
Ханыша деп шатырда ұстап,  
Көз алмайды үнем қарап,  
Сыйғыза алмай тамашалар,  
Таңданады гүлдеріме?  
Айтшы бауырым, король гүлі  
Сүйем енді сені неге?  
Нұрлы алқызыл король гүлі  
Лилеяға иіп басын,  
— Мен білмеймін мұның жайын.—

Дейді, сүйген қарындасым.  
Лилея сонда назаланып  
Шықтай мөлдір төкті жасын...  
Жылады да айтты және  
«Туысқаным, бұл расым  
Біз екеуміз, туысқаным,  
Көптен жақсы көріскенбіз,  
Бірақ саған ішкі сырды  
Айтуға бір болмады кез.  
Қалайша мен адам болдым  
Қандай азап кештім бастан...  
Қалай өстім, қалай толдым  
Сокқы көріп бала жастан.  
Анам менің не себептен,  
Томсарды үнем мұңға батып.  
Үнем маған бөбегіне  
Көзін алмай қарап қатып.  
Төкті жасын? Ұқпадым мен,  
Зарлағанда сүйген анам.


Батырды екен мұңға оны кім?  
Туысқаным айтты маған  
Мен жастықпен түсінбедім  
Ойын болды алданышым.  
Анам солып шөге берді  
Қасірет-қайғы жайлап ішін  
Өзіміздің жауыз панды —  
Зарланды анам қарғап-сілеп  
Анам өлді. Қолына пан  
Алып мені «асыраймын» деп,  
Ақ шатырда түк те сезбей  
Ер жеттім мен қорек алып.  
Өгей емес өз баласы —  
Екенмін деп жүрдім нанып.  
Бір күні пан кетті алысқа  
Тастады да жалғыз мені.  
Жек көретін халық панды  
Жіберді өртеп бар дүниені.  
Не себептен түсінбедім,  
Өлтірмеді — ел мені, тек,  
Ұзын сұлу бұрымымды  
Алды кесіп түбінен кеп.  
Қайшы табын шүберекпен  
Бүркеді де күлді бәрі,  
Өзге тұрсын сасық еврей  
Түкірді о да болып кәні.  
Туысқаным міне осындай  
Мен кешірдім қиындықты,  
Қып-қысқа жас өмірімді  
Жасатпады ғасыр жұрты.  
Қыс болғанда өлдім де мен  
Жаттым құшып қорған түбін.  
Жаз тіріліп гүлдедім де,  
Жайнатты өлке менің гүлім.  
Қар сияқты аппақ бұлмен  
Жайнаттым мен бұталарды,  
Қысты күні мені адамдар  
Үйден қуды, жолатпады.  
Жаз шыққанда тамашалап  
Жапырағыма көзін салып,  
Бой жеткендер бұрымдарын  
Өрді безеп гүлімді алып.  
Мадақтады мені бәрі,

Аппақ қардай Лилея гүл деп  
Орманда, үйде, шатырларда  
Жайнадым мен өстім гүлдеп.  
Айтшы маған туысқаным  
Король гүлі түсіндіріп?  
Неге тәңірі бұл дүниеге  
Туғызды екен ақ гүл қылып!  
Анам менен өз жанымды,—  
Алғандарды шаттандырып,  
Қуантуға дарқан тәңірі,  
Жасады екен қалай біліп».  
Төкті тағы Лилея жасын  
Алқызыл боп король гүлі.  
Лилеяға иіп басын  
Мүсіркеді аяп мұны.

*Киев.*

*6 март, 1858, Нижний-Новгород.*





## ЕКІ ӨЛЕҢ

### I

Неге керек, қара көз маған,  
Қарайтын оған кісі жоқ?  
Ой, ана, ана қарайтұғын кісі жоқ.  
Не керек, маған мына ақ саусақ,  
Ұстайтын достан айырылған.  
Ой ана, ана өмір-бақи айырылған.  
Не керек маған жүрде аяқ,  
Дүниеде оған өріс жоқ.  
Ой ана, ана оған өріс жоқ.

### II

Қырда өседі қырмызы гүл,  
Қырқа астында қазақтар жүр,  
Жүрекке мұңнан қысым түскен.  
Кеттің қайда сыбағам сен.  
Әлде баймен асхананың ішінде,  
Әлде қырда кірешінің көшінде.  
Әлде қырдың сайрандайсың даласын.  
Әлде желмен ұшып ойнақ саласын.  
Ой, туғандар, ол жерден оны таппайсың —  
Сыбағаң сенің бөтен үйдің төрінде,  
Орамалмен бет сүрткішке түйюлі,  
Қыздардың ол, сандығының түбінде.

## ҚҰДАЙДАН БЕЗГЕН

Торлаған түнек, өтірік.  
Қажыған халық қарап тұр.  
Апостолдың тағында  
Шартық қарын монах тұр.  
Жүргізіп қанмен сауданы,  
Жалға берді жұмақты.  
О, құдай! Сотың босқа жүр,  
Босқа жүр өзің сияқты.

\* \* \*

Жалғызбын мен, жалғызбын  
Сортаңдағы сояудай,  
Не бақытты, не сыйды  
Бермеді маған бір құдай;

Сұлулықтың жұрнағы  
Тек қарақат көз берді.  
Жалғыз қыз боп жылаумен  
Жанары оның тез сөнді.

Аға, апа, не сінлі  
Дегендерді білмедім,  
Жат ортада бой жеттім.  
Ешбір жанды сүймедім.

Қайда менің жан жарым?  
Қайдасыз дос-жарандар?  
Олар жоқ... мен жалғызбын,  
Болмас менде сүйген жар.

*1847,  
Абақтыда.*

## ҮШ ЖОЛ

Ұзақ үш жол айдың жол,  
Тарайды екен бір жерден,  
Сол үш жолмен үш бауыр  
Жат жерлерге жөнелген.  
Қалды айырылып қарт ана,  
Қоштасты бәрі әйелмен.  
Бірінен қалды қарындас,  
Ең кенжесі қоштасты.  
Өзіндей өрім қызбенен,  
Арнап екті қарт ана  
Үш қара тал далаға.  
Биік терек орнатты  
Жас келіншек жаңада.  
Қарындас екті үш шынар,  
Сағынған арнап ағаға.  
Айттырылған балғын қыз  
Балан ағаш өсірді  
Жазыққа бір жағаға.  
Үш қара тал көгермей,  
Қалды қурап теректер.  
Шынарлар да құралы,  
Балан ағаш көгерді.  
Шынар да қалды өспестен,  
Тамырын тартпай қара жер.  
Үш туысқан қайтпады.  
Зарлайды жоқтап қарт ана  
Көзінің жасы болып көл.  
Суық үйде шулайды  
Әйел менен бөбектер.  
Шықты жылап қарындас  
Туғандарын іздеуге,  
Көмді көрге жас қызды  
Айттырылған күйеуге.

Үш туысқан адасып,  
Қайтпас болды енді елге,  
Алшиған үш жол жанаспай,  
Келмес болды жөндеуге.

*1847,  
Петербург.*

## ҚАЗЫЛҒАН ҚОРҒАН

Ұлық өлкем Украинам,  
Қиратты сені не үшін!  
Өлесің, анам сен неге?  
Әлі де ерте күн шықпай  
Табынбаппа ең тәңіріге?  
Ұлдарында табаңыз.  
Үйретпеп пе ең әлі де?  
Әдет-ғұрып, өнеге?  
«Дамыл таппай күн-түні,  
Табынғанмын тәңіріге.  
Кірпік қақпай ұйықтамай,  
Балаларым баққанмын.  
Үйретіп ғұрып-өнеге.  
Өсіп менің ұлдарым,  
Ашылып әсем гүлдерім  
Жасаған жақсы бір кезде  
Ей ақылсыз<sup>1</sup> Богданжан.  
Менен туған сен бала,  
Қарашы ел мен жеріңе,  
Қарашы сені әлдилеп,  
Өсірген мендей анаңа!  
Әнге қосып тағдырды  
Күтіп, тілеп бостандық  
Жылаған өксіп зарлана!  
Ой, Богданым! Богданым!  
Білсем мұндай боларын  
Тұншықтырып баурымда  
Өлтірмес пе ем мен ғана!  
Жат елдерге — неміске  
Сатылды менің кең далам.  
Жат жұмыста жат елде

---

<sup>1</sup> Богдан Хмельницкий 1648 жыл Украинада болған шаруалардың төңкерісін басқарған, соның нәтижесінен Украина Польшаның езуінен құтылған. 1654 жыл Украинаны бауыр жұрт ұлы орыс халқына қосқан.

Жүр бұл күнде өз балам.  
Туысым менің Днепр,  
Суы қайтқан, тартылған.  
Тастады мені артына.  
Қорғандарым құрметті,  
Қазылды москал қолынан  
Келместей болды қалпына.  
Мейлі қазсын, ақтарсын.  
Таппайды онан керегін,  
Оған дейін есейіп,  
Ала аяқтар жетілсін.  
Москалға берсін көмегін,  
Орындасып дегенін,  
Өз анаңды көмуге  
Асығындар залымдар.  
Денесінен көйлегін,  
Сыпырындар, алындар!»  
Ашылған қорған үңрейген,  
Төрт жағынан қазылған.  
Іздейді олар не содан?  
Не қалды екен атадан?  
Табыла қойса алдынан  
Іздегені моладан<sup>1</sup>  
Еңіремес ед бала да,  
Үн шықпас ед анадан.

1843,  
Березан.

---

<sup>1</sup> Қорғанға көмілген Украинаның әскері мен теңдікті айтып отыр.



\* \* \*

Украинада — елімде,  
Болмаймын ба, болам ба?  
Еске алар ма әлде кім,  
Жат өлкеде жүргенде,  
Әлде ұмыт боп қалам ба?  
Бәрі де маған емес мұң.

Жаны ашымас жұртым мен  
Арасында жат елдің,  
Еріксіз өстім, есейдім,  
Өлемін зарлай еріксіз.  
Ала кетем бәрін де,  
Біткен күнде шын демім.

Украиндай қымбатты,  
Байтақ өлкем елімде.  
Қалдырмаймын ізімді  
Өз мекенім — жерімде.

Естен мені шығарар.  
Әке менен бала да.  
«Украинада езілген,  
Арнап дұға оқы» деп  
Айтпас әке балаға.

Оқыр ма бала дұғасын...  
Бәрібір ғой мен үшін  
Бірақ улы жыландар  
Украинды арбаса,  
От ішінде оятса...  
Осы қиын мен үшін!

*1847,  
Петербург.*

## КЕШ

Шиелі бақша қасында үй,  
Ызыңдап ұшқан қоңыздар.  
Соқашылар келеді,  
Тамаққа күтеді үйде ана,  
Ән салады жас қыздар.  
Ымыртта жұлдыз көрінді,  
Отырды жұрт тамаққа.  
Жайғастырды асты қыз,  
Дем алайық десе ана,  
Сайрап бұлбұл дамылсыз  
Тыным бермей құлаққа.  
Үй алдына жатқызды,  
Жас балаларын анасы.  
Өзі де жатты солармен,  
Тынышталды жалғыз ақ:  
Қыздар мен құс дауысы.

*1847,  
Петербург.*



Қиялым менің, қиялым,  
Жақыным сенсің туғанда!  
Басына тастап қияның  
Қетпеші қатал жылдарда.  
Келіндер ұшып көк қанат,  
Көгершін болып топтанып  
Кең Днепр үстінен  
Сахараға аттанып.  
Қыдырайық қырғызбен  
Қайыршы о да көп халық.  
Пақыр да болса тамағы аш,  
Жарлы да болса жалаңаш,  
Жүргенсін байғұс басы аман  
Медет бер дейді жасаған.  
Келіндер ұшып, қиялым,  
Сыбырлап мұңды кеудемнен  
Еркелетіп баладай  
Жылайын бірге сендермен.

1847,  
Орскі қамалы.

\* \* \*


Жырларым-ау, жырларым  
Ең жақыным деп сенер!  
Сұм заманда сорладым,  
Сорлатпаңдар тек сендер.

Кең Днепр көгімен  
Көгіршін боп келіңдер,  
Қасқа қазақ елімен  
Сайран құрып көріңдер.

Болса да олар ылайым  
Аш-жалаңаш үнемі,  
«Бере гәр,— деп, құдайым»,  
Еркіндікте жүреді.

Келші, жырым, мәпелеп  
Сені мәлет қылайын.  
Әлдилейін «бөпе» деп,  
Сосын бірге жылайын!

*1847.  
Орскі қамалы.*



Н. Н.

Күн батып, тау қарайған,  
Тұнған құстар, жер мүлгіп;  
Шықпайды үн маңайдан  
Қараймын үнсіз... мен күңгірт.  
Украинаға талпынып,  
Кетемін алыс шарқ ұрып.  
Демалғандай жан тынып.  
Қарайған жер, тау, бақша да,  
Жұлдыздар жанған аспанда.  
Қасиетті жұлдыз! ашынып,  
Жасымды төгем жасырып,  
Украинаның тұрсың ба  
Аспанына асылып?  
Бір қара көз тапты ма  
Іздеп сені асығып?  
Әлде ұмытып кетті ме,  
Құмарлығы басылып?  
Ұмытса егер — ұйықтасын,  
Сырымды ол менің ұқпасын.

1847,  
Орскі қамалы.

\* \* \*

Жат жерде күн қыздырмайды,  
Үйде қапырық ыстық-ақ.  
Менің үшін Украинада  
Шаттық өмір болды бұлақ.

Ешкім мені сүйген емес,  
Ешкімге құл болмадым.  
Адастым мен — тәңірі дедім  
Жегілерді қарғадым.

Еске түсед өткен күндер,  
Қара жылдар арасы.  
Асса дарға құтылмас ед  
Бүгін майрам<sup>1</sup> баласы.

Еш жерде маған емес жақын  
Болмақ та емес ешқашан.  
Жақсыларға Украинаның,  
Өзі-дағы жат отан.

Зор тілегім жалғыз менің,  
Жат өлкеде өлмесем.  
Жат топыраққа көмуіне  
Солдаттардың көнбесем.

Жарықтық жел айдап топырақ,  
Днепр бойынан.  
Басса менің қабырымды  
Қалмас еді-ау  
Еш арман!

---

<sup>1</sup> Майрам баласы деп — ескі уақытта өлімнен қашып құтылып-ты-мыс деп әңгіме болатын Иса пайғамбарды айтады.

Жұрт үміті осы емес пе...  
Болмақ өзге не тілек...  
Болмаса егер біздің тілек  
Тәңіріні атау не керек!

1847,  
Орскі қамалы.



\* \* \*

Ойланып біз, тұңғықта қаламыз:  
«Неге бізді туды өмірге анамыз?  
Қастыққа ма, достыққа ма? Ол жұмбақ!  
Неге жүрміз? Нені іздеп табамыз?»

Біле алмастан бұл дүниеден өтеміз,  
Өмір жүгін жолға тастап кетеміз.  
Қаншама жүк салдың, сүйген тәңірім,  
Жазалашы жүрсе маған әмірің?

Өспей бәрі балаларың өлсе еді,  
Қасиеттім, кейіткенше ол сені.  
Тар қапаста жауыздықты көргенше  
Ұятыңды сенімен бір бөлгенше.

1847,  
Орскі қамалы.



Қазак ел боп жүрген кезде сонау бір,  
Ол бір шақта кешпеген ек жол ауыр.  
Өтті қалай жылдар жылдам тасқындап,  
Поляк деуші ек достарды онда біз бауыр.

Мақтанушы ек кең өлкеге көлбеген,  
Шаттанушы ек бакшаларға гүлдеген.  
Жырлаушы еді, сүюші еді қыздар да,  
Ана қандай қасіретті білмеген.

Мақтанды олар еркін түлек ұшырып,  
Мақтанды олар, өсті ұлдары ысылып.  
Қуаныштан нұр жайнады жүздері  
Кәріліктің қасіретін ысырып.

Келсе де имам мен құдай деп ақпан боп,  
Біздің өлке өрт ішіне батқан жоқ.  
Әзірінше көз жасы мен қызыл қан  
Жерімізде теңіз болып аққан жоқ.  
Жетімдер де құдай сақтап қалды аман,  
Қасірет-шер тұта алмады қақпан боп...

Көл боп ағып көздерінің жастары,  
Мұңға батып қапаланды жас-кәрі,  
Украина төкті жастың жаңбырын,  
Бейне орған шөптей ұшып бастары.

Сұм жендеттер қырып-жойып барады,  
«Құдай мені сақта!» деген имамның  
Ессіз даусы құлағыңды жарады!..

Міне осылай поляк дос, бауырым,  
Әкелді ғой бізге имам ауыр мұң.  
Айырды ғой жазығы жоқ туысты,  
Тұрмас па еді, әлі қатар ауылым.

Қазақтарға қолыңды сен бер тағы,  
Таза, ыстық жүрегіңмен кел тағы,  
Бірлесейік құдіретке сыйынып,  
Еңсін жұмақ құшағына ел тағы.

*1847.*

## МОНАХ

Жерінде Киевтің ол күнде  
Болды солай, болды солай бір кезде,  
Енді қайтып оралмайды ол мүлде,  
Болғаны осы, өте шықты лезде.

Бәрі де ұмыт... Бірақ та мен, бауырлар,  
Құлшынамын не болғанын көргім кеп.  
Көкірегімде қайғы атты дауыл бар,  
Құлшынамын сол қайғыны бөлгім кеп.

Біздің казак Киевтің кең жерінде  
Өз даласын емін-еркін биледі.  
Не бір панға, не бір шенді төреге  
Ешқашанда құл боп басын имеді.

Барқыт төсеп қойды жүрген жолына,  
Сүртті аяғын жібекпенен, сермеді.  
Өз тағдыры болды өзінің қолында,  
Көлденеңнен ешкімге жол бермеді.

Біздің казак Киевтің кең жерінде  
Ертелі-кеш сауық-сайран құрады.  
Жомарт қой ол той-дуанға келгенде,  
Шарабыңды шелектеп кеп құяды.

Қоймадағы балы менен шарабын —  
Бәрін сатып не қажетті мүліктің.  
Дүрілдетті салтанаттың базарын  
Халқына арнап сол сүйікті Киевтің.

Музыка үні кетеді түү алысқа  
Тіпті өлі аруақты да тербетіп.  
Меліресе де қарайды бұл қуанышқа  
Терезеден айдарларын жел желпіп.

Еркіндік жоқ медіреседе қураған,  
Жан жоламас қаңыраған бір мекен.  
Ән мен күйді аспандатып шулаған  
Мына дүрмек кімді қоршап жүр екен?

Келе жатыр казак шаңды сапырып  
Шалбарымен қызыл күрең, кең балақ,  
Жылдар, жылдар! Бұл не сұмдық, не ғажап!

Ет қызумен бір қарт адам тістеніп,  
Теуіп қалды өкшесімен жігерлі.  
Осылай бір шаң аспанға ұшсын деп,  
Қазак жырын тағы шырқап жіберді:

«Жол бойы шаң будақ-будақ,  
Жатсын солай ұбап-шұбап,  
Егер біздің жастарға әкеп,  
Ексе мұнда бір мак, бір мак.  
Теп өкшенмен жерді мына,  
Өкішене ерік бер де мына,  
Башпай да құр қалмасын.  
Шаң бұрқатсын өкшең бір,  
Бұлт құсап шаң көшсін бір.  
Теп өкшеңмен жерді мына,  
Өкшеңе ерік бер де мына.  
Башпай да құр қалмасын!»  
Межигорскі етегіне келді олар  
Жүресінен билеп жүріп акыры.  
Ал соңынан бүкіл казак, бар Киев:—  
«Сәлем, сәлем! — десіп ұран шақырды,—  
Қабылдаңдар қарсы алып алдынан,  
Жолдасыңды келген мына ауылдан!»

Алдарынан олардың тез ашылды  
Монастырдың зор қақпасы қаскиып.  
Ашылды да қайтадан ол жабылды  
Мәңгілікке бекіткендей тас құйып.

Шер қапаста әлде қырғын-сүргінде  
Қандай байғұс бұл пәлені кетті ашып?  
Семен Палий мұны сйлаған білдің бе,  
Еркіндікпен бір жолата қоштасып.

Күн жоғары жүзеді,  
Күн батады төмендеп.  
Құжыра ішіне кезеді  
Ақ шаш монақ сүмендеп.  
Сандырақтап келеді ол  
Вышгородты аралап,  
Сүйікті сонау Киевке  
Жақындап келіп қарамақ,  
Жүрегін шермен жаралап.

Қасиеті күшті бұлақтан  
Сіміріп әбден қанбақшы.  
Басында оның бұл өткен  
Өмірін еске алмақшы.

Құжыраға қайтып келеді,  
Үстінде шіркеу күмбезі.  
Еске алу қандай көңілді  
Сонау бір жастық гүл кезді.

Дін кітабын жаттап ап,  
Оқиды келіп дауыстап.  
Ойымен ұшқыр қарт монах  
Кетеді шырқап алыстап.

Құдай сөзі бір азырақ бәсеңдеп,  
Қазақтардың шықты үні қаттырақ.  
Бар еркіндік;  
Қарт Гетман — жапалақ  
Қарайды әзер отты көзге қалтырап.

Ән менен күй, күй менен би, Бердичев  
Шақырады бұл монахты ұрандап.  
Сыңғырлаған шынжыр даусы... Москва...  
Орман мен қар, қарт Енисей —  
Бәрі, бәрі көз алдында тұр андап...

Омырауды жас жуды кеп... Бас име!  
Көндір мына тозған кәрі дененді.  
Құдай сөзін оқы-дағы қастерле,  
Монастырлік өсекті ұстап төбеңе.

Ал, бірақ та ерік берме жүрекке,  
Апарды ол Сибирге де жетелеп.

Қулық-сұмдық үйіне де ол кіргізді,  
Таста оны жаныштап сен, не керек.

Фастовщиндер, Борзндерді ойлама,  
Бәрі де өлген, сен де қалдың жуықтап.  
Бұл дүние мүлде сені ұмытпақ...

Қайғылы ойдан іші жанып, күңіреніп,  
Жылады ол кітабын жәй ысырып.  
Құжыраны кетті кезіп тебіреніп,  
Орындыққа басын иді қысылып:  
«Неге ғана бұл өмірге тудым мен,  
Неге ғана Украинаны сүйдім мен?..»

Күңіреніп ертеменен қоңырау  
Тыным тапмай таңғы азанға шақырды.  
Естіп монах тұрды орнынан сылбырлау  
Қолында аса, күшін жиып ақырғы.

Безді шіркеу, безді мына тәжімнен,  
Кетті мүлде екі көзі мұнартып.  
Деді ол сонда: «Дүниенің бәрінен  
Тұған жерге бас игенің мың артық!»

1847,  
Орскі қамалы.

## ҚАҢҒЫБАС

Қаңғып жүріп жат жерден  
Електе қартпен кездескем.  
Азабы әлі аз тағдырдан  
Жерлесім екен қаңғырған.  
Мейрам күні кездесіп,  
Сөйлесе кеттік жүздесіп.  
Есіне алып ардақты —  
Сүйген жері Волынін,  
Жастық шағын — бал-бұлын  
Қозғады бастан шеккенін.  
Бір төбені тасалап,  
Шөп үстіне жата қап,  
Сыр алыстық ашылып.  
«Ұзақ-ау өмір! — деді қарт. —  
Бәрі де соның құдайдан!  
Бірақ адам пұшайман,  
Түкке арзымас бір пенде!  
Мысалға алсам өзімді,  
Деменіз бекер сөзімді,  
Берекем кеткен бір жанмын.  
Ешкімге қояр кінәм жоқ,  
Сұраман артық мұнан көп,  
Керек емес еш нәрсе.  
Солай, ұлым, жалғызым,  
Жат жерінде қаңғырдым,  
Өмірімді шірітіп», —  
Деді де әлгі қаңғы шал  
Жіберді жымап, болды дал.  
Дегім келді сонда мен:  
«Үмітің болса үйіңде,  
Қумағын, тұрсын күйінде!  
Қабырғасы үйіңнің  
Әзірше мейлі жылытпас,  
Көзіңе келсе жылып жас,  
Сол жасыңа шомылған



Жүрегің бір кез күлімдер,  
Туған өлкен,— күнім,— дер.  
Жат жерінен ұшар бір,  
Сонда оны құшар жыр».

«Өмірде бар-ау көп нәрсе! —  
Деді қарт,— бәрі көкпәріде.  
Иквадан су болып,  
Көл-көсір ағып мұхитқа  
Кеткен жоқ па тұқита...  
Түнерген бір бу болып.  
Сол селода, далада  
Өлімге туған балаға  
Ұқсадым да өстім мен...  
Қалай ұшқыр тағдырым!  
Пан ұлымен қаз тұрдым.  
Бала кетіп қосым тең.  
Пан әйелі ермекке  
Ұлдарына келеке  
Етпекке мені алыпты.  
Күн артынан күн өтіп,  
Пан ұлдар мені құл етіп,  
Құдайымды танытты.  
Қабаған өңшең күшіктей  
Қалған емес тісі өтпей,  
Талайларды талады.  
Оларды енді оқытты,  
Хат танытып, тоқытты,  
Мен де бірге оқыдым,  
Бірақ құрғыр тағдырдың.  
Азабын көріп азғынның,  
Қеудеме кесел тоқыдым.  
Иттен арзан біздерге  
Оқуды нем бар көздерге?!  
Бас исең құдай жолына,  
Сүрінсең соқа соңында —  
Осы-ақ өсер белесің.  
Қедейге сорлы көк жұлық  
Қерегі не көп біліп,  
Осы-ақ екен үлесің!  
Оқып шықтым, өстім мен,  
Еркін өмір тостым мен  
Бермеді бірақ еркімді.

Ең болмаса солдатқа  
Болмас ед алса салмақ та.  
Түсіне алар жөн кімді?  
Не етпекпін енді мен,  
Ұстадым соқа, көндім мен...  
Гвардия жазды пан ұлын.  
Қарамай қыршын жасыма  
Ауыр күн туды басыма,  
Соңында соқа қалғыдым.  
Жетім едім, жалғыз ем,  
Өскен бір дара жалбыз ем;  
Жұмысын істеп көршімнің  
Өсті бір қыз бой жеткен,  
Жан едім соған ой кеткен,  
Бұл сырымды көрші мін!  
О, тағдырым, тағдырым,  
О тәңірім, жалғызым!  
Сәби-ді ол... Бекер ме?  
Күдіретті жан ием,  
Әміріңе бас ием,  
Үмітім босқа кетер ме?  
Үлгірмедім, сүйіп те,  
Бал-бұл жанып, күйіп те...  
Үйленсем соған деп едім,  
Той жасап жұртты шақырсам,  
Мырзалар мақтап ақылшаң...  
Болмай қалды дегенім.  
Жасау сатып алған ем,  
Шарап, сыра, қалмас па ең!  
Ішуі қалды баптанып.  
Сатушы қақсал құтырған  
Жасауды ұрлап, жытырған.  
Сыраны төкті ақтарып.  
Бітті бәрі... Кетті де,  
Жетті де осы... Жетті де...  
Еске де алғым келер ме?  
Күйдім-жандым, қайтейін,  
Осылай болды жай-күйім,  
Тәңірім қайтып берер ме?..  
Қалдырып соқа, даланы,  
Есіме алдым қаланы,—  
Шайтан түртіп енді мен:  
Писарьлыққа жалдандым,

Бір — екі жыл қамдандым,  
Дос-жаранды көрдім мен.  
Үшінші жылы мырзалар,  
Жиналып өңшең құдалар  
Көңілді болды әр дайым.  
Қарта ойнады, қыдырды,  
Қыз ұзату дүбірді  
Күткен-ді бұлар күн сайын.  
Бұқадай жөңкіп мырзалар,  
Кеудесіне ырзалар,  
Жас қыздарға тиісті.  
Сол тойды біз де күткенбіз...  
Хабарсыз деме түктен біз.  
Қыздармен мырза сүйісті.  
Қостёлда болды сөздері  
(Поляк еді өздері)  
Осындай жанға құдайым  
Кездестірді ұдайы —  
Не деген жастар бұл өзі...  
Музыка міне ойнады,  
Қостёлдан шығып ойнағы,  
Болғанды бұлар тұл өзі.  
Сол кезде пан ұлдармен —  
Кездесіп өңшең мұңдармен,  
Қою қанға боядық.  
Құтыла алмай... батпақта  
Қалды сұлап қаптап та,  
Өңшең залым қояншық.  
Сазайын солай тарттырып,  
Достармен енді шарт кылып:  
Көк шатыр үйді іздедік.  
Орманды қалың аралап,  
Емендер бойын саралап  
Келе жатқан біз едік.  
Шүйгін шөпті сайларда,  
Жан баспаған жайларда  
Қаптаған үйлер — алдымыз.  
Үйлерге кірсек достармен,  
Қарсы алып бізді қоштар кең —  
Бас етіп мені қойған-ды.  
Өсе берді сол тобым,  
Жүзге де жеттік, мол тобым,  
Көрсеттік жауға сойқанды —

Пан десе зығыр қайнадым,  
Басын алып, жайпадым  
Аяуды мүлде қойдым мен.  
Не үшін керек сол қырғын,  
Өзім де білмей орғыдым,  
Талайды жайпап сойдым мен.  
Үш жыл жүрдім пышақпен,  
Қасапшыға ұсап мен,  
Өрт пен қанға үйрендім.  
Найзамен түйреп баланы,  
Боядым қанға даланы,  
Әйелін панның сүйредім.  
Аттарды тұсап далаға  
Кететін едік қалаға...  
Талай-талай өтті іс.  
Үңгірден-үңгір тығылып,  
Жындандым әбден сығылып,  
Қаңғырып солай бітті күш.  
Өзімді өзім сояйын,  
Көзімді сөйтіп жояйын  
Ойымнан кетті берекет.  
Қажыдым. Бұған даяр ем,  
Өзімді қанға бояр ем...  
Кездесті бір керемет.  
Көріне таң сілемі  
(Қоншымда пышақ жүр еді)  
Орманнан шықтым өлем деп.  
Таңертең күн ашықта,  
Көрінді Киев қашықта  
Бейнесі ұлы көлеңдеп.  
Құдай даңқын талайдан  
Ұстаған зәулім сарайлар...  
Тұра қалдым қадалып.  
Көк күмбезін үңгірлеп,  
Қоңыраулар күнгірлеп,  
Жан-жаққа тұрды таралып.  
О, жасаған, жан ием,  
Бейнеңе, Киев, бас ием...  
Мен едім сонда жылаған.  
Қасіретім серпіліп,  
Тап болды кенет еркіндік,  
Қайта туды бір адам...  
Құдайыма сиынып,

Етек-жеңді жиынып,  
Киевке қадам бастым мен.  
Әулие үшін сиынбан,  
Ұзданыма қиып жан,  
Сотыңа тостым басты мен.

1848,  
Орскі қамалы.

\* \* \*

Көшеде қар, жел — ақшаңдақ,  
Ұлиды боран сабалап.  
Келеді жесір ақсаңдап,  
Дуалдың бойын жағалап.

Байлардан қайыр тілеуге  
Шіркеуге қарай беттеді.  
Тәуелді болып біреуге  
Солдатқа ұлы кеткен-ді.

Ойлайтын жасым жеткенде  
Келін ап қызық көрсем деп.  
Болмады бірақ дегені,  
Жүргені мынау бүрсеңдеп.

Біреуден әбден қиылып,  
Тіленіп алған пұлына  
Құдайға іштей сыйынып,  
Шырақ ап қойды ұлына.

1848  
*Қосарал.*

\* \* \*

Ұйқыда әкем молада,  
Көз жұмды ерте ана да.  
Көмексіз, ешбір тірексіз  
Қаңғырып қалдым далада.

Қалайша шерді жасырып,  
Қалайша табам жақсылық.  
Отырам ба үйде еңіреп,  
Құл болам ба әлде бас ұрып.

Жоқ, барам сонау орманға,  
Егемін жалбыз ол маңға.  
Кетпеймін тастап үйімді,  
Тілегім осы болғанда.

Келсе егер ізгі тілегім,  
Үй болдык біз деп білемін.  
Болмаса тілек, халықтан  
Іздеймін бақыт тірегін.

Тілегім менің болды ғой,  
Еккенім өсіп-толды ғой.  
Ал бірақ жаттың қолында  
Жас қыздар ерте солды ғой.

1848,  
Қосарал.

Тәңіріміздің Петрменен  
 Бір кыдырған кезінде,  
 Ғажап, қызық дүниеге  
 Іс туғызар кезінде.  
 Қалып еді балтасы  
 Есігінің көзінде.  
 Ұрынды мықты бәлеге,  
 Қиліккен сорға бір қазақ:  
 Ұрлады тәңірім балтасын  
 Білдірместен амалдап.  
 Кетті сөйтіп отынға  
 Кең орманды аралап,  
 Таңдап тауып бір ағаш  
 Шапқан еді балталап,  
 Шығып балта қолынан  
 Іс көрсетті бір ғажап:  
 Күйретті бар орманды,  
 Кетті қирап бар алап.  
 Емен де, басқа ағаштар  
 Жарылды кеп көк шөптей,  
 Қарауға да обал-ақ...  
 Бұлттай ұшты көк түтін  
 Өрт лапылдап даладан  
 Түтін басты күн көзін.  
 Түн қайтады Оралдан.  
 Қайнады су көлдерден,  
 Қайнады су аралдан.  
 Қала мен елді шаң басты,  
 Адам шулап, аң ұлып,  
 Тобылдан әрі Сибирьде  
 Тірі жан қарға тығылып.  
 Жеті жыл тоғай қиратты

---

<sup>1</sup> Бұл өленді қазақ ертегінен алып жазған.





Тәңірінің өткір балтасы,  
Өрт өшпеді, суынып.  
Толғаннан соң сегіз жыл,  
Қасиетті шықты күн  
Ақ көйлекті баладай,  
Қарайды дала цыгандай  
Өрт тоқтады, от жанбай.  
Екпін есіп, жел құды,  
Өрт орнында күл қалмай.  
Қалыпты жанбай бір ағаш  
Көгеріп жалғыз жайнаған  
Адасып жалғыз тұрғандай.

Күрең тартты кең дала,  
Кызғылт саз бен құмменен,  
Өсті құрай әндетіп,  
Беткейде бітік боз өлең.  
Таңданған қазақ сол кезде  
Шығады тауға ырғалып,  
Түйеменен көлденең  
Сол кезде бір ғажайып,  
Тіл қатад түйе тәңіріге.  
Аңырайды түйе, жылайды,  
Жылайды көзден жас төге  
Мүлгіген қазақ түйелі,  
Қарайды аққан бұлаққа,  
Қарайды мұңмен көз тіге.

Ойлап жалғыз ағашты,  
Беткейден түсіп жайменен,  
Жоғалад көзден жоқ болып,  
Кеткен соң сазды сайменен.  
Ұзын жолдың шегінде,  
Кең жазықта жағада.  
Жалғыз-ақ зәулім ағаш тұр,  
Тәңірден қалған далаға.  
Балтадан қалған кесілмей,  
Өрттен қалған және де.  
Күбірлейді ағаш ертегі  
Күндерді айтып даңаза.

Қасіретті ағашты,  
Ойлап қазақ толғанып,

Таңданады құдіретке  
Түйесімен ырғалып.  
Құрметтейді ағашты,  
Сиынады бас иіп,  
Құрбандыққа мал шалып.  
Өссе дейді сол ағаш  
Сорлы болған елінде,  
Елінің кең жерінде.

*1848,  
Орскі қамалы.*

\* \* \*

Тәңірім берме басқалардың жанына,  
Бергеніңді мендей кәрі шалыңа.  
Жат өлкеде ерік тимей бір басқа,  
Зая кетіп өтті жылдар кұр босқа.  
Көк шалғынды — кен даланы аралап,  
Қуам тұрған қайғы-шәрді қамалап.  
Бастан бір-ақ әттегене тайған бақ —  
Жібермейді қыдыруға сайрандап.

1848,  
Қосарал.

\* \* \*

Құдайым, өңге көрмесін  
Көргенін мендей шалыңның.  
Еріксіз босқа жүрмесін  
Жат елде езіп жаның мұң.

Шалғынды қырға шығам да,  
Жұбанам ащы тер төгіп.  
Сұмдығы бірақ мынада:  
Шығуға жоқ қой менде ерік.

1848,  
Қосарал.

\* \* \*

Бақытты ғой үйі бар жан,  
Болса үйінде қарындасы,  
Болса туған өз анасы,  
Қуансам да мен осыған,  
Айта алмаймын мен солай деп,  
Көрген өмірім өзімнен тек...  
Әлде қайда, міне мен де  
Жүрмін алыс бөтен елде.  
Жылармын ба елсіздікке,  
Елсіздікке, үйсіздікке,  
Болып ұзақ теңізде біз  
Дарияға енді келіп тұрмыз.  
Батагіден алынды хат,  
Оқып жатыр жұрт жабырлап.  
Ол кезде біз қалдық жатып,  
Ұзақ сырлар, әңгіме айтып.  
Мен де ойлаймын сол бақытты.  
Аламын ба хат анамнан.  
— «Бар ма сенде»  
Хат қана жоқ,  
Әйтпесе бар қатын, балам.

1848,  
Қосарал.

\* \* \*

Қандай жақсы болса үйің,  
Анаң менен қарындасың.  
Жоқ қой, бірақ, оның бірі,  
Әттең, дүние, жалғыз баспын.  
Көргенім жоқ туысым боп,  
Сөйтуменен өтті жыл көп.

Жан жабырқап жат жерінде  
Еңіреймін, жас алам да.  
Сұм тағдырдың ермегімін  
Жарым да жоқ, баспанам да.

Ұзақ сапар теңізде өтіп,  
Дарияға кеп қоныс құрдық.  
Балықшылар селенінен  
Хат әкелді, оқысты жұрт.  
Жолдасыма жатып жақын  
Кеңесемін, көңілде арман.  
Мен ананы хат жазатын  
Деп жатырмын қайдан табам?  
— Айтпақшы, дос, жалғызбысың,  
Ешқайдан хат неге алмайсың?  
— Әйелім де, үй, балам да бар,  
Қарындас та, анам да бар  
Хат алмаймын амал қайсы?

1848,  
Қосарал.

\* \* \*

Аспан тарғыл, толқын жуас,  
Жатыр өзен сұлаған.  
Желсіз қамыс бұғып басын  
Бейне мастай құлаған.  
Тәңірім не көп жатам ба,  
Кен түрмеде далада.  
Аралында сорлы теңіз  
Өтіп өмірім қалам ба?  
Тілсіз, үнсіз жаншылғандай,  
Далада шөп сарғайған.  
Айтпайды олар маған шынын  
Сұрарлық жоқ өзге жан.

*1848,  
Қосарал.*



\* \* \*

Сұр аспан, толқын көсілген,  
Түнекті теңіз жиегі.  
Нар қамыс жандай есірген;  
Жел соқпай, басын иеді,  
Құдай-ау, кімнен сұраймын,—  
Горында теңіз, түрменің  
Қашанға дейін жылаймын?  
Қайғыда қанша жүргенім?  
Теңселе берді шөп үнсіз  
Бардай-ақ жаны боп бейне.  
Ашпайды сырды көңілсіз...  
Сұрайтын өзге жоқ пенде.

*1848,  
Қосарал.*

\* \* \*

Жат өлкеде қартайдым мен  
Өстім жат боп — жат елде.  
Жоқ сияқты еш жақсылық,  
Жат боп жалғыз жүргенде.  
Міскін ғаріп Днепрмен  
Кең байтақты жерімде.  
Бар сияқты шын жақсылық  
Өзің жоқта сол елде...  
Жолым түсіп жақын кезде  
Украинада болдым мен.  
Ауыр күнде анам менің  
Күткен елді көрдім мен.  
Бала менен ұзақ күнде  
Тауып анам шырағын<sup>1</sup>  
Жалбарынып Мариямға<sup>2</sup>  
Тілеп ізгі сұрағын,  
Жалынғанда әулиеге,  
Жағып тапқан шырағын.  
Жетсін, өссін мұрадына  
Дейтін ұлым, шырағым!  
Жайлы күнде өлгеніңіз.  
Жақсы бопты жан ана.  
Тірі болсаң мен үшін  
Тіл тиер ед аллаға.  
Бұлақтарды қурай басқан,  
Өртенгендей үй-орман.  
Ел азамат естен танған.  
Езушіге бас ұрған.  
Көргенімде бұл қорлықты  
Өксіп-өксіп жыладым.  
Кеттім және жат өлкеге,  
Жетпеген соң шыдамым.

---

<sup>1</sup> Еңбек етіп шіркеуге апаратын шырақ тапқанын айтады.

<sup>2</sup> Мариям — Иса пайғамбардың шешесі.

Жалғыз ғана бір жер емес,  
Барлық өлке жерінде:  
Сұмдардан ел киген қамыт,  
Бас ұсынған өлімге.  
Қамыт киген ұл менен қыз,  
Ішкен қулар ел қанын.  
Сатқызады помещикке  
Жұрттың соңғы дамбалын.  
Өте жаман қасіретті  
Бұл далада текке өлу.  
Одан да ауыр Украинада,  
Көру, шыдау, күңірену.  
Днепрім нәрестедей  
Емшек емген, тойынған.  
Сүйеді ол Украинды,  
Көгереді ел бойынан.  
Сол өсетін, көгеретін  
Шаттанар ед елі де,  
Қалмаса ізі мырзалардың  
Украинның жерінде!

1848,  
Қосарал.



Дәулетті еді менің шешем,  
Баулыи мені әлпештеген,  
Шатырында ұстап қана.  
Бархыт, жібек -- асыл кидім,  
Көзден таса, осы үйдің  
Еркесі боп өстім дара.  
Күндер жетті. Болдым сұлу,  
Мендей сұлу болды ілу,  
Елде-жұртта бірен-саран.  
Мен бейбақтық кесіріме:  
Кедей ұлын сүйермін бе,  
Беттетпеді шешем оған.  
Күзгі шөлтей құп-қу болдым,  
Қайғы-шермен әбден солдым,  
Әзір шыдап ақырында.  
Болсам да мен қызы байдың,  
Құс төсекте ұйықтамаймын,  
Жалғыз қалдым шатырымда.  
Түңілдім мен дүниеден,  
Басқа жарды күтпеймін мен...  
Кәрі-мыстан менің шешем  
Шыдай берсін, шыдамды жан,  
Өле-өлгенше қарғыс айтам,  
Бұл дүниеден солай өтем.

1848,  
Қосарал.

Асыл жарым -- ерімді  
Жол-сапарға ұзаттым.  
Өзімнің айтсам шерімді;  
Ішкілікке құмарттым.  
Жұбату үшін балдарды,  
Салқын үйде жылаған,—  
Сөк әкелсем алданды,  
Сұранып жегжат-құдамнан.  
Тамақ беріп оларға,  
Төсегіне жатқыздым.  
Тиын-тебен жинауға,  
Шеркеуде тан атқыздым.  
Қырымнан қайтты күйеуім,  
Әрең басып аяғын;  
Касіреттен күйемін,  
Келмес-ау қайтып аяғың:  
Өгіздер өлген зорығып,  
Арбасы да қираған,  
Кіресім қайтты торығын,  
Азаппен тағдыр сыйлаған.  
Келгенде ерім үйіне,  
Жарықтық өмір көрмеді:  
Арып-ашқан балалар  
Алдынан шулап өрген-ді.  
«Шешен қайда, балалар,  
Туған анан ардақты?»  
Деді сонда балалар:  
«Мас боп жүр ішіп арақты».

1848,  
Қосарал.

\* \* \*

Күздігүні келбетіне құдайдың  
Нақ өзіне айнымастан ұсаймыз.  
Рас солай емес бәрі жұрт біткен,  
Әлдекімнің сорына ауыр жүк біткен.  
Міне жылға көңілсіз бір цыгандай  
Жатыр өліп ұйқысынан шыға алмай.  
Су ішуге келе жатқан қозыдай,  
Ұшып қаңбақ келіп түсті тосылмай.  
Сол қаңбақты әлгі жылға алды да,  
Кең Днепр арнасына салды да,  
Кетті айдап сонау қиыр шет жерге,  
Жат жеріне.

Тағдыр осы-ау кеп-келте.

Аяйсың да қаңбақты  
Қасіретті батып мұңға.  
Нү орманда ойға шомып,  
Боласың-ау тұнған тұнба.  
Басын иіп ақ қайындар  
Сыңсып бейне жылағандай...  
Қайғы қысып жан-жүйеңді,  
Көзден жасын бұлағандай.  
Мұңын тыңдап әрбір жанның,  
Қарсы алғың келер күнде.  
Келер сонша... О, жасаған!  
Өмір сүргің бұл дүниеде,  
Тек әділет жолын көздеп,  
Етпей зәбір жұртқа мүлде.

Емес пе бақ, баспанаңнан  
Айрылып тек қалғаның.  
Болмаса жан сыр алысар,  
Бәлесі сол бұл жалғанның.  
Жас сәбиің бесігінде  
Ұғар еді-ау күлімдеген.

Құдай қолдап несібеңе,  
Шырқар ең-ау жырыңменен.

О, сүйікті досым менің,  
Жат жерінде жалғыз жүрген.  
Рас, рас өте ауыр,  
Емес жаның жазды көрген.  
Жылы сөзбен — жарым ырыс  
Кімдер сені қарсы алмақ?  
Қарсы алдында қаптап өлік,  
Жансыз дала, жансыз салмақ  
Қойған ба өзін құдай қарғап!

1849,  
Қосарал.

Күн кезінде бұлттар жүзіп барады,  
Қызғылт күрең бояу жапты даланы.  
Ұйықтауға шақырғандай бейне бір,  
Теңіз күнді құшағына алады.  
Сүңгіген күн жасыл теңіз қойнына  
Елестетер құндақтағы баланы.

Неткен рахат осы сурет тамаша,  
Таңғажайып көз тоймайды қараса!  
Жалғыз-ақ сәт болса да жан тынығар  
Сөйлескендей құдайменен оңаша.

Қара тұман бейне қырсық қас жаудай,  
Жерге шөгіп, теңізді ала қашқандай,  
Көрсетпейді, сол кез сенің жаныңды  
Боп кетеді зілдей тұман басқандай.  
Жарықты аңсап, тағы күтіп қаласың,  
Сәбилердей ұзақ күткен анасын.

*1849,  
Қосарал.*






Болады бір кез кәрі шал,  
Белгісіз қунап жасарар.  
Кетсе де әнді ұмытып,  
Пернені қайта баса алар...  
Қайтадан баурап алғандай  
Періштесі үміттің.  
Қайтадан келіп қонғандай  
Қанатын желпіп жігіт күн  
Не болды оған соншалық?  
Қуанды неге қария.  
Тұр ма бір істі ойланып,  
Жасауға адам бағына.  
Жасаса кенет? өмірді  
Сүреді жақсы со ғұрлы,  
Сүйсе егер ізгі көңілді.  
Көнілін шаттық толтырар,  
Гүлдей боп жайнап құлпырар,  
Сондай-ақ үңгір түбіне  
Қарайды көктін күні де,  
Содан нәр ап құлшынар,  
Көгеріп өсіп гүл шығар.

1849,  
Қосарал.



Алтынды тағдыр ұрлаған,  
Аянышты емес бір маған,  
Өкініш те емес өткен күн  
Қажетсіз жастық сыбағам.  
Кей уақыт қайғы қамалап,  
Жылаймын жасым домалап!  
Қаңғырып жүрсе бір жетім  
Өмірі қандай обал-ақ.  
Бұтақтан ұшқан жапырақ,  
Секілді ол да қалтырап,  
Дуалда түсіп иіні,  
Отырса жырттық киімі,  
Көрінер ол да өзімдей,  
Баяғы жастық кезімдей.  
Көрінер қатал қалыпта,  
Шықпастай еркін жарыққа,  
Азаттық көрмей туғалы,  
Зая болып құр бәрі  
Өткен жақсы жылдары.  
Естімей сөзді бір жылы,  
Кезбе боп өтіп ғұмыры,  
Жалданады... ал мұнда  
Болмас үшін ол қапа,  
Зар етпей жатыр орынға,  
Береді оны солдатқа.

*1849,  
Қосарал.*





... Өстік бір кез бір жүріп,  
Балалықты ұнатып,  
Аналар бізден қылды үміт,  
Сырттай көңіл жұбатып.  
«Қосамыз» деді. Ертерек  
Өтті олар. Қеттік айрылып,  
Жол түсті бізге бір бөлек  
Жолыққан жоқпыз қайрылып.  
Еркіммен, кейде еріксіз  
Қаңғыртты мені дүние,  
Ағарып шашым көріксіз  
Оралдым туған үйіме.  
Бір кезгі село ап-анық,  
Көрінді маған күңгірт боп.  
Өзімдей шашы ағарып,  
Кап-қара болып, жым-жырт боп.  
Баяғы со бір кездерден,  
Селода түк жоқ өзгерген.  
Осы бір ұзақ жылдары,  
Қалпынан аумай тұр бәрі.  
Жазық жер терек киінген,  
Сай жатыр талы майысып.  
Суға құлап иілген  
Қайғыдан белі қайысып.  
Міне тоған, жел диірмен,  
Ұқсайды қанат жайғанға.  
Жасыл емен казактай  
Тоғайдан шыққан сайранға.  
Жапырағын жайып кап-қара,  
Тауда тұр бақша шуылдап.  
Жұмақтай болып қарттарға  
Көрінген жатса тынымдап.  
Крестер бітіп қисайған,  
Сөздерді көктен су шайған,  
Жаңбыр емес сөздерді

Сатурн оғы отаған.  
Әулиелермен өздері  
Демалып жатыр ата-анам,  
«Тірі ме?» деп Оксана  
Ағамнан сұрап ойға алам.  
«Кім ол?» Ол бір жас бала  
Біздермен бір кез ойнаған.  
Бұйра шашы ойда ма?  
Неліктен баттың ойға аға?  
«Қамыққан жоқпын, Оксана  
Жорыққа кетіп жоғалды.  
Солдаттармен бір жүріп,  
Бір жылдан соң оралды.  
Ұлы бар. Шашы қырқулы,  
Дуалға қонып күн-түні.  
Көкектей кейде күрсініп,  
Кеудеден зарлы үн шығып,  
Тұрғандай бұрым тарқатып,  
Көрінбей кетті ол қайтып.  
Білмеді сырын жан ашып,  
Жүргенін қайда адасып...  
Қыз еді қандай керемет  
Тәңірі болып бір медет  
Бермеді бақыт не керек,  
Берген де шығар бір оған  
Әлдекім болар ұрлаған,  
Бақытты ұрлап оңбаған,  
Тәңіріні болар алдаған».

1849,  
Қосарал.

\* \* \*

Жел шатыры желпілдеген!  
Көтерілді кең кемеден.  
Қоға аралап Сырдарияға  
Жылжытты кек толқынменен.  
Қош бишара, Қосаралым!  
Болдың ортақ тап екі жыл  
Қарғысыммен, қайғымменен.  
Рақмет, достым, мақтан сен де,  
Тауып саған жұрт келгенге  
Билеп сені іске асырып,  
Елегенге кез келгенде.  
Қош бол, досым, сені сөгу,  
Яки мақтау болмас менде.  
Мүмкін өткен қасіреттерді,  
Еске алармын ойланармын,  
Жүрген кезде бөтен елде.

*1849,  
Қосарал.*

\* \* \*

Дайындал! Желкен көкке өрлеп  
Қайықтар жылжып жөнөді.  
Жол салып жүзді көкпеңбек,  
Жақындап Сырға<sup>1</sup> келеді.

Қосарал, қош бол, жұпыны  
Қалпыңды сенің ұнаттым.  
Екі жыл бойы мұңымды  
Ұмыт қып, мені жұбаттың.

Өзіңді сен де мадақта  
Адамдар мені білді деп.  
Шаттықта да азапта  
Өзіммен бірге жүрді деп.

Қош, досым, сенің жерінді  
Бөлемен даққа, қарғаман.  
Бұл жерде тартқан шерімді  
Алыста еске ап зарланам.

1849,  
Қосарал.

---

<sup>1</sup> Сырға — Сырдарияға деген сөз.

\* \* \*

Айдауда санап күн-түнді,  
Есебіне жетпедім.  
Мұңға батып қамығып,  
Ауыр күнді өткердім.

Күн артынан күндер қуып  
Жылдар жылжыр тымырық.  
Жылдарменен кетеді еріп  
Жақсылық пен зұлымдық.

Кетеді еріп қалдырмай із  
Қайрылмастан артына.  
Жалбарынсаң кетер зая  
Жасағанның атына.

Белуардан саз кешіп,  
Тар қыспақты бұлыңғыр  
Берекесіз, мазасыз,  
Бейнетпенен өтті үш жыл.

Өтті олар, кетті алып  
Бар қазынамды, жақсымды.  
Аялдаусыз жетті де ағып  
Көк теңізге тапсырды.

Қазынам ол — алтын емес,  
Сандыққа сап сақтаған.—  
Менің өмір жылдарым ол  
Еш рахат таппаған.  
Ойларым ол — қағаз көрмей  
Тек көңілде жаттаған.

Соқпақты жол, сор-ұйықпен  
Сұр түнекте қалың мұнар.  
Мейлі болып сорлы тұтқын,  
Өте берсін қайран жылдар.



Енді қалған кәсібім сол,  
Сайрандаймын, шығып сыртқа.  
Көз саламын көк аймаққа,  
Сүйсінемін көк мұхитқа,  
Шалқиды ойым, сонда менің  
Келмей ойға басқа мұң  
Тағы жаза бастаймын.

*1850,  
Орынбор.*

\* \* \*

Санаймын күн мен түнді құр,  
Есебін қалам жаңылып.  
Құдай-ау, тұтқын бұл ғұмыр  
Өтіп те жатыр жабығып!  
Жылдарым босқа алаң ғып  
Ақырын сырғып өтеді.  
Жақсылық пенен жамандық  
Соларға еріп кетеді.  
Кетеді бәрі жыраққа  
Жаныңа жүк қып жәбірін!  
Дұғанды айтпа бірақ та,  
Тыңдамас оны тәңірім.

Төртінші жыл да — сол тағдыр,  
Баяғы қасқа қасқамын.  
Таршылық тартқан жолда бір  
Төртінші кітап бастадым.  
Жазамын оны қаныммен,  
Селімен жазам көзімнің.  
Айтар ем зардың барын мен,  
Жетер ме күші сөзімнің?  
Жат жерде сөздің күші жоқ,  
Сондықтан мынау ғаламда  
Сорласаң тұтқын кісі боп,  
Естілмес үнің адамға!  
Байқалмас сөзің, жасың да,  
Жат елде түк те табылмас.  
Қарасаң тіпті қасыңа,  
Көзіңе құдай шалынбас!  
Ештеңе медет бермейді  
Жанарға яки жүрекке.  
Өмір де сүргің келмейді,  
Сүруің бірақ керек те!  
Тіршілік қажет несіне?  
Қор болған жаны құрғырды

Құтқару бар ма есімде?  
 Құны жоқ оның бұл ғұрлы...  
 Жанымды тынбай азаптап  
 Жүрсе де кісен, қыл бұғау,  
 Өлмеуім менің қажетті-ақ.  
 Себебі соның бір мынау:  
 Кім білсін,  
    мүмкін әлі де  
 Украинамды көрермін...  
 Көк орман, көк шөп — бәріне,  
 Көзімнің жасын төгермін!  
 Білемін, менің ояқта  
 Туысым деген жоқ тегі.  
 Адамы өзге-ау бірақ та  
 Осынау жұрттан шеттегі!  
 Днепр бойын сайрандай,  
 Көрер ем село сауығын.  
 Ағытар едім, қайран-ай,  
 Жырлардың шерлі, ауырын.  
 Есіркеп жанды жаралы,  
 Көрсетші маған, тәңірім,  
 Шалғынды жазық даланы,  
 Даланың оба-қабірін.  
 Көрсетпес болсаң, жасаған,  
 Көз жасым жеткіз еліме.  
 Сағынып оны қашаннан,  
 Құса боп жүрмін егіле.  
 Осынау шалғай бөгде елде  
 Жатармын тыныш мен бәлкім,  
 Украинада егерде  
 Есіне алса тек әркім!  
 Көзімнен аққан жасты енді  
 Жеткізші туған жағыма.  
 Үмітпен яки қастерлі  
 Бере гөр шипа жаныма.  
 Қолымнан келер шара жоқ,  
 Қайтермін өзім сор маңдай.  
 «Жат жерде қалсам мола боп,  
 Жырларым жарық көре алмай,  
 Украинамда мен ұмыт  
 Болам-ау...» деген ой келсе,  
 Жүрегі құрғыр демігіп,  
 Шошиды тіпті өлгенше.

Немесе, жылжып жырларым,  
Украина жеріне  
Жол табар менің жырларым  
Жазылған көздің селімен.  
Сонда саф күміс шық болып  
Түсер-ау балғын кеудеге,  
Сырымды менің жұрт көріп,  
Қосылып жылар шерлене.  
Мен үшін бәлкім ол сосын  
Дұғасын айтар құдайға.  
Не болса күнім со болсын,  
Олай ма яки былай ма?!  
Жүзем бе, мейлі жүрем бе,  
Азапты жолда өлем бе,  
Бәрібір жырды өрем де,  
Өнерді төгем өлеңге!

1850, ( )  
Орынбор.

\* \* \*

Ажырастық ән айтып,  
Ащы жассыз, сөз бітіп,  
Кездесеміз бе біз қайтып,  
Салуға әнді ызғытып?  
Кездесерміз... Қандай боп?  
Қай жерде, қай ән салармыз?  
Жат жерде басқа жандай боп,  
Басқаша әнді табармыз.  
Мұнда да әнді мұң басты,  
Қайғымен жылжып жыл асты.  
Өмірді кештік күнделік,  
Қайғыны, шерді бір көріп,  
Ойға алғанбыз өлкені,  
Днепрді таулы алапты.  
Өзіміздің жас қайғыны!..  
Жас күнәлі жаннатты.

1850,  
Орынбор.



Білген болсаң мырзалар,  
Ащы жасын жарлының,  
Келемеждеп зар-мұңын,  
Жазбас еңдер зерігіп,  
Мақтап тәңір жарлығын.  
Пейіш дейді несіне,  
Қу лашықты, білмеймін?  
Жылап өстім лашықта,  
Басып мені зілдей мұң!  
Сол лашықта тұрмасақ,  
Жоқ па тәңір азабы?  
Пейіш деген құр мазақ,  
Кім мадақтап жазады?!

Айтпаймын мен пейіш деп,  
Сол үйді ағаш торлаған,  
Су қасында, шеткі үйде,  
Туып мені сорлы анам,  
Құндаққа сап шертіпті —  
Бөбегіне мұң-зарын,  
Сол орманда, сол үйден,  
Сол пейіште көрдім мен,  
Дүниенің дозағын.  
Ауыр бейнет, зіл азап,  
Көз аштырмай адамға,  
Жауыз жоқтық көр қазып,  
Өлген сонда, жас әлі,  
Ізгі менің анам да.  
Балалы әкем төгіп жас,  
(Қалдық жап-жас, жалаңаш)  
Қатал сорға шыдамай,  
Құлдықта өлді... Мұндар бас  
Тентіредік тышқандай,  
Кездік елдің шың-жарын.  
Тасыдым мен мектепке

Шәкірттердің суларын.  
Туыстарым құл болды,  
Мандай шашын қырғанша  
Қарындастар, кептерім,  
Қасіретті зіл қанша  
Езді талай сендерді  
Неге өмірге тудыңдар?  
Жалшылықта жат болып,  
Жалшылықта солдыңдар,  
Ажалға тап болдыңдар.

Есіме алсам қайғырам,  
Сол шеттегі лашықты,  
Біл тәңірім, жеріңді,  
Тыныш пейіш делінген,  
Осындай зіл басыпты!  
Дозақ отын қыздырдық,  
Пейішінде жасаған,  
Мейіріміңе, пейіліңе  
Жалбарындық тасадан,  
Бауырмен дос тұрамыз,  
Жер жыртамыз, орамыз,  
Біздер жаттың жерінде,  
Жасты төгіп егінге.  
Мүмкін әлде... Білмеймін,  
Солай шығар — мейлің...  
Пейіште біз тарықсақ,  
Тәңірім сенің пейілің.

Мүмкін сен де көгіңде  
Күліп бізге тұрмысың,  
Баскаруда дүниені  
Пандарменен бірмісің?!  
Кәрі құдай қарашы:  
Міне тоған ағашы,  
Міне тоған күн ойнап,  
Күміс болып тұр жайнап,  
Талдар суға иіліп,  
Бұталары сунгіген,  
Бұл пейіш қой? Бірақ көр,  
Сол пейіште сен білген,  
Қандай сұмдық өрбіген!  
Рахмет, мақтан, әрине,

Саған жалғыз әулие,  
Ісің үшін ғажайып....  
Ә, солай ма! Қалайша,  
Саған мадақ қалайық?  
Сен қан төккен, жас төккен,  
Күлліге сен қас еткен,  
Жоқ әулие дүниеде,  
Біздің құдай кәрлі сұм,  
Түсіндім мен, өзіңсің  
Алған әлем қарғысын...

*1850,  
Орынбор.*



\* \* \*

Сезбейсіңдер, бай ұлдары  
Жылайтынын жұрттың неге.  
Күлме, сен де аққан жасқа  
Жазылмас ед әлегие.  
Өтірікке текке мақтап,  
Басты имес ең тәңірге де,  
Мен хата да қорлық көріп,  
Ағызғанмын көзден жасым.  
Сол хатаны ұжмақ деуге  
Түсінбеймін, шын расын.  
Төгіп пе еді ашу етіп,  
Ұлы зәрін оған тәңірі,  
Соны ұжмақ деген сөзге  
Түсінбеймін мен өз басым!  
Тоғайшықта, сол хатада,  
Мені шешем әлдилеген.  
Әлдилеген құндақтаған,  
Төгіп жасын, қайғы жеген.  
Сол тоғайшық, сол ұжмақта  
Жасын төккен уһілеген.  
Сол тамұқты — ұжмақ ед деп,  
Айта алмаймын ешқашан мен!  
Көргемін мен онда ғажап,  
Еріксіздік, ауыр бейнет.  
Тым болмаса тәңіріге де,  
Табынуға қол тимеуші ед.  
Сонда менің жан анамды  
Қайыршылық ауыр бейнет  
Жастай көрге түсірген ед.  
Әкем жылап балалармен  
(Біз сәби ек ол күндерде)  
Есігінде өлді байдың  
Шыдай алмай ашы өмірге.  
Көзін алған сондай-ақ,  
Қаңғырып біз қалдық шулап,

Болып пенде көрінгенге.  
Өзім болсам су тасыдым —  
Мектептерде шәкірттерге.  
Туғандарым кетті жалға  
Алынғанша деп әскерге.  
Дертті сорлы қарындастар!  
Жасайсыздар кімдер үшін,  
Менің балғын жас гүлдерім!  
Туғансыздар күндік үшін.  
Сол күндікте қарайып көз.  
Сол күндікте бітер ісің...

Алсам еске сол хатаны,  
Шіміркенед бойым, тегі!  
Тәңірім солай біздің ахуал  
Ұжмағында — жеріндегі!  
Бір сұрау бар сенен және  
Біз пендеңнен еркіндегі:  
Жер жыртамыз тыныш жатып,  
Қойдан қоңыр жүас жанбыз.  
Көзіміздің жасыменен  
Жыртқан жерді суғарамыз.  
Одан да бар ауырлары  
Айтып бәрін не қыламыз...  
Осы ма ед өз жазғаның  
Онсыз неге, құдіретіңіз,  
Неге ұжмақта жалаңашпыз?!  
Мүмкін әлде өзің көктен  
Етесің бе бізді мазақ.  
Ақылшың ба жерде байлар,  
Көрсетуге жұртқа ғазап  
Карашы өзің тоғайшыққа!  
Жайқалады жасыл жапырақ,  
Көремісің көзді тартад  
Мөлдір сулы әсем бұлақ.  
Көк шыбықтар шомылады,  
Сол бұлаққа ақырындап...  
Сол ұжмақта не боп жатыр,  
Көрші байқап, салшы құлақ!  
Онда бүгін шаттық, мақтау,  
Сенің күшті құдіретіңді,  
Болар ма екен ешуақытта!  
Жоқ мадақтау болмайды енді!

Онан сұмдық ағады қан,  
Көздің жасы төгіледі!  
Ештеңе жоқ қасіретті!  
Жер бетінде ештеңе жоқ!  
Білсем бүгін тап өзіңе  
Жаудырады қалың халық  
Жаудырады қарғыстан оқ!

*1850,  
Орынбор.*

\* \* \*

Тұлғасымен талдырмаш  
Жанды арбап мінсіз ару жас,  
Нұр құяр көне көзіме,  
Қарап бір қалған кезімде  
Берілем кейде сезімге,  
Қалғандай икон кезіге,  
Арнаймын дұға өзіңе.  
Аяныш мендей қартқа бір,  
Қыз көркің сұлу шақта бұл,  
Не істейсің сен онымен,  
Осы байтақ дүниеде  
Кім? Сақтаушы жан иең?  
Қайда ол жебер әулиең?  
Тарығып тар күн қалған да?  
Жеткізер кім арманға?  
Қорғап сені жылытар  
Жалынымен жанының,  
Кім бар? Қазір жүр қайда?  
Жетімсің, жалғыз аруым.  
Тәңірден басқа кімің бар?  
Титтей де болса жылытар  
Жалбарын. Мен де қосылам.  
Ашылды жарық тосыннан,  
Көрінді айқын бар аймақ,  
Дұғам жоқ оқыр сені ойлап,  
Тұрмаймын саған қарайлап.  
Көріндің маған түсімде  
Ана болып сен ерек.  
Оранып барқыт ішіне  
Өскен жоқ балаң еркелеп.  
Соласын семіп, күн ұшар  
Қызықтырып алшақтай.  
Үміт көзден жылысар  
Жерде сен жалғыз саусақтай.  
Өзіңді оймен тербетіп,

Өзіңе-өзің болысып,  
Жүрерсің ұлың ер жетіп,  
Жиғанша күшін толысып.  
Қанатын қағар — сен бір-ақ  
Қаларсың кеміп әл-қуат.  
Қайырымсызға емініп,  
Тәңіріні атап телміріп,  
Жабылған тас боп қорасын,  
Тарамыс қолмен қағарсың.  
Қарасам сондай жүзіңе  
Ғажайып жастық кезіңе.  
Нұр толар ойнап көзіме  
Қараймын нәзік тұлғаңа,  
Қосамын сені дұғама,  
Жалбарынам сен үшін  
Жалбарын, жаным өзің де  
Тағдырың әлі шешілмей  
Тәңірде тұрған кезіңде.

*1850,  
Орынбор.*

• • •

От тұтанып, музыка ойнап,  
Музыка жылап сыңсиды.  
Асыл алмас жас көзіне  
Жарқ-жұрқ етіп тыңдайды.  
Шаттық, үміт көлең етіп  
Көздерінде ойнайды.  
Күнәдан пак, шіркін жастық  
Қарақат көзі тоймайды.

Бәрі-дағы сақ-сақ күліп,  
Күлім қағып билейді.  
Менмін жалғыз арбанғандай,  
Селсоқ жүрген бидегі.

Әлде қате, әлде дұрыс,  
Менің биім осында?  
Ырайсыз күн махаббатсыз —  
Жастығым өткен тосында.

*1850,  
Орынбор.*

\* \* \*

От жанып, ойнап оркестр  
Сарнайды тынбай еңіреп.  
Алмастай асыл нұры өткір,  
Жайнаған көздер мөлдіреп.  
Алтынды үміт нұр толып,  
Ойнаған көзде жарқылдап,  
Күнәсіз көзге тұр қонып  
Жарасып бәрі жалтылдап,  
Езуін жимай бәрі де  
Күлісе қалған қарқылдап,  
Билеген тынбай қарқындап.  
Қараймын жалғыз мен ғана,  
Көзімде жас, шер нала.  
Жылаймын неге, не тілеп?  
Орнайды келіп басқа мұң.  
Жауынды күндей жетімек  
Кеткен соң көшіп жас шағым.

*1850,  
Орынбор.*

\* \* \*

Жаркылдап оттар жанады,  
Оркестр сыңсып, зарлайды.  
Жылтылдап жастың жанары,  
Алмастай бейне жайнайды.

Күнәсіз нұрлы көздерде  
Саф алтын үміт ойнайды.  
Осынау шаттық көздер де  
Би билеп, ән сап тойлайды.

Отырмын жалғыз мен жылап,  
Нені аңсап, неге тұлдандым? —  
Жаңбырлы күндей тұнжырап  
Өтіпті жастық жылдарым!



\* \* \*

Сұм заман тағы оралды,  
Жақсылық күндер жоқ енді.  
Тас-талқан қылып торларды,  
Құтқарсақ деп ек сорлы елді.  
Қарашы бірақ! — Еңбеккер  
Мұжықтың қаны тағы ақты.  
Тәж киген күллі жендеттер  
Сүйекті итше талапты.

1854,  
Невопетров форты(?)

## МУЗА

Адал досым, әулием менің  
Әкелдің маған өмірдің лебін.  
Әкеттің алыс жетелеп мені  
Даланың есті еркелеп желі.

Еркіндік күшін одан да тауып  
Далада тұрған қорғанға бардық.  
Бақытым баста көп тұрмап еді  
Аялап бақты ақ тұман мені.

Әкелдің маған көңілдің хошын  
Ең адал досым, сиқырлы досым.  
Қашанда маған қол ұшын бердің,  
Алғысым көп қой сол үшін менің.

Елсізде, шетте жүргенде налып  
Көңілдің хошын бір өзің тауып.  
Күлімдеп тұрдың, қайғыны білмей  
Далада өскен жайқалып гүлдей.

Қазарма қандай былғаныш, сасық  
Сонда да өзің көңілімді ашып.  
Айналып жүрдің төбемде қалқып  
Шырқатып әнді жөнелдің шалқып.

Қанатың алтын желпіді мені  
Кеудемді нұрға толтырып еді.  
Мен жүрмін тірлік жалынан ұстап  
Сен тұрсың ылғи биікті нұсқап.

Жұлдыздым менің жайнаған дәйім  
Көркіңе қарап тоймағандаймын.  
Шуақты күнге баста да мені  
Аяла мені, тастама мені.

Тастама мені қараңғы түнде,  
Тастама мені мұнарлы күнде.  
Таңдағы аппақ тұманды серпіп  
Қасыма менің кел де бір жетіп,

Сен үйрет, ылғи өмірде қалған  
Шындықты ғана айтуды маған.

Әулием менің, туысым менің  
Қолыңмен жерле суынса демім.  
Сен жалғыз досым, сен асыл өмір  
Қисаң да болды жасыңды мөлдір.

*1858,  
Нижний-Новгород.*

\* \* \*

Ауру емес сияқтымын,  
Көзім әлденелер көред.  
Ұйқатпайды жүрек жарым,  
Ауырады төгіп зарын,  
Күтпе мейірім, күтпе жүрек!  
Күтпе бекер бостандықты.  
Ол ұйықтады. Басты патша,  
Тұншықтырды басты мықты.

Езу көрген сол теңдікті,  
Оятпақ боп ұйқысынан  
Барлық қоғам даярланып,  
Қайрап балта тұс-тұсынан:  
Бастау керек күшті қалың.  
Болмақ сонда сұрағаның!

Онсыз қара күн туғанша,  
Сорлы теңдік қалар жатып,  
Шіркеу, палат үй соқтырып  
Жатар байлар малға батып.  
Сүйер олар ақ патшаны  
Мақтар рұхын ақ дінінің,  
Болмас басқа еш жаңалық!

*1858,  
Петербург.*

## ЕЛІКТЕУ

Ей, Украина, құрып мүлде,  
Кетермісің ізің қалмай!  
Бір кездерде өте сәнді  
Сүрдің өмір, бақтың талмай.  
Кінәсіз ең туған елім,  
Кінәсіз ең, бишарам-ай!

Петр ме әлде Богдан үшін,  
Неге бүгін тәңірім зәрлі?  
Әлде арам байлар үшін  
Құртам дей ме бүкіл жанды?  
Бетсіз, жүзсіз құртар болса,  
Әділдіктің несі қалды!

Салып көзін саған тәңірі,  
Ұзақ уақыт сабырменен.  
Деді құртам сән-салтыңды  
Шығып даусы ашуменен:  
«Өзің құрыр келді кезің,  
Иіп басын түсті төмен.

Мұңшыл болды ол ұлдарың.  
Енді өлесің сен солардан.  
Құрсағында жас нәрестең  
Қиылады қыршынынан.  
Жас нәрестең жұмыртқадай  
Күні жетіп жарылмаған.  
Жетпей кетіп дегеніне,  
Болар саған бұл да арман.  
Толтырамын ой-қырыңды  
Зарыменен туған анаң.  
Көрсін мейлі бүлінген жер,  
Құдіретіме қалсын аң-таң!»  
Сыйын ана, қайтшы тезден!  
Демінді алшы үйге келіп,

Шаршадың ғой балаң үшін  
Қиналып жан бейнет көріп.  
Азып туған ұлдарыңа  
Бар зарыңды айтшы төгіп.  
Олардың ар-намыстары  
Өзгерілген қалған сөніп.  
Намыс қанды қылышпенен  
Туратылған кеткен өліп,  
Қақсататын қаһарлы күн  
Жақындады келді төніп.

Оларды енді қорғамайды,  
Үстем үкім, патша ағзам да  
Ішкізбейді, жегізбейді  
Мінгізбейді ат қашуға да.  
Құтылмайсың қашқанменен,  
Іздер, қоймас тығылғанға!  
Қорғаса да пана боп жұрт  
Ұстап тауып, салар бұғау,  
Соттамастан, шығар жарға.  
Патша менен жендетсіз-ақ  
Шығар алып жұрт алдына,  
Жарастырып дін мен заңға.  
Сүйтіп сізді сойып қақтап,  
Шалғанымыз дер құрбанға,  
Қаныңа иттер ит суғарып,  
Қызыл тұмсық етер қанға.  
Аманатқа орындауға  
Айтыңызшы және бір сөз  
Өздерінің қолдарымен  
Жетер болсын теңдікке тез,  
Патша, құдай жарылқайды,  
Рахатқа боламыз кез  
Деп ешуақыт ойламасын,  
Дегейсіңіз: тәңірден без!  
Дұрыстыққа болмас өлім  
Ол көктейді, көгереді,  
Ескі мезі болмайтұғын,  
Жаңа ұранмен үн береді.  
Патша ағзамның рақымынан  
Құтқарады қалың елді,  
Терезесін теңгереді.

1859,  
Петербург.

\* \* \*

Беу, ой, ана, білсең шектім азап!  
Көздер бар бұл дүниеде өткір ғажап,  
Кімдермен көз тастасып сырласуды  
Білмеймін, білмей келем мен жалғыз-ақ.  
Ой, ана, көкіректе жанады арман!  
Дүниеде ақ саусақ бар салаланған,  
Мейірімді мархабатпен еркелетіп  
Емеспін бірде-бірін аялаған.  
Ой, ана, анам менің, қадірлі анам.  
Жеп-жеңіл аяқтар бар адымдаған,  
Солардың би билейін қайсысымен  
Айтсайшы ақылыңның бәрін маған?

1859,  
Пирятин.

## ҚАРЫНДАСЫМА

Днепр дәл қасынан шалқып аққан  
Селода келе жатып жадау тартқан  
Ойладым: қайда маған тыныштық жай  
Мен қашан құтылам деп сор азаптан.

Түс көрдім, түсімде мен көрдім бақша  
Жайнады, жайнады бір гүлдер отша  
Тұрғандай бір ару қыз гүл құшақтап,  
Таңырқап Днепрге ырғып ақса.  
Көзіме түсті лашық жар қабақтан,  
Днепр от шашады ырғып аққан.

Бақшаның көлеңкелеу бір жерінде  
Таңырқап жас алшаның гүлдеріне  
Момақан қарындасым тұрды менің  
Жиып ап әлемдегі нұрды өңіне.

Періштем, көп өксіген қайғы жұтып  
Бақшаның көлеңкесін пейіш тұтып  
Арналы Днепрдің ар жағынан  
Келер деп тұр ғой сорлы мені күтіп.  
Қараса Днепрге ол мұңайып  
Көзіне көрінеді жалғыз қайық  
Біресе көк толқынмен көтеріліп,  
Біресе көк толқында болып ғайып...

«Бауырым, бақытымсың өзің ғана»  
Оянам ілінсе де көзім жаңа  
Кейде бір көрген түске алдансақ та  
Жалшысың сен бір байға, мен зынданда.

Қу өмір азаптады жасымыздан  
Кетпеді бейнет деген басымыздан.  
Құдайға жалын, қалқам, тірі болсақ  
Жетерміз бақытқа да күліп, аңсап.

1859,  
Черкассы.



\* \* \*

Адамдар! Сорлы адамдар, соқыр адам,  
Патшаның керегі не дөкір, надан.  
Ит асырап, иттерді олар сыйлар,  
Сендер түгел шын адам, адамсыңдар.

Келем мен. Суық, сызды қараңғыда  
Салқындық жатыр тынып ұлпа қарда.  
Көпірдің дәл астынан Нева жайлап  
Мұздарды әкетеді алысқа айдап.

Мен келем, Нева үстімен жүріп келем,  
Жөтелем, шаншулаймын суып денем.  
Алдымнан бір топ қызды көрдім кенет  
Келеді балшық кешіп жадап-жүдеп.  
Барады бейне бір топ қозылардай  
Қарадым мен соларға көзімді алмай.

Соңынан әрең жүріп шал барады  
Қуғандай ит қораға сорлыларды.  
Ар қайда, шындық қайда, ұят қайда  
Бұларды жылатқанша жуатпай ма.

Жетімдер, аш-жалаңаш келе жатыр,  
Түскендей бастарына заман ақыр.  
Қуады қойды қуған аш қасқырдай  
Тынбайды «анасымен» қоштастырмай.

Сот қашан! Патшаларды жазалайтын  
Күн қайда бүкіл халық сөз алатын.

Келеді шындық қашан зарықтырып,  
Шаттығын мейрамдайтын халық күліп.

Келеді ондай өмір! Күн шығады  
Зұлымдық өртенеді, тұншығады

*1860,  
Петербург.*

## ЯРОСЛАВНАНЫҢ ЗАРЫ

Путилевтің қаласында  
Күн шығардың алдында  
Ән салады ярославна  
Әні ұласып зар-мұңға.  
Көкек болып жырлайды ол  
Көз жасы да бар мұнда:  
«Ұшамын мен шағала боп  
Мен де жесір шағала.  
Жетем Қаял қаласына  
Донның бойын жағалап.  
Жеңімменен сүртем қанын  
Өліп қалған князьдің.  
Жуып берем жараларын  
Болам бірге біраз күн...»

Дірілдейді, селкілдейді  
Сүйеніп ап дуалға,  
«Жел, жел, шіркін, еркін желдер  
Бір орнында тұрар ма.

Жел, сен тыңда, мұң зарыма  
Құлақ түрші, сен менің.  
Хан садағы зуылдаса  
Қанатыңмен дем бердің  
Теңіз аз ба сен баратын,  
Аспан тар ма сен жүрер.  
Қоршап алды бір қара түн  
Көзден жасым мөлдірер.

Теңіздегі кемелерді  
Неге шайқай бермейсің,  
Ұрлап алып бақытымды  
Өзімдікі жөн дейсің».

Сарғаяды Путилев те  
Көл қылады көз жасын.

Ярославна таң атарда  
Іздей-іздей жолдасын.

«О, Днепр, кең Днепр  
Сен долданып ағасың,  
Жағандағы жартастарды  
Қайта-қайта соғасың.

Сен апардың Көбек ханға  
Святослов жасағын.  
Өтінемін, әкел маған  
Мен жарымды тосамын.

Әкел маған мәртебелі  
Тақсырымды, пірімді  
Тыңда менің тілегімді  
Тыңда менің үнімді.

Жарымды әкел, мен сөкпейін  
Төсек қайда дегізбен.  
Теңізге мен жас төкпейіп  
Қажет пе жас теңізге»

Ярославна қабағын бір  
Ашпайды ұзақ мұңайды.  
Қақпасынан қаланың бұл  
Күнге қарап жылайды.

«Әулие күн, бар әлемге  
Шаттық, ырыс сыйладың.  
Шуағыңды әлі де бір  
Маған ғана қимадың.

Мәртебелі, о сұлу күн,  
Дала отқа қарылды.  
Сен өртедің бар әскерін  
Сен өлтірдің жарымды.  
Аяма енді жесірін де  
Енді аяма барыңды.  
Князь өлді, мен де өлем  
Жылтпай-ақ қой тәнімді.»

1860,  
Петербург.

\* \* \*

Сұлу қыз сүйкімді,  
Сыра алып барады.  
Қарап ем — біртүрлі  
Түйілді қабағы.  
Сырасы кім үшін?  
Қайда аяқ киімі?  
Тәңірі өз күшің  
Тосқауыл қиыны.

*15 январь 1860,  
Петербург.*

\* \* \*

Кездесе қалдық, үйлендік,  
Жасардық жайнап, гүлдендік.  
Жасыл бақша гүлді алап,  
Тастады түгел үйді орап.  
Ойламадық нала бар,  
Ойнады жап-жас балалар.  
Ер жетті еркін тұрмады,  
Солдаттар қызды ұрлады.  
Солдатқа алды ұлдарды.  
Кеткендей болдық айрылып,  
Көріспегендей туғалы.

*1860, 5 декабрь  
Петербург.*

\* \* \*

Кездестік те үйлендік,  
Жасарғандай күйге ендік.  
Үй жанына бақша ектік,  
Тіршілікті жақсы еттік.  
Өсіп-өнді көп бала,  
Ойнап жүрді топтала...  
Қызды солдат ұрлады,  
Солдатқа алды ұлдарды.  
Айрылысқан жардаймыз,  
Жолықпаған жандаймыз.

\* \* \*

Өтті бастан жастық шақ,  
Қалды үмітім тұншығып.  
Отырсың тас құсап,  
Сұрсыз қысқы тіршілік.

Сөйлеспейсің тіл қатып,  
Бір тірі жан емге жоқ.  
Отыр солай сен қатып,  
Кеңесетін пенде жоқ.

Үміт сені әзірге  
Мазақ етіп кашпайды.  
Пікірінді өмірде  
Тағдыр қысы баспайды.

Мақтаныш та кеудеңде  
Жатар шөгіп қар құсап.  
Күтпе бақыт сен мүлде,  
Келмес көктем — ол бір шақ.

Енді сенің бақшаңды  
Жасартпайды ол келіп.  
Үміт атты жақсы әнді  
Жаңғыртпайды өң беріп.

Шырқап ұшар заман жоқ  
Қанатты ойың көңілден.  
Отыр солай, амал жоқ,  
Күтпе еш нәрсе өмірден

*5 январь 1860,  
Петербург*

\* \* \*

Зар төгіп Днепр ашынып,  
Жаншиды дауыл жас талды.  
Тау толқындар атылып,  
Бұлыңғыр басты аспанды.

Сәулесін бұлтқа ұрлатып,  
Сығалайды ай сонда.  
Қайықтай бейне бір батып,  
Бір шыққан желді толқында.

Шақырмай тауық, үн қатпай  
Меңіреу түнде тым түнек,  
Ызың қақты қызыл тал  
Тоғайда байғұз күмпілдеп.

\* \* \*

Жақсылықты сен тоспа  
Еркіндікке ұмтылма,  
Николай оны шықпасқа  
Қамаған, ол ұйқыда.

Ояту үшін: тезірек,  
Балтаны халық суғарып,  
Қайрауы керек көбірек,  
Оят сонда сен барып.

## МАЗМҰНЫ

Тарас Григорьевич Шевченко (алғы сөз). Қ. Нұрмаханов . 7

### Поэмалар

Катерина. Аударған Ә. Тәжібаев . . . . .	23
Терек. Аударған А. Тоқмағамбетов . . . . .	45
Гайдамактар. Аударған С. Мұқанов . . . . .	51
Ярема мен Оксана. Аударған С. Мұқанов . . . . .	59
Түс. Аударған Т. Жароков . . . . .	66
Батырақ қыз. Аударған А. Тоқмағамбетов . . . . .	84
Кавказ. Аударған Т. Жароков . . . . .	97
Княжна. Аударған Т. Жароков . . . . .	105
Петрусь. Аударған Т. Шопашев . . . . .	121

### Өлеңдер

«Уа, долы жел, болмайсың ғой қарысып». Аударған Ж. Нәжімеденов . . . . .	131
«Тулайды толқын теңізде». Аударған Ж. Нәжімеденов . . . . .	134
«Қиялым менің, қиялым». Аударған Қ. Көпішев . . . . .	135
«Қайтемін қара қасты құр» . . . . .	139
«Жел қияққа сыбырлап». Аударған Қ. Аманжолов . . . . .	141
«Жексембі күні оған арнап». Аударған, Ж. Нәжімеденов . . . . .	142
«Қалайша денем ауыр, неге бұлай». Аударған Т. Молдағалиев . . . . .	145
Гогольге. Аударған Т. Молдағалиев . . . . .	146
«Қызықпа байға, байлыққа». Аударған Т. Молдағалиев . . . . .	147
«Бай қызға сен үйленбе». Аударған І. Мәмбетов . . . . .	148
«Өтеді күндер». Ауд. Қ. Аманжолов . . . . .	149
«Тұрсам да Украинада, не жат жерде». Аударған Қ. Аманжолов . . . . .	152
«Даламен жүріп». Аударған Қ. Аманжолов . . . . .	153
«Туысқандық махаббат». Аударған Қ. Аманжолов . . . . .	154
Үш жыл. Аударған Т. Молдағалиев . . . . .	155
Өсиет. Аударған Ә. Тәжібаев . . . . .	159
Лилея. Аударған С. Бегалин . . . . .	160
Екі өлең. Аударған С. Бегалин . . . . .	164
Құдайдан безген. Аударған С. Бегалин . . . . .	165
Жалғызбын мен, жалғызбын. Аударған Қ. Аманжолов . . . . .	166
Үш жол. Аударған Ә. Тәжібаев . . . . .	167
Қазылған қорған. Аударған Ә. Тәжібаев . . . . .	169
«Украинада елімде». Аударған Ә. Тәжібаев . . . . .	171
Кеш. Аударған Ә. Тәжібаев . . . . .	172
«Қиялым менің, қиялым». Аударған С. Мәуленов . . . . .	173
«Жырларым-ау, жырларым». Аударған І. Мәмбетов . . . . .	174



Күн батып түн қарайған. Аударған С. Мәуленов	176
«Жат жерде күн қыздырмайды». Аударған Ә. Тәжібаев	177
«Ойланып біз, тұңғыықта қалмаймыз». Аударған С. Мәуленов	179
«Қазақ ел боп жүрген кезде сонау бір». Аударған Ш. Мұхамеджанов	180
Монах. Аударған Ш. Мұхамеджанов	182
Қаңғыбас. Аударған Қ. Көпішев	186
«Көшеде қар, жел — ақшандақ». Аударған Ш. Мұхамеджанов	192
«Ұйқыда әкем молада». Аударған Ш. Мұхамеджанов	193
«Тәңіріміздің Петрменен» Аударған Ә. Тәжібаев	195
«Тәңірім берме басқалардың жанына». Аударған С. Мәуленов	198
«Құдайым өңге көрмесін». Аударған І. Мәмбетов	199
«Бақытты ғой үйі бар жан». Аударған Ә. Тәжібаев	200
«Қандай жақсы болса үйің». Аударған Ғ. Қайырбеков	201
«Аспан тарғыл, толқын жуас». Аударған Ә. Тәжібаев.	202
«Сұр аспан толқын көсілген». Аударған Ә. Тәжібаев.	203
«Жат өлкеде қартайдым мен». Аударған Ә. Тәжібаев	204
«Дәулетті еді менің шешем». Аударған Қ. Көпішев	206
«Асыл жарым — ерімді». Аударған Қ. Көпішев	207
«Қүздігүні келбетіне құдайдың». Аударған Қ. Көпішев	208
«Күн көзінде бұлттар жүзіп барады». Аударған Ғ. Қайырбеков	210
«Болады бір кез кәрі шал». Аударған С. Мәуленов	211
«Алтынды тағдыр ұрлаған» Ауд. С. Мәуленов	213
«Өстік бір кез бір жүріп». Аударған С. Мәуленов	214
«Жел шатыры желпілдеген». Аударған Ә. Тәжібаев	216
«Дайындал! Желкен көкке өрлеп». Аударған Ш. Мұхамеджанов	217
«Айдауда санап күн-түнді». Аударған Д. Әбілев	218
«Санаймын күн мен түнді құр». Аударған І. Мәмбетов	220
«Ажырастық ән айтып». Аударған С. Мәуленов	223
«Білген болсаң, мырзалар». Аударған Қ. Бекхожин	224
«Сезбейсіңдер, бай ұлдары». Аударған Ә. Тәжібаев	227
«Тұлғасымен талдырмаш». Аударған С. Мәуленов	230
«От тұтанып, музыка ойнап». Аударған Д. Әбілев	232
«От жанып, ойнап оркестр». Аударған С. Мәуленов	233
«Жарқылдап оттар жанады». Аударған. І. Мәмбетов	234
«Сұм заман тағы оралды». Аударған І. Мәмбетов	235
Муза. Аударған Т. Молдағалиев	23
«Ауру емес сияқтымын». Аударған Ә. Тәжібаев	238
Еліктеу. Аударған Ә. Тәжібаев	239
«Беу, ой, ана, білсең шектім азап». Аударған С. Мәуленов	241
Қарындасыма. Аударған Т. Молдағалиев	242
«Адамдар! Сорлы адамдар, соқыр адам». Аударған Т. Молдағалиев	243
Ярославнаның зары. Аударған Т. Молдағалиев	244
«Сұлу қыз сүйкімді». Аударған С. Мәуленов	246
«Кездесе қалдық, үйлендік». Аударған С. Мәуленов	247
«Кездестік те үйлендік». Аударған І. Мәмбетов	247
«Өтті бастан жастық шақ». Аударған Ш. Мұхамеджанов	248
«Зар төгіп Днепр ашынып». Аударған Е. Ибраһим	249
«Жақсылықты сен тоспа». Аударған Е. Ибраһим	249

Казак сөзүгө дө.

**Шевченко Т. Г.**

**ТАҢДАМАЛЫ ШЫҒАРМАЛАР**

Алматы, Қазмемкөркемәдеббас 1961.  
253 бет. Порт. Суретті.

*Т. Г. Шевченко*

**ИЗБРАННОЕ**

(На казахском языке)

Издание Казгослитиздата — 1961.

Редактор **К. Копишев.**  
Художник **К. Христолюбов.**  
Худ. ред. **Н. Гаев.**  
Техн. редактор **С. Лепесов.**  
Корректор **А. Садыков.**

---

Сдано в набор 18/III-1961 г. Изд. № 167.  
Подп. к печ. 13/VII-1961 г. Формат 84×  
×108<sup>1</sup>/<sub>32</sub> = 7,875—13,23. (Уч.-изд. л. 11,2)  
Тираж 5000 Цена 71 коп.

---

г. Алма-Ата. Типография № 1. Главиздата  
Министерства культуры КазССР.  
Талгарская 2. Заказ. 917.

ДМШ  
ВСТ. 6690  
ЖУР-6699